



Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауынан

Ананы қорғау. Әйелдерге қамқорлық

Жаңа кезеңдегі әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ана мен баланы қорғауды жариялаймын.

Ананы қорғау. Әйелдерге үндеу

Мемлекет үшін және менің жеке өзім үшін де ананы қорғау – ерекше мәселе.

Қымбатты ханымдар!

Сіздер – отбасының, демек, мемлекеттің тірегісіздер.

Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты.

Ең алдымен, біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Олар – болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары.

Қазақстан – зайырлы мемлекет. Азаматтарды ар-ождан бостандығымен қамтамасыз ете отырып, мемлекет, дегенмен қоғамға өз бетімен біздің дәстүріміз бен заңдарымызға қайшы келетін әлдебір қоғамдық нормаларды тықпалайтын әрекеттерге өте қатаң қарсы тұратын болады.

Біз Қазақстан қыздарының сапалы білім алып, жақсы жұмысқа ие болуы және тәуелсіз болулары үшін барлық жағдайды жасауымыз қажет.

Олар банк карточкаларына ие болуға, көлік жүргізіп, қызмет жолын қалыптастыра алуға, заманға сай болуға, сәнденуге тиіс және біздерде ешқашан киілмеген, салтымызға жат киімдерге оранып-қымтанбауға тиіс. Біздің халқымыздың өз мәдениеті, өз дәстүрі мен салты бар.

Халқымыз «Қыздың жолы жіңішке» дегенге ерекше мән беріп айтады. Бойжеткеннің жолы, қыздың жолы – қылдай, оны үзуге болмайды. Бойжеткен, әйел заты әрдайым біздің қоғамның тең құқылы мүшесі, ал ана – оның ең ардақты тұлғасы болды.

Біз әйел затына – анаға, жарға, қызға деген қапысыз құрметті қайта оралтуға тиіспіз.

Біз ананы қорғап-қолдауымыз керек. Мені отбасында әйелдер мен балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсету жайттарының көбеюі алаңдатады. Әйелді құрметтемеу деген болмау керек. Бірден айтайын, ондай зорлық-зомбылықтың жолы қатаң түрде кесілуі тиіс.

Мемлекет әбден асқынған жыныстық құлдыққа, әйелге тауар ретінде қарайтын көзқарасқа айрықша қатаң түрде тыйым салуға тиіс.

Біздің елімізде толық емес отбасылар көп. Мемлекет баланы жалғыз тәрбиелеп жатқан аналарға көмектесуі керек. Біз әйелдер үшін икемді еңбек түрлерін қалыптастырып, үйде жұмыс жасауларына жағдай туғызуымыз керек. Заң, мемлекет және мен біздің ханымдарымыздың жағындамыз.

Біз бұдан әрі де елімізде әйелдердің рөлі артуы үшін барлық жағдайды жасайтын боламыз. Қазіргі замандағы қазақстандық әйел қызмет істеуге ұмтылуы керек.

Әйелдерді мемлекеттік және қоғамдық басқару ісіне белсене тартқан жөн, әсіресе, жергілікті деңгейдегі өңірлерде. Олардың бизнес ашып, оны жүргізуіне де қолайлы жағдай жасаған.

Ананы ешкім тандап алмайды



**СҰЛТАН САРТАЙҰЛЫ
САРТАЕВ**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
заң ғылымдарының
докторы, профессор,
Қазақстан ғылымына еңбегі
сінген қайраткер**

*Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Ә. Назарбаевтың
«Қазақстан-2050» Стратегия-
сы қалыптасқан мемлекеттің
жаңа саяси бағыты» атты
Қазақстан халқына Жолда-
уында әйел затына ерекше
мән берілген. Сіз соған өзіндік
көзқарасыңызды білдіріп
өтсеңіз*

- Бүгінгі күні дүние жүзінде 194 тәуелсіз мемлекеттер бар. Осы тәуелсіз 194 мемлекеттерде және оның құрамына кіретін жерлерде 7 миллиардтан астам азаматтар тұрады. Жеті миллиард азаматты дүниеге келтірген, оны мәпелеп өсірген, ақ сүтін берген біздің аналарымыз. Сондықтан да болар ерте заманнан бастап әр халық өздерінің ой-өрістері бойынша аналарды құрметтеген, сыйлаған. Айтып кетейік, қазақта мынандай сөз бар: « сенің бағың Анаңның табанының астында». Бұл деген сөз анаң сені ұрсып, қағып, еркелетіп жатса да, ол сенің - Анаң. Ананы ешкім тандап алмайды. Ананы Алланың өзі бұйырып,

осы 7 миллиард адамның Алладан берген өз аналары бар. Сондықтан бұл заманда, менің ойымша, аналардан қымбат адам жоқ. Ана деген – бұл сөздің өзі де «ана» - «ата» екеуі де 3 ғана харіптен тұрады. Сондықтан болар, аналармен қатар аталарымызды да сыйлағанымыз жөн. Аталар болмаса аналар да болмайды. Аналар болмаса аталар да болмайды. Бұл екеуі бір-біріне өте тығыз байланысты. Екеуінің іс-әрекетінің арқасында ғана дүние созылып, адамзат баласы өсіп-өркендеп келе жатыр. Міне, сондықтан әрбір тірі адам анасын да, атасын жоғары көтеріп құрметтеуі керек. Егер оның атасы мен анасы болмаса, ол бұл дүниеге келіп дүниенің қызығын көрмеген болар еді. Міне сондықтан біздің қазақ өзі ойланбаса да мүмкін кезінде осы екі түсініктің 3-3 ғана харіптен тұратындығын, табиғаттың өзі де осы екеуінің теңдігін дүниеге келгеннен бастап созылатындығын көрсеткен болар едім. Дүниедегі екеуі де қатар келетұғын дүниедегі ең қадірлі, біздің – Анамыз. Анамыз ол бүкіл дүние жүзінің анасы. Өйткені, әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді. Ол аналар біреудің анасы болып қана қойған жоқ. Бір үйдің келіні, ол бір үйдің жеңгесі, ол бір үйдің апасы болды. Бұлардың бәрі өзара тіл табыспаса халық өспеген болар еді. Туған-туысқандар арасында тіл табыстыратын, қажет десеңіз ажыратып та жіберетін әйелдер. Бірақ, әйелдер оған бармайды. Әйелдер өздерінің дүниеге келгендегі ең ардақты функциясын «аналық» деп санайды. Кейін барып, аналық дәуірі туған кезде аналықтың парызы деп өзінің туған ұлдарын, қыздарын осы дәуірге сай етіп тәрбиелеуді арман етеді. Бұл әрбір

ананың - арманы. Біреуге жұбай болудың өзі де оңай емес. Оның мінез-құлқымен қатар іс-әрекетін түсіне білуің керек. Жұбайың сенің де ой-өрісіңді байқауға міндетті. Бірақ, дегенмен әйел баласы дұрыс жолға бастайтын тең жартымыз. Қазақта бір өлең бар: «Басың алтын, маңдайың күміс болса да, әйел сені бағындырмай қоймайды. Бағындырған күнде де сені жаман жолға салмайды, балаларымыздың әкесі деп барынша күтіп-баптайды».

Тарихқа көз жүгіртсек, біздің бабаларымыз қандай дана болған. Дана болса да, сол әрбір баланы өзінің отбасының иесі етіп, бағындырып билеп отырған - әйелдер. Әйелдер мен «бимін» деп шектен шығып жатқан жоқ. Олар тек қана құрған отауымыздың шаңырағы биік болып, жұбайым мені қалай сүйіп алса, сол бойынша мені сүйіп жүрсе екен дейді. Ал, ол кісінің жұбайының да, негізінде ойлайтыны да сол болса керек. Кейде әйел жағынан болсын, еркек жағынан болсын кейде бір еркеліктің де асып кететіндей жағдай болуы мүмкін. Бірақ, осының бәрін түсіне біліп, әсіресе әйелдерге айтқан болар едім: кешірімтал болғаны дұрыс. Бұл деген сөз, ер адамдар ойларына келгендерін жасап жүрсін дегенім емес. Еркектер де кешірімтал болуы керек. Бір отбасында өскен қыз баласы, екінші бір отбасына барып үйрене қоюы да өте қиын. Өйткені ол өзге ұяның баласы, тәртібі бөтен. Ал енді сол отбасының тәртібіне көндігуі керек, тырысуы қажет. Мен ойлаймын, әрбір ер азамат өзінің сүйіп алған жарының, оның ешқандай сол отбасының беріктігін сақтаудан басқа бөтен ойы жоқ екенін түсіне білгені абзал. Бұл жағынан, әйелдердің ақыл, ой-өрістері еркектерден,



меніңше кеңірек тұратын сияқты. Өйткені, әйел баласы Алланың өзі жаратуынан бастап, ол өмірді созатындардың негізгі жағының бірі екендігін көрсетеді. Міне, сондықтан сол екі жарты қосылып бір тұтас шаңырақ көтерген кезде шаңырақты көтеріп тұрған еркектің күші мол болғанымен, әйелдердің ақыл-өрісі сол шаңырақты көтеруде еркектерден кеңірек болады. Мұның себебі, әйел баласы жаратылысынан шаңырақты ұстауға жаралған адам. Ал, ер азаматтар болса ұстап тұрған шаңырағым түсіп кетпесін, әйеліме жәрдемдесейін деген түсінікте болғаны жөн. «Мен өз отбасымды асырап, ұстап отырымын» деп міндетсінуге оның ешқандай да құқығы жоқ! Міндеті болғаныменен, отбасындағы, шаңырақ ішіндегі барлық билікті әйел затының қолына беруі керек. Әйел ақылды болса, еріменен ақылдасып, кеңесіп отырады. Міне, сондықтан жас ұрпақ қыздарға айтарым, бүгінгі заманның кейбір жағымсыз әдіттеріне еліктемей, ата-бабамыздан қалған біздің қыз балаларды тәрбиелеудегі өз үрдісін ұмытпауы қажет.

Менің атам Әлияр, Данияр, Бердияр, Құрдияр, Назарымбет 5 ағайынды болған. Сол кісілердің айтары бір еді: «Әй балаларым, ұл менен қыз өсіріп отырсындар? Менде де ұлдар болды, қыздар болды. Бірақ жалғыз қызым төрт ұлдың ортасында ерке болып бойжетті... Мен қызымды таразының бір басына қойсам, екінші басына төрт ұлымды қоямын. Сонда да қызым басып тұрады». Оны айтатын себебі, қыз баласы жатқа жаралған жан, ол әкесінің, анасының үйінде отырып қалмай, жат елге барып өз шаңырағын көтереді. Соны берік, мықтап ұстасын десеңіз барлық жақсылықты қыз баласы ата-анасының үйінде көруі керек. Қазір заман ағымына қарай жастар бір-екі баламен шектеліп

қалып отыр. Халықтың саны сол кезде өседі, егер кем дегенде төрт баладан болса. Оны мына біздің демографтар дәлелдеп отыр. Өйткені олардың да арасында өлім-жітім болады дегендей. Міне, сондықтан өмірді ары қарай создырамын, халқымыздың саны көп болсын десеңіздер молдатып дүниеге сәби алып келіңіздер. Мүмкін, сол сіздер өздеріңіздің қолдарыңызбен өмірін қиған шараналарыңыздың ішінде дарынды, өнерлі, данышпан ұл-қыздар да кетіп жатқан болар?! Оларға қиянат жасауға болмайды. Әсіресе аяғың ауыр болып қалған жағдайда, жасанды түсік арқылы іштегі шарананың өмірін қию күнәнің күнәсі!

-Қоғамда қос әйел алуға құқықтық негіз берілген бе?

-Қылмыстық Кодексте екі әйел алған адамды заң жүзінде жауапкершілікке тартпайды. Қырғыз елінде осы мәселеге байланысты арнайы талқылау болып өткен. Жиында талқыланған негізгі мәселе Заң жүзінде көп әйел алуға рұқсат берейік деген, соны заңдастыру мәселелері көтерілген болатын. Алайда жеткілікті дауыс жинай алмауының барысында бұл мәселе қараусыз қалғаны бар. Егер ер азамат шын мәнінде азамат екені рас болса, ең алдымен өзінің бәйбішесінің рұқсатын алып, екінші әйел алғаны дұрыс шығар. Ол әрбір мәдениетті ер азаматтың міндеті. Тақырыпқа байланысты бір анекдот айта кетейін: «Бір боранды күні Жұмабай деген екі әйелі бар ақсақал далада есігінің алдында отыр екен. Кетіп бара жатқан бір Мақа деген жолдасы: «ау, Жұмеке осындай боранды далада неге отырсың?» дейді. Сонда: «Ей Мақа бұл боран, боран ба? Нағыз боран анау біздің үйде болып жатыр» деген екен. Сол сияқты екі әйелінің жағдайын жасай алмаған ер азамат екі әйел алмағаны дұрыс деп ойлаймын. Екі әйел алдың ба, екеуін ешуақытта бір-бірінен кемітпеуін

қажет. Қонаққа бара қалсаң бөліп жармай екеуін де бірдей алып бар немесе екеуінде алып бармаған жөн. Әйтпегенде, айтыс-тартыс басталады. Екі әйел алған ер азамат ақылды, парасатты болуы қажет. Сонда ғана бақытты, тыныш заманда өмір сүре алады деп айтар едім.

Қорыта айтар болсам, бір немесе екі жұбайыңыз болсын, сіз өзіңіз шынайылықтың, парасаттылықтың үлгісін соларға көрсете біліңіз. Жақсы қарым-қатынас деген бірін-бірі түсінушіліктен туады. Дегенменен, мен екі әйел алушыларды жақтай да, даттай да алмаймын. Өмірге бір-ақ рет келеміз. Өзіңнің адал ниетіңмен қосылған жарыңның ойынан шықсаң, ол сенің ойыңнан шықса одан үлкен бақыт, одан үлкен парасаттылық жоқ. Сондықтан әрбір азаматтарға, әрбір келіншектерге айтарым, шаңырақ құрдың ба, сол шаңырақты биік ұстаймын десең екеуің бір-біріңменен тіл табыс! Өмір шаңырағын көтерейін деп жатқан қыздар, олар біздің аруларымыз. Арулар өздерінің арулығына тән болуы керек. Арулығын көрсете білуі шарт. Сонда ғана шаңырақтарыңыз биік, шаңырақ ішіндегі өмір тату-тәтті, ләззатты өмір болады.

Қыздар тәрбиесіне аса сезімталдықпен қарауға тиіспіз



**МЕНДИГҮЛ САҒАТҚЫЗЫ
НОҒАЙБАЕВА**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Тәрбие жұмысы және тілдерді
дамыту жөніндегі
департамент директоры**

-Қазіргі студент қыздар тәрбиесінде қандай құбылыстарға көңіл бөлінуі керек деп білесіз?

- Қазақ қоғамында, оның тарихы мен мәдениетінде қыздардың орны әрқашан жоғары болғаны белгілі. Тіпті біздің ұлттық болмысымыздағы қыздар тәрбиесі, ана мәртебесі өзіндік ерекшеліктерімен айқын көзге түседі. Бірақ, өкінішке орай, заман ағымына сәйкес орын алып отырған түрлі өзгерістер қазіргі қоғамдағы қазақ әйелінің жағдайына да өз әсерін тигізіп отыр. Әсересе, болашақ ана болатын қыз балаларымыз бұл өзгерістердің барлық оң және теріс ықпалдарына түсіп отыр. Қыз бала тәрбиесі дегенге келгенде көпшілік қауым олардың көбінесе теріс жолға түсіп, мәселен, шылым шегіп, ашық-шашық киініп т.б. келеңсіз құбылыстарға ұрынып жатқандығын баса айтады. Осындай сәттерде ойла-нып қаламын. Апыр-ай, осындай өрімдей қыздарымыздың теріс жолға түскеніне тек сол қыздар ғана кінәлі ма деген сұрақ туындайды. Сондықтан, менің пікірімше, қыздар тәрбиесіне біз аса бір сезімталдықпен, жан-жақтылықпен қарауымыз қажет сияқты. Әсіресе,

қыздар тәрбиесін түзеу үшін ер балалардың да тәрбиесін естен шығармауға тиіспіз деп есептеймін. Себебі, көп нәрсе ер адамның қыз балаға деген қарым-қатынасына байланысты. Жезөкшелік қайдан шығады, егер оған сұраныс болмаса, тастанды бала қайдан шығады, егер ол баланың «көкек әкесі» «іс бітті, қу кетті» деген қағиданы ұстанбаса? Бұл сұрақ-жауапты одан әрі жалғастыра беруге болады. Бүгінгі таңда теледидар және т.б. БАҚ беттеріне берілетін біздің белгілі азаматтардың, мәселен, ақындар, әншілер және т.б. сұхбаттарына риза боламын. Олардан «Сіздің болашақ жарыңыздың басты қасиеті қандай болуы керек?» деген сауалаға «ең бастысы, қазақтың қарапайым, иманды қызы болуы тиіс» деген жауаптарды жиі естуге болады. Қоғамда иманды, тәрбиелі, білімді қазақ қызына талап қалыптасуы тиіс.

«Ел болам десең бесігіңді түзе» деген емес пе? Сондықтан, қыз бала мен ер бала тәрбиесі қатар жүруі тиіс. Ер баланың бойында қыз балаға, анаға деген, ал өз кезегінде қыз балалардың бойында да ер адам культіне деген құрмет сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлу қажет. Студент қыздар тәрбиесі дегенде мен білім алу, материалдық және т.б. жағдайлардан бұрын олардың рухани тәрбиесінің мәселелеріне баса назар аударуымыз қажет деп есептеймін. Бұл жұмыс ұлттың ата-анадан бастап қоғамның әр мүшесінің мойынынан жүктелген міндет екендігін түсінуге тиіспіз. Соның ішінде ең бастысы кез-келген қыз бала өмірде барлық салада табысқа жете алатындығын, бірақ ең басты бақыт ана болу бақыты екендігін сәт сайын естен шығармауға тиіспіз.

- ҚазҰУ көлемінде Жолдау бағытында қандай шаралар ойластырылып жатыр?

- Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа сая-

си бағыты» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауы ел дамуының бүгінгі мен болашағын айқындап берген аса маңызды құжат. Аталған Жолдаудағы көптеген келелі мәселелердің ішіндегі ең басты ерекшелігі Елбасының ұлттың рухани болашағына зор көңіл бөлуі деп білемін. Әсіресе, ана мен бала мәселесі, соның ішінде қыздар тәрбиесіне баса назар аударып, оларды қадап-қадап атап көрсетті. Жалпы, экономика, саясат және т.б. салаларда табысқа жетудің кілті – ол ұлттық патриотизм. Себебі әр азаматтың бойында өз ұлтына, оның өткені мен болашағына деген құрмет пен нық сенім болуы тиіс. Бұл сенім – жаңа қазақстандық патриотизмнің өзегіне айналуы тиіс. Ал, «Отан отбасынан басталатындығын» ескерсек, әр қазақ шаңырағының отын түтетіп, оның керегесін кеңейтетін бүгінгі жастар – біздің қыздарымыз бен ұлдарымыз. Сондықтан, қазақ білімі мен ғылымының қарашаңырағы ҚазҰУ-да Жолдауда жүктелген міндеттерді орындау бойынша орасан зор жұмыстар қолға алынуда. Солардың ішінде ұрпақ, ұлт тәрбиесіне қатысты да тың жобалар жүзеге асырыла басталғанын атап өткім келеді. Әрине, бүгінге дейін біздің университетімізде студенттермен жұмыс жасаудың өзіндік дәстүрлері қалыптасқан әрі ұзақ жылдардан бері мол тәжірибе жинақталған. Дегенмен соңғы екі жыл көлемінде қолға алынған ҚазҰУ-дағы тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жобалық тұрғысы өзінің тиімділігімен ерекшеленген әрі тың бағыт ретінде танымал болып отыр. «Ай- Арудың» жұмысы осы жобалық тұрғының нақты көрінісі. Осындай бағыттағы тың жобалар, мәселен, «Айналанды нұрландыр», «100 кітап», «Саламатты дене мәдениеті», «ҚазҰУ – green campus» және т.б. Жолдауда қойылған міндеттерді шешуге бағытталған.

Журналистика саласында жүрген қыздардың көпшілігі филология факультетінің қыздары



КАНСЕЙІТ ӘБДЕЗҰЛЫ

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология, әдебиеттану
және әлем тілдері
факультетінің деканы

- Қансейіт ағай, әл - Фараби атындағы ҚазҰУ, оның ішінде Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті ұлт руханиятының алтын қазығы іспетті. Осы факультеттен түлеп ұшқан, тұлға боп қалыптасып өз орынын тапқан нәзік жандылар жайында айтып беріңізші...

-Біріншіден, «Ай – Ару» журналына үлкен рахмет. Себебі, жур-

нал – студенттердің өмірі туралы жақсы-жақсы тұшымды дүниелер беріп жүрген журнал. Журналдың әр саны шыққан сайын қуанамын, назар аударып отырамын. Журнал шығару ол ең бірінші олжа. Өздерінің ой пікірін, арман мұңын өздерінің істеп жатқан іс - шаралары туралы болашақта білікті маман болуы үшін қай бағытта еңбек ету керек сияқты үлкен - үлкен сауалдарға осы журнал жауап береді. Жалпы біздің факультетімізден осы уақытқа дейін жетпіс сегіз жылдың ішінде қаншама түлектер білім алып, өмір жолына аттанды. Көптеген біздің белді қыздар да бар. Көбісі қазір белді - белді басылымдарда жұмыс істеп жүр. Танылып қалған журналист қыздардың барлығының базалық білімі осы біздің филология білімі. Өзім талай рет естідім, журналистика факультетінің балаларына карағанда, филология факультетінің балаларының білімі әлдеқайда терең және соларды аса жауапты бағдарламаларға алуға тырысады. Мен оны өз әріптестерімнен көп естіп жүрмін. Мысалы, Жанат Бақыт, Есенгүл Кәп секілді ойы ұтқыр, қаламы ұшқыр журналист қыздарымызды

айтуымызға болады. Әсіресе, журналистика саласында біздің факультеттің қыздары өздерінің білім деңгейлері мен қабілеттерін көрсетіп жүр. Біздің факультеттің қыздары туралы өте жоғары пікірлер естіп жатамын. Олардың білім деңгейлері мен біліктіліктері, сабақты өту әдіс - тәсілдері жоғары бағалануда. Көкейіне келген дүниелерді қағаз бетіне төгіліп түсіру, өз ойынды еркін қорыту, жақсы ой айту, соны студенттерге жеткізу ең алғаш журналдан басталады. Сондықтан студенттердің «Ай – Ару» журналы өте беделді, танымал болатынына сенемін. Себебі, журнал бір ғана бағытта жұмыс жасамайды. Онда студенттердің шығармашылықтары мен студенттердің әлеуметтік мәселелерін көтереді және әдебиетімізде бар тарихи тұлғаларымызға да тоқталады. «Ай Ару» журналы республикалық ЖОО студенттерінің іздеп жүріп окитын журналдарының біріне айналатынына сенемін. Журнал қазір өз бағытын айқындап келеді.



Журналистика - қыз балалар үшін ауыр мамандық



ӨМІРХАН ӘБДИМАНҰЛЫ

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің деканы

- Сіз әдемі, ақылды екі қыз тәрбиелеп өсірген әкесіз. Қыз баласын жеке тұлға етіп қалыптастырудағы ықпал етуші факторлар жайында айтсаңыз.

- Қыз баланы тәрбиелеу, әрине, ең алдымен анаға байланысты. Қазір өзіңіз айтып отырғандай екі қызым өмірде өз бүршіктерін жаруда. Үлкен қызым тұрмысқа шықты, екі немереміз бар. Бірі - ұл, екіншісі - қыз. Екінші қызым Испанияда білім алуда. Ақылды ана болса қызын осы жастан өзгеше жағдайға өзі өткен өмірдің болмысына қарап, өзі өткен жолда жіберген кемшіліктер мен қателіктерін, болмаса өзі алған тәрбиенің жақсылықтарын, жамандықтарын ескере отырып тәрбиелейді. Мысалы, менің жарым (шынын айтқанда шілі артық болмас) жан - жақты. Абай айтпақшы, «Толымас адамдық» деген толық адамдық қасиетке ие. Біріншіден, мінезі сондай қылықты да, салмақты, жұмыскер, іске де тез, өзі өмірдің ситуациясына қанша қиындық болса да онша мойымайтын тұлға. Қазақтың ауылдан келген баласының өмірінің бәрі Алматыда майшелпек болған жоқ, барлығы осы Алматының төрт бұрышында тұрды. Біз де он жылдай пәтерде тұрдық. Онан

кейін алған кішкене - кішкене қуықтай, құстың ұясындай екі бөлмелі үйде тұрдық дегендей, сондай-сондай жағдайлардың бәріне түсіністікпен қарай білген жан. Екіншіден, ол кісі өте ақылды, барлық нәрсені сабырмен шешетін өте білімді. Мәскеу университетін бітірген, қазақшасы, орысшасы, ептеп немісшесі де бар. Енді ол кездерде мектепте немісше оқыдық қой. Біз балаларымызды үлкен өмірге дайындаған кезде дұрыс бағытқа лайық бағдар бере білдік. Жарым екеуіміз қыздарды гуманитарлық салаға қарай бағыттадық. Бұл оларды басқа бағытқа баруға тыйым салдық дегеніміз емес, қыздарымыз өзге салаларға аса шаппағаннан кейін қинамадық. Заманның үлгісіне қарай еңбекқорлыққа, ізденіске бейімдедік. Ең алдымен оларға «үлкенді сыйлау, үлкеннің алдын кесіп өтпеу, үлкенмен сөйлесу, көп сөйлемей, артық күлмеу» деген тәлім-тәрбиені кішкентайларынан бойларына жұқтырып отырдық. Адамның адам болмағы ең алдымен талантына, табиғаттан алғанына, Алланың бергеніне, өскен ортасына байланысты. Бұларға тілді жұқтыру, тілге бейімдеу мәселесіне басым назар аудардық. Мысалға алатын болсақ, біздің тіл белгілі ғой - қазақ, орыс, ағылшын. Ағылшынды 5 жыл оқысақ та нәтиже шығармадық дегендей, ендігі кезекте осының бәрін балаларға үйретпек болдық. Үлкен қызым бір басына жетерлік 5 тіл біледі - ағылшынша, қытайша, түрікше, қазақша, орысша, жапонша. Осы 5 тіл өзінің ана тілі сияқты. Әсіресе, қытайшасы өте керемет. Балаларды ол заманда өнерге баулу өте қиын еді. Қазіргідей кішкентай балаларға оқу үйретіп, өнер үйрететін мектептер, ұйымдар аз болды. Сонау 1-Алматыда пәтерде тұрамыз, баламызды алып №12 - қазақ мектебіне ба-

рамыз. Одан кейін балалардың жалғыз орталығы «Дворец пионеровкақа» сүйрейміз. Еш жалықпай, қайсымыздың қолымыз бос кезек-кезек таңертең сағат 6-7 де тұрып №63 балабақшаға да әкеліп тұрдық. Сонау 1 - Алматы жақта басқа балабақшаға алмайды, соған қарамастан музыкасына, өзгесіне де апардық, бірақ, өзінің таңдағаны би болды. Кәсіби деңгейдегі биші болып, Тәуелсіздікке көшіп жатқан кезімізде Түркияда өткен №16 балалар фестивалінің лауреаты атанды. Былайша қарасаңыз, соның бәрі не үшін, сол балалар болса екен деген үміт қой. Ал екінші қызымда жеңілдеу болды. О заман басқа заман, Тәуелсіздігімізді иемденіп, өзіміз де ептеп адам болып қалдық, кішкене үйіміз болып, орталыққа келдік, тағы басқа жағдайымыз да дұрысталды, сәл ептеп ғылымға араластық, атақ алдық деген сияқты адам санатына қосылған кез болды. Өнері тұрғыдан келгенде алдындағы әпкесіне еліктеп бимен айналысты, домбыра үйренді. Сол қызым осы күнде жеті тіл біледі. «Алдындағы апайың Азия тілдерін үйренді, сен Еуропа тулдерін үйрен» деп ақыл айттық. Екінші қызым ағылшын тілін ана тілінен кем білмейді десем, артық айтпаймын. Есейе келе біреуі - өзіме, екіншісі - анасына тартты. Екеуінің мінезі тым бөлек. Кішісінің кейде бізді тыңдағысы келмейтін кездері де бар. Соның бәрін баланың сана - сезіміне зақым келмейтіндей реттеп, тепе-теңдікті ұстап отырдық. Екеуін де еркіндікке тәрбиеледік, демократияның да шеңберінен шығармадық.

Қай уақыт болмасын алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа көңілі толмаған. Құнанбайдың да, Абайдың да заманы, біздің де заманымыз солай болған, сендердің де замандарың солай болады. Өмір өтпелі, өмір өзгереді, өмірмен



бірге адамның ойы, көзқарасы да құбылады. Кейде үлкендердің «Мал болмайды» деген дөрекілеу сөздерін де естіп жатамыз. Бұл дұрыс емес, жастар өз заманында өмір сүріп жатыр, олар заманында қалай жасаймын десе де өздері біледі, бірінің соңынан бірі ерген отар болмай, жеке тұлға болып қалыптасуы үшін Ләйліге Ақсақ Темірдің емес Мәжнүннің көзімен қарап кейде шеттен бақылағанымыз да жөн болар. «Біз баяғыда былай етуші едік» деу бекер-ақ... Айталық, біз студент кезімізде жаман оқыған жоқпыз, степендиямызды алып жүрсек те қосымша мал зауытта қарауыл болып істедік. Түнімен күзетіп, таңертең сабаққа келетінбіз. Қазіргі балалар ондай жұмысты істей ме? Әрине, жоқ. Неге? Олардың мүмкіндіктері зор, компьютермен жұмыс істейді, тағысы тағы бар. Ата-аналарың сіздерге «Түнімен компьютерде отырасың» деп ұрысып жатады. Біз де кезінде қатырғанбыз! (күліп) Хат танымайтын әке-шешемізді алдап «Ойбай, сабаққа дайындалып жатырмын» деп кітаптың сыртын газетпен қаптап алып, ренжиді деп ешкімнің көңіліне қарамай, жалқаудың жұмысын иемденіп түнгі үшке дейін тапжылмай алты сағат отырып кітап оқитынбыз. Қарап тұрсаңыз бұл да дұрыс емес. Осындай замананың рухымен ата-ана да, ұл да, қыз да үндесуі керек. Нақ қыз баласының заманамен үндесуі ең алдымен анасына байланысты. Ал әке өз ойын шеше арқылы жеткізіп отырады. Ықпалды факторлар дегенде мен осыларды айтар едім.

-Осы күнгі БАҚ-та қызмет етіп жүрген журналист қыздарымыздың біліктілігі туралы ойыңыз қандай?

- Бұлөрісі кең, қызық тақырып. Мен әуелде филология факультетінде оқыдым, үшінші курстан кейін Мәскеу университетінің журналистика факультетіне ауыстым. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға ұстаз болып қабылданған жылдары атақты Тауман Амандосов кафедра меңгерушісі бол-

ды. Өзі бір керемет кісі еді! Журфактың да, филфактың да 15-15 жылдан деканы болып, қазақ журналистикасының теориясын жасап, жанрларын, формаларын жан-жақты қарастырған. Барманқұлов, Қожекеев, Амандосов ағаларымыздың лекцияларын өзіміз үшін тыңдауға баратынбыз. Қызық сөйлейтін кісі еді... «Бұл журналист қыздардан журнал шықпайды, несіне әуре болып жүрсіңдер» деп қыздарға айтқанында, жазамыз-ау дейтін қыздар қалып, көбісі басқа факультетке ауысып кеткен болатын. Расымен де, бұл мамандық қыз баласы үшін өте ауыр. Әсіресе, Совет үкіметі кезінде. Ол кезде қазіргідей телефонмен ала салу, интернеттен қарай салу, сарт еткізіп материалдарын жөндеп салып, үйде отырып көп нәрсеге қол жеткізу деген жоқ. Мұның орнына совхоз, колхозға баруы керек. Біреулер бармай редакторлардың жынын келтіреді, анда жіберіп, мында жіберіп сандалып жүреді. Ал қазір заман ғажап, үйде отырып кез келген информацияға қол жеткізуге болады, тек жаза білсең болғаны. XX ғасырдың басында Нұрғали Құлжановтың жұбайы Нәзипа Құлжанова деген журналист апаларың болған. Екеуі де орысша оқыған, сүйгеніне тағдырлары қанша тосқауыл қойса да сүрінбей қосылған ғашықтар. Хәкім Абайдың 1914 жылы қайтыс болғанына 10 жыл толған кезде Семейде қазақтың руханияттық әдеби кешін ұйымдастырып, Абай туралы баяндама жасаған. «Айқап» журналына мақалаларын жариялап отырған. Мәншүк Мәметованың анасы Әмина Мәметова әрі журналист, әрі ғалым болған. «Қызыл Қазақстан» журналында қызмет жасап, Ахмет Байтұрсынұлы туралы үлкен мақала жазған. (Мақаланың аты дәл қазір есіме түспей тұр). Сол мақаласында: «Кешегі күнде Ахметтей халыққа еңбек еткен адам бар ма еді. Ахметті Чернышевскийдің орнына қояр едім. Дәл сондай ұлты үшін, азаттық үшін күрескен

адамдар, қазақтың зиялылары, қайраткерлер Ахаңның шекпенінен шыққан», - дейді...

Журналист болу – өте ауыр жұмыс, ауыр болғанмен де адамға өте бір шығармашылық шабыт беретін нәрсе. Заман жоғарыда айтқанымдай, сан түрлі өзгереді, әйел баласы жұмыс істеуіне мүмкіндік бар, бірақ, осы біздің бүгінгі журналист қыздар бұл мамандыққа көбіне еліктеумен келеді. Ахаң «Еліктеу алғашқы баспалдақта дұрыс, ары қарай адам өзінің жолын өзі табуы тиіс. Сонда біздің әдебиетіміз қалай жүруі керек, қандай еліктеуі керек дегенге, «сыншылдық рухта өрістеуі керек» дейді. Сыншылдық рух деп айтып отырғаны сыншыл реализм ғой. Қазіргі Осман Түркілерінің әдебиетінің Иран әдебиетіне еліктегені соншалық, «Осман әдебиеті Иран бағында қыдырып жүрген Түрік қызы сияқты» деген теңеуді келтіреді. Көрдіңіз бе қандай керемет теңеу?! Сол секілді бүгінгі журналист қыздарымыз еліктеп армандағандары көк жәшіктің ішінде сайрап тұру. Ох, әжесі, атасы, анасы, әкесі көріп отырса болды. Бұл салада жүргендердің тағы бір жаман жері тапсырылған материал бойынша бір нәрсе жазу керек болса, өз бетінше ізденбейді. Сұхбат алған кезде де бір сұрақты бар адамға 100 мәрте қойған болса, соны 101 болып қоюды айып көрмейді. Журналистиканың не екенін білетін, бұл мамандықтың қыр-сырын игерген адам ретінде Жұлдыз Әбділданы ерекше атай аламын. Саны көп, сапасы жоқ мамандардың азайып, осындай білікті мамандардың қатары өсетіндігіне мен сенімдімін!

**Сауалнаманы жүргізгендер:
Салтанат Балтабай
Әлия Бостанова
Қарлыға Бүйенбай**

Көп тілдік білім беру - мектеп реформасының құрамдас бөлігі



**АЯГУЛ ТӨРЕҚЫЗЫ
МИРАЗОВА**

**Алматы қаласы
Ы.Алтынсарин
атындағы №159 гимназия
директоры,
Қазақстанның Еңбек Ері**

Еліміздің жасампаздық жолын жалғастырудың басым бағыттарын белгілеп берген Елбасымыздың «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауының идеялары отандастарымыздың өмірлік мұраттарының орындалуына күн сайын үдемелі серпін беруде. Ертеңгі болашақтың игілікті де мәртебелі болатынына деген сенім азаматтық сананың қалыптасуына игі ықпал етуде. Халқымыз зор ықыласпен қабылдаған, қоғамдық ақыл-ойдың даму бағдары болып табылатын Жолдаудың стратегиялық қуаты бүгінгі қоғамымыз аясында жаңа шығармашылық ізденістерге жетелейді. Соның ішінде білім беруді дамыту қағидаттары туралы ой бөліссем деймін.

Баршаға аян әлем таныған қуатты мемлекетке айналып отырған біздің еліміз қоғамдық дамудың

жаңа әлемнің дамыған 30 елі қатарына қосылу дәуіріне аяқ басып отыр. Осы орайдан Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында білім беру саласына аса жауапты үлкен міндеттер қойылатынын атап көрсетті. «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», – деді Елбасы. «Данышпан айтса – ел айтқаны, елдің қамын жеп айтқаны» деп халқымыз бекер айтпаса керек. Елбасымыздың стратегиялық нұсқауы біздердің, яғни білім саласы қызметкерлерінің де, мақсат – мұраты болып табылады.

Әрбір іске темірқазықтай үлгі керек. Әлемдік білім технологиясы деңгейіндегі Назарбаев университеті, Назарбаев зияткерлік мектептері сондай тарихи мәнді үлгі қызметін атқаруда. Олар бүкіл елдегі білім ошақтарының дамуында бағдар болып табылады. Осы екі аралықты жақындата түсу үшін елімізде білім стандарттарының негізін және оқулықтар мазмұнын қайта жетілдіру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жедел қарқынмен жүруде. Сондай-ақ электрондық оқытуды неғұрлым тиімді енгізу, интерактивті және қашықтан оқытуды E-learning жүйесінде кеңейту тәжірибелері қалыптасуда. Орта білімнің сапасы мен бәсекеге қабілетін арттыру үшін қазақ тілін оқыту аясын кеңейту, көптілдік оқытуды енгізу мәселелері де оң шешім табуда. Бұл модернизациялауда мұғалімге ерекше көңіл бөлінуде. Мұғалімдерді қайта даярлау жүйесін түбірімен реформалау мұғалім кадрлардың мәртебесін

арттыру шаралары т.б. сол сияқты игі істердің атқарылып жатқанына куә болудамыз.

Бұл модернизациялаулардың түпкі межесі – адам капиталы сапасын арттыру. Осы мақсатта білім беруді жеке тұлғаға бағыттап, оны дамыту құралдарын кеңейту жолдары жан-жақты іздестірілуде. Соның ішінде жеке тұлғаны қалыптастыруда ана тілімен қатар шетел тілдерін меңгеру заман талабы болуда. Ол туралы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық тіл және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға кірігу тілі», – деген еді.

Көптілділік жобасы аясында Қазақстан мектептерінде арнайы құрылған сыныптарда математика - жаратылыстану пәндері ағылшын тілінде оқытылуда. Елімізде білім беруді реформалау үштілдік тұтастықты жүзеге асырудың факторына айналуда. Басқаша айтқанда, көп тілдік білім беру – мектеп реформасының құрамдас бөлігі болып отыр.

Мен мемлекеттік және тұлғалық тұрғыдан аса маңызды осы көптілдік білім беру бағытының ұтымды жүзеге асуында ойлана түсерлік жәйттерге назар аударғым келеді. Мысалы, жалпы білім беретін мектептерге математика- жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде ұсынатын оқулықтар және оқу- әдістемелік құралдарды дайындауды және жетілдіруді жеделдету қажет деп ойлаймын. Бүгінде еліміздің 20 жоғарғы оқу орнында ағылшын тілін тереңдетіп оқытатын факультеттер бар екенінен хабардармыз. Дана бабаларымыз «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл», – дейді. Міне,



осы халықтық өсиет пен үндес біздің «Үштілділік» саясатымызды жүзеге асыратын күш – ол мұғалім. Сондықтан осы бағыттағы мұғалімдер даярлауды жеделдетуді республика мектептері күтуде, яғни ағылшын тілінде пәндік білім алған ұстаздарды мектептерге жіберу қолға алынса.

Еліміздің білім саласындағы жаңа бағыттардың, жаңа өзгерістердің кәсіптік біліктілік сапасына тікелей байланысты екені аян. Бұл орайда 2012 жылдан бастап мұғалімдерді қайта даярлау мақсатында «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру жүйесі жұмыс істей бастағаны белгілі. Ол республикадағы барлық біліктілікті арттыру институттарын біріктіріп, мұғалімдерді қайта даярлау ісін мүлдем жана рельске қойды. Онда педагог кадрлар біліктілігін арттырудың үш деңгейлік жаңа білім беру бағдарламалары, жаңа оқыту технологиялары, электрондық оқытудың «e-learning» жүйесі, шетелдік озық тәжірибелер енгізілген. Мысалы, соңғы бір жылдың ішінде 7 мың мұғалім Кембридж бағдарламасы бойынша біліктілігін көтерген. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы өз жұмысында Сингапур, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания сияқты елдердің озық тәжірибелерін пайдаланады. Бұл елдердің тәжірибелерінің таңдалуына оларда да біздегідей білім жүйесінде мұғалім шешуші тұлға ретінде танылуы негіз болған.

Бұл жаңа өзгеріске сәйкес үшдеңгейлік біліктілікті арттыру жүйесінен республика ұстаздары біртіндеп қамтылуда. Олардың бәрін қамту, әрине, едәуір уақытты қажет етеді. Осыған байланысты мені бір ой мазалайды. Мұғалімдердің жалақысын арттыру шарасы олардың осы үшдеңгейлік біліктіліктен өтуіне тәуелді болып қалмаса екен деймін. Яғни еліміздің Даму стратегияларында көрсетілгендей,

мұғалімдердің еңбекақысы жеке компанияларда қызмет ететіндердің орта жалақысынан төмен болмау деңгейіне жаппай түрде жеткізу іске асса ғой шіркін. Ал үшдеңгейлік біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдер үшін белгіленген үш деңгейлік үстеме төлем сол жаппай көтерілген жалақының үстінде болса құба – құп болар еді. Сөйтіп біліктілігіне қарай үшдеңгейлік төлем жалпы нормалық өлшеуішке айналмаса екен деген тілек.

Осыған байланысты бір ұсыныс туындайды. «Өрлеу» ұлттық орталығы қолға алып жатқан бағдарламалары қазіргі күннің өзінде-ақ мұғалімдер даярлайтын факультеттерге де енгізіліп оқытылса дейміз. Сонда педагогикалық университеттердің жаңа түлектерін бес жылға дейін қайта даярлауға мәжбүр болмас едік деп ойлаймын.

Білім беру саласындағы жаңартулар тағы да бір маңызы зор іспен толығып, педагогтар қауымын үлкен үмітке бөлеп отыр.

Елбасымыздың жаңа Жолдауында көрсетілген: «Бізге оқыту әдістемелірін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн жүйелерін белсене дамыту керек» деген міндеттеменің орындалуында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы арқылы көп жұмыстар атқарылуда. Алайда бұл істе негізгі жауапкершілік мұғалімнің жеке өз басында деп ойлаймын. Қазіргі мектеп әрбір мұғалімнің ақпараттық техниканы тұтынуды біліп қана қоймай, оның мүмкіндіктерін шығармашылықпен жүзеге асыру технологиясын еркін меңгеруін талап етеді. Осыған орай республиканың барлық мектептерінде мұғалімдердің ақпараттық санасын қалыптастырып, ақпараттық біліктілігін арттыру жұмысы жана серпінмен жетілдіру қажеттігі дау туғызбаса керек. Бұның өзі әрбір мұғалімнің мемлекетіміздің

жаңа білім саясатына қосқан үні, орындаған жауабы болмақ. Өздеріңізге белгілі үстіміздегі жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылдың 7 наурызындағы «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын оқу құрал-жабдықтарымен және жиһазбен жабдықтау нормаларын бекіту туралы» бұйрығы жарияланды. Бұйрықта барлық оқу пәндері кабинеттері оқу үрдісіне қажетті қазіргі заманғы оқу құралдарымен міндетті жасақталатыны көрсетілген және олардың тізімі берілген. Мектептердің бүгінгі оқу-техникалық және әдістемелік базасы бұрынғысынан да нығайтылып, уақыт талабына сай толымдылыққа келтірілетіні көзделген. Бұл – оқушылар үшін, мұғалімдер үшін оқу-тәрбие үрдісі үшін кезек күттірмес мәселе болғандықтан, оның іске асып орындалуы созылып кетпесе екен деген тілек білдіргім келеді. Адамзат үздіксіз жаңғыртуды қажет ететін өз эволюциясын өзі айқындайтын дәуірге аяқ басып отырған уақытта біздің білім беру ісіміздегі реформалық өзгерістеріміз бен жаңа бағыттарымыз қоғамдық даму заңдылығы болып табылады. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының: «Мықты мемлекет күнкөріс саясатымен емес, жоспарлау саясатымен және ұзақ мерзімді дамуымен сипатталады», – деген Жолдаудағы дана сөзі еліміздегі білім беру жүйесін модернизациялау тәсілін де анықтап отыр. Қоғам талап етіп отырған бұл күрделі жаңартуларды жүзеге асыруда республика ұстаздары да өз күш-жігерін аямайды деп сенемін.

Ана тілің - арың бұл



АНАР САЛҚЫНБАЙ

**әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ
профессоры, филология
ғылымдарының докторы**

Ел тәуелсіздігінің ең маңызды нышаны – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тіл – тәуелсіз ұлттың мәдениеті мен рухани болмысының негізгі тірегі. Тіл – ұлттың өзіндік бейнесін анықтайтын, рухани келбетін көрсететін төлқұжаты. Ол ұлттың өзгеден ерек даралығын анықтайтын жалқы белгі. Ұлт тілі арқылы ғана халықтың өзге туыс және туыс емес халықтардан ерекше болмысы, табиғи қалпы көрініс бере алады. Алла жаратқан пенденің өзге халықтан, тілден басқа айырмашылығы шамалы. Әлемдік циклдік заңдылықтарға бағынатын адамның табиғи болмысы мен дүниетанымының арасында жақсылық пен жамандық, түн мен күн, қараңғы мен жарық, ақ пен қара ұғымдарынан тарайтын сандаған сырлы таным дүниесінің шексіз ұқсастығы бар. Ұлттардың бір-бірінен тілдік айырмашылығы олардың кеңістіктегі гармониялық бірлігін де қамтамасыз етеді. Дүниенің сұлулығы, табиғаттың кереметі – ондағы сан алуан түстердің гармониясы болуымен құнды десек, адамзаттың рухани әлемінің байлығы – әртүрлі ұлт мәдениеті мен ұлт тілдерінің гармониялы дамуымен де ерекше. Ұлт тілінің мемлекеттік тіл ретінде танылуы тіл бағының жа-

нуы, мемлекеттік тілді білу сол мемлекеттегі әрбір азаматтың азаматтық борышы саналуы тиіс. Терең тарихы бар қазақ тілінің ішкі мүмкіндігінің молдығы мен сыртқы сұқ көздерге ілінбеген мызғымас заңдылықтары тілдің ішкі дамуын саябырсытпай, даму жолында саяси кедергілерге ұшырауына қарамастан, алға жылжытуда.

Бүгінгі ұрпақ тарихи кезеңде өмір сүріп, ұлттың, елдің, жердің болашағы үшін үлкен жауапкершілік міндетін арқалап отырған ұрпақ. Ғасырлар бойы бабаларымыздың арманына айналған тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, егемендікті еншілеген ұрпақ. Олардың болашақта ұлттық дәстүр мен салт-сананы берік сақтайтын, саналы да парасатты болып өсуінің бір кілті ұстазда.

Қазіргі таңда елімізде елбасы Н.Назарбаевтың 2050 бағдарламасы орындалу үстінде, білім, ғылым туралы, тіл туралы заңдар қабылданды. Қоғамдық байлықтар, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері, мәдени дамулар – адамдардың ғасырлар бойғы дамуының нәтижесі, қоғам өмірінің тез қарқынмен дамуы сол дәуірдің шығармашылық күш-қуатына, саналылығына, ой-өрісінің кеңдігіне, қабілеті мен дарынына тікелей байланысты.

Қазақ тілі мамандары үшін де өз білімі мен білігін көтеруге, халықаралық деңгейде өз халқының жақсысы мен жайсаңын танытуға мол мүмкіндіктер туды. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап-ақ. Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ елінің болашақ дамуының басты тетігінің бірі ғылым мен білім, инновация екенін көрегендікпен танып-біліп, қазақстандық жастарды білім мен ғылымның шыңына шыққан елдерге оқу-білім жинауға жіберу үшін «Болашақ» бағдарламасын

ұйымдастырғаны көпке белгілі. Бұл бастама дарынды жастарға келешекте өздерінің жинақтаған тәжірибелерін мемлекет игілігіне пайдалану үшін, шетелде сапалы білім алуға көмектесу идеясына негізделген еді. Кейінірек, бұл бағдарлама бойынша ғалымдар да шетелде ағылшынша тіл сындырып, шетелдік оқыту тәжірибесімен алмасып, біліктілігін жетілдіріп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын халықаралық деңгейде жетілдіруге мүмкіндік алды.

Биылғы оқу жылында осындай мүмкіндік біздің де есігімізді қаққанына және университет басшылығының бағыттаушы ұйым ретінде қолдауы мен үлкен сенім білдіргеніне ризашылық білдіреміз. Біз филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Ә. Авакова екеуіміз АҚШ-та Мадисон университетінің түркітану бөлімінде классикалық филология мамандығы бойынша бір жылдық тағылымдамадан өтуге мүмкіндік алдық. Негізгі мақсат - ХХІ ғасырдағы түркітану ғылымының (қазақ тіл білімінің де) әлемдік ғылым мен мәдениеттегі орнын көрсету; АҚШ-тағы түркітану орталықтарының ғылыми бағыттарымен, ғылыми зерттеулерімен танысу; түркітанудың басты ғылыми даму парадигмаларын белгілеу; көне түбірлердің даму семантизациясын анықтау үшін ғылыми кешенді салыстырулар, салғастырулар жасау.

АҚШ-тағы тұрғылықты халықтар тілін зерттеген профессор Ә. Ахметов зерттеулерінде көптеген тілдік деректердің түпкі сипаты түркі тілдеріне жақын екенін ескерткен еді. Біз осы мақсатта жаңа ғылыми зерттеулер жасап, онтологиялық, глоттогенетикалық теориялар негізінде көне санскрит, көне латын, көне түркі т.б. тілдерінде сақталған архимағыналармен

салғастыру нәтижесінде көне түркі түбірлерінің (этимон) таңбалық және мағыналық сипатын зерделеуді мақсат етеміз.

Түркітану ғылымының әлемдік ғылымдағы орнын саралап, бүгінгі түркітану ғылымы бойынша Америкада жасалып жатқан ғылыми зерттеулермен тікелей танысып, олардың ғылыми-теориялық ерекшеліктерін, ғылыми жаңалықтарын зерделеу қажет. XX ғасырдағы кеңестік түркітану ғылымы жоғары деңгейде дамып, сала бойынша іргелі ғылыми зерттеулер бергені белгілі. Қазіргі түркітануда да осы із сақталып отыр. Жалпы түркітану ғылымында қазақ ғалымдарының да қосқан үлесі мол, мәселе соны айшықтап көрсету, түркітанушы ғалымдар зерттеулерін (М. Тома-

нов, Т. Қордабаев, Ә. Құрышжанов, А. Аманжолов, Н. Келімбетов, Қ. Өмірәлиев т.б.) шетел тілдеріне жинақтап аударып, таныстыруда болмақ.

«Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз», - деген ұлы Абай насихатын бірде бағалап, бірде бағаламай келе жатқан қазақ жұртының ғылымнан алар еншісі әлі алда деп түсініп, АҚШ-тағы түркітану орталықтарының ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттарымен танысып, әлемдік ғылымға түркітану ғылымының ғылыми-теориялық деңгейі, түркітанудың басты даму бағыттарын анықтауды басты бағыт ретінде ұстанамыз.

Қазақ тілін оқи алмай жатырмыз ба, әлде оқыта алмай жатырмыз ба деген сұрақ бүгінде әркімді маза-

лайды. Қит етсе, ағылшын тілін оқыту жүйесін үлгі етіп алдымызға көлбеу тартатынын да шындық. 10 жыл мектепте ағылшын тілін оқып, одан бакалавриат пен магистратурада оқып-тауысып та, талай ұл мен қыз ағылшын тілінде сөйлемей шығып жатқанын (кредит саны 2 есе көп болса да) көргісі келмейтіндерге өкпе артпасақ та, ағылшын тілін оқыту әдістемесін, оқудағы негізгі мотивацияны іздеп, анықтап, үйреніп, қазақ тілін оқыту жүйесіне қолдану да бір сәтке ойымыздан кетпейді. Мадисон университетіндегі тіл үйрету орталықтарының қызметімен танысып, инновациялық деп танылатын ғылыми тәжірибелерімен алмасу да көптен жоспарымызда бар дүние.

Жолдау жаңа міндеттер жүктеді



**ЖАНБЕРШИЕВА ҰЛЖАН
НАХАТҚЫЗЫ**

**Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік
университетінің филология
ғылымдарының кандида-
ты, профессор**

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жұртшылыққа арналған жолдауы Қазақстан халқына жаңа

міндеттер жүктеді. Жолдауда Қазақстанды әлемдегі дамыған мемлекеттердің санатына енгізу туралы мақсат қойылып, оған жетудің жарқын жолдары ұсынылғаны баршаға мәлім болып отыр.

Қазақстан халқына қажетті барлық сала қамтылған Жолдау ана мен бала денсаулығы басты байлық екені, ғылым мен білім, отбасы мәселелері, қазақ тілінің қолданысы тағы сол сияқты аса маңызды мәселелерге негізделген.

Халқымыздың отбасы құндылықтарына, жас ұрпақ тәрбиесіне де баса назар аударуы біз үшін аса мәртебелі игі бастама екені анық.

Ана мен бала мәселесі, олардың жетілуіне, нық қадам басына жәрдем етіп, «Балапан» бағдарламасының 2020 жылға дейін ұзартылуы қуантып отыр. Елді - мекендерде ана мен бала денсаулығын жақсарту үшін дәрігерлік қызмет көрсететін орындардың ашылуы, халыққа пайдалы іс екені анық. Сондықтан да алған асуларымыз аласармайтынына сенім мол. Елбасымыз өз сөзінде: «Қазақ пен

қазақ қазақша сөйлессін, тағы да қайталап айтамын», - дегендей болатын. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл, ол мемлекеттің қамқорлығын да алынған тіл екені баса айтылған. Сондай-ақ 2025 жылға дейін қазақ тілі әрбір қазақстандықтардың күнделікті қолданыс құралына айналуы керектігі де назардан тыс қалмаған.

Ана тілінің мәртебесін көтере отырып, басқа тілді де үйренуге, әсіресе, ағылшын тілін білуге үндеген. Ағылшын тілін білу арқылы қазақстандықтар шексіз мүмкіндіктерге жол ашады.

Басты назарға алынған Қазақстандағы білім беру жүйесінің ең жоғары деңгейлі стандартын белгілеу болса сапалы білім алу жолындағы айқын міндеттер бізге терең ой салады.

Жолдаудың маңыздылығы сонда ел тізгінін болашақта ұстайтын жастарға сапалы білім алып, ана тілін жетік меңгере отырып, өзге тілді де игеру және отбасылық құндылық жолында атқарылуға тиісті міндеттерді белгілеп берді.

Елбасының «Әйелдерге үндеуінен» шынайы аталық, әкелік қамқорлығы айрықша танылады



РАУШАН ӘБДІҚҰЛОВА

**Филология ғылымдарының
кандидаты,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі**

Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында ана мен баланы қорғауды қазіргі әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде жариялауы қоғамдық өміріміздің қай саласында да халықтың көпшілік пайызын құрайтын әйелдер қауымының ғана емес, «алып анадан туады» демекші бүкіл халқымыздың қолдауына ие болғанына көз жеткізу қиын емес. Әйел анаға, қыздарға, балаларға арнаған сөздерін жүрек жылуына орап айтады. Елбасының «Әйелдерге үндеуінен» шынайы аталық, әкелік қамқорлығы айрықша танылады. Бұрын-соңды талай айтылып келген ана мен балаға қамқорлық мәселесін шын мәнінде қолға алу қажеттігін,

осы орайда заңнамаларға өзгерістер енгізудің уақыты туғандығын баса айтады. Ана мен балаға көрсетілетін зорлық-зомбылықтардың, кемсітушіліктердің қай-қайсысын да жазалауды күшейтуді тапсырады.

Елбасы әйелдерді отбасының ғана емес, мемлекеттің тірегі деп таныта отырып: «Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты», - дейді. Анаға, әйелдер мен қыздарымызға құрмет көрсетіп, қамқорлық жасаудың, оларға «икемді еңбек түрлерін қалыптастырып, үйде жұмыс жасауларына жағдай туғызудың» түпкі мәні де ел болашағын ойлаумен ұштасатыны ақиқат.

Біз қашаннан өз дәстүр-салты мен мәдениеті бар елміз. Ананы ардақ тұтып, «қыз-қонақ» деп төрден түсірмеген елміз. «Әйелдерге үндеуінде» Президент халқымыздың қашаннан келе жатқан бұл қасиетті дәстүрін ерекше әспеттейді. Әйелдердің «сапалы білім алып, жақсы жұмысқа ие болуын» көздеп әкедей қамқорлық танытып отырған Елбасы: «Олар банк карточкаларына ие болуға, көлік жүргізіп, қызмет жолын қалыптастыра алуға, заманға сай болуға, сәнденуге тиіс және біздерде ешқашан киілмеген, салтымызға жат киімдерге оранып-қымтанбауға тиіс. Біздің халқымыздың өз мәдениеті, өз дәстүрі мен салты бар», - дейді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы қыздарымыз бен бойжеткендерімізге, еліміздегі барша әйел қауымына өз

апа-қарындастарындай бауырластықпен қарап, сырласқандай болады.

Сондай-ақ, жалғызбасты аналар мен жетім балалар жайы Елбасыны ерекше алаңдатаны да анық. Мемлекет тарапынан оларға қолдау көрсету жолдарын қарастырады. Осы тұрғыда Президент: «Мен ажырасуға қарсымын, жастарды отбасы құндылығы, ажырасудың қасірет екендігі рухында тәрбиелеу керек, өйткені оның салдарынан, ең алдымен балалар зардап шегеді», - деуі дендеп келе жатқан қоғамдық дертті дер кезінде көре білгендігі ғана емес, балаларға деген аталық алғаусыз сүйіспеншілігі, ел болашағына бейжай қарай алмайтын тынымсыз жүрегінің дүрсілін де аңғартады.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» жолдауында: «Сіздер – отбасының және мемлекеттің тірегісіздер. Бойжеткен, әйел заты әрдайым біздің қоғамның теңқұқылы мүшесі, ал ана – оның ең ардақты тұлғасы болды».

Бала тәрбиесіне әке – әкелік, ана – аналық бар күш - жігерін салу қажет



АЛТЫНАЙ ЖҮСПОВА

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті ф.ғ.к., қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының доценті

-Алтынай апай, сіз бақыттысыз ба?- деген сұрағымызға « Мен бақыттымын» дедіңіз. Бақыт деген сіздіңше не?

- Бақытты болу - отбасы құрып, нәресте сүю. Сені түсінетін, қолдайтын, демеу болатын жан сырыңның қасыңда болуы. Шаңырақтың беріктігі үшін маңыздысы таңдаған жарыңның жанының тазалығына байланысты. Әркім өз көкейіндегі арманмен үйленеді, жарының өз қалауынан шығуын күтеді. Бір-бірінің тегін, отбасын, алған тәрбиесін, мінез-құлқын білген де жеткілікті сияқты. Оның бақ-дәулетіне, жағдайына қарап жүретіндер де баршылық. Біз үйленгеннен кейін анам: «жағдайларың қалай?»,- деп сұрағанда: «Маған Алла тағала кездестірген шығар» дегенмін. Сол сөзімнен қазіргі дейін айнымаймын. Ең бастысы жүрегі таза, адамгершілігі мол. Өмірге басқаша қарауға, дұрыс ойлауға үйретті. Қазақтың қызы екенімді танытты деуге болады. Қиын жағдайларда қандай тақырыпқа байланысты бол-

са да ақылшым, көмекшім. Жайдарлы көңілмен, қалжыңмен шешеді. Отбасымыздың ұйтқысы, жақсы әке. Отбасы институтын дұрыс жолға қойып, ер азаматтарға қолдау жасап – еліміздің нұрлануына үлесімізді қосып, ардақты тұлға деген атқа лайықты болайық. Демек, отбасымызға және елімізге тірек бола білейік.

- Ер адамның бойындағы қандай қасиеттерді аса жоғары бағалайсыз?

- Маған ұнайтын қасиеттер жарымның бойынан табылды. Ең бастысы жүрегі таза, адамгершілігі мол. Кез-келген нәрсеге шыдамдылықпен, байыппен, сабырлықпен қарайды. Оған мен де сеніммен қараймын. Ешқашан болған жайды бұрмалап айтпайды. Қандай жағдай болса да мүлдем жалған сөйлемейді. Білімді, жан-жақты болуы да маңызды. Халыққа жан-тәнімен жақын адам.

- Нұрлан ағамызбен отасқаңызға 15 жылдың жүзі болыпты. Сол жылдарға біраз шегініс жасасақ . . . Таныстықтарыңыз қалай басталған еді?

- Біздің таныстығымызға қара шаңырақ, білім ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде бірге оқуымыз себеп болды. Аспирантурада қатар оқыдық.

- Сіз үйде асыл анасыз, аяулы жарсыз. Асыл жар, аяулы ана болу үшін болашақ аналарға қандай кеңес берер едіңіз?

- Сұрақтарыңыздың бірі сыйластық басым ба, әлде махаббат па болды. Сезімнің басым болуы жеткіліксіз деп ойлаймын. Әрқашан сыйластық болған жерде үйлесімділік бар шығар. Нұрланның кейбір жайларға жасаған ескертпелері маған зандай. Оны түзетуге тырысамын. Ең бастысы шыдамдылық таныту. Кейбір нәзік жандардың жарларына көңілі толмай жатады. Басқалармен салыстыра бастайды. Сондайларға таң қаласың. О баста не қарады? Адамның мінез-құлқын өзгерту мүмкін бе? Керісінше сон-

дай күйінде қабылдап, жан-жақты көмекшісі болу керек шығар деп ойлаймын. Әкем айтушы еді «еркек бас, әйел мойын» -деп. Сондықтан жан-жаққа дұрыс қарап, дұрыс бұрылу керек шығар. Береке мен бірлік болса, отбасылық өмір жемісті болады деп ойлаймын.

Еліміз бала тәрбиесіне, болашағына көп мән беруде. Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» жолдауында: «Баланы білім мен еңбекке баулу әр ата-ананың міндеті. Бар – жақсымыз балаға» - деген ұрансөз әр ата-ананың ұстанымы болу керек деген сөздерін әбден құптаймын. Мемлекет тарапынан жағдай жасалып жатыр. Бала тәрбиесіне әке – әкелік, ана – аналық бар күш - жігерін салу қажет. Бала ұрпақ жалғасы. Елімізді өркендетіп, дамытатындай деңгейде білім, тәрбие алуға бар үлесімізді қосуымыз қажет. Отбасымыздың баға жетпес қазынасы ретінде қабылдағанымыз жөн. Бір ұлым, екі қызым бар. Ұлым Ердана есіміне сай бала болса деген үміттеміз. Қазірше жеке тұлғалық мінездері қалыптасып жатқан кезең. Сондықтан көп мән беріп дамуына үлес қосудамыз.

Сондай-ақ, Елбасымыз жолдауында қыз тәрбиесіне ерекше мән берген. Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты. Ең алдымен, біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Олар – болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары. Қыз бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген дұрыс. Қызға сапалы білім беріп, қазақ қызына тән мінезді сіңіріп, қылықты да, батыл болу үшін барлық жағдайды жасауымыз қажет. Әрине әр баланың өзіне тән қабілеті мен мінездері болады. Қыздарым: Ақмарал мен Әмина әлі кішкентай. Үшеуінің мінезі үш түрлі. Кешке жұмыстан кейін жиналған уақытта әрқайсысын жеке тындап шығуға тырысамыз. Қабілеті мен мінезіндерін ескере отырып тәрбиелеу негізгі -

маңыздысы дұрыс жол.

- Көп адамдардан естіп жатамыз, құдай қосқан жарың өзіңе ұқсас болады екен. Сіздің жарыңызбен ұқсастықтарыңыз көп пе?

- Кітап оқығанды, мәдени орындарға барғанды ұнатамыз. «Сырт көз – сыншы» деген ғой халқымыз, ұқсастығымыз болатын болса, оны

өзгелерден сұрау керек шығар...

- Журналымызға айтар тілегіңіз

- Ең бастысы, қыздармыз ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрімізді жоғалтып алмай, дамыта гүлдендіре беруді үнемі басты назарларында ұстауы тиіс деп ойлаймын. Қазақ қыздарының идеясымен шыққан, берері мол, тағылымы зор басылым

болады деп ойлаймыз.

Сұхбаттасқан:

Мөлдір Қыдырбай



СӘУЛЕ ЕРЖАНОВА

Ф.ғ.д., профессор

**ҚазМемҚызПу кафедра
меңгерушісі**

Қашаннан халық өз аруларын ардақтап, аңыз, жыр ретінде бейнесін қалыптастырды. Сол аруларымыздың адал жолдары қоғамға, елге, деген адалдықтары мен парасаттылықтарын дәріптеген халқымыздың, қыз-әйел-анаға деген көзқарастары асыл құндылықтармен ұштасып жатады. Айша Бибі, Домалақ ана, Айман, Құртқа, Назым сияқты бейнелерден тек сұлулықтың ғана нышаны емес, ақылдылықтың, қиналғанда тапқырлық пен ерлігімен көзге түскен қайраттылықтың символындай қалыптасқан образдарды көресің. Сондықтан қазақ қыздарының болмысын ерекшелеп тұратын қарапайымдылық, сыпайылық, инабаттылық, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ақылдылық, имандылық сияқты қасиеттерді жоғалтпауымыз керек. Біз ата-ананы пір тұтып, тегімізді атадан, тілімізді анадан сақтаған халықпыз. «Қыз ақылды ескермес, ана үлгісін көрмесе, ұл жарылқап ас бермес, әке үлгісін көрмесе» дегендей ұлттық құндылықтармызды білу,

Адамдық негізі - әйел

оның астарын түсініп, келешекке мирас ету әрбіріміздің міндетіміз. Ұлттық құндылықтармен қанығып өсіп, қағілез мінез танытып заман ағымынан қалыспаған жастың жолы қашанда ашық. Ананы мадақтау – адамгершілікті мадақтау. Сондықтан әйел-ананы сыйлау, құрметтеу – ұрпақтардан ұласып келе жатқан ұлағатты қасиет. Шығыс әйелдерінің бойына иба-ізет қаныме, ана сүтімген сіңген. Ол ибалы бола жүріп, балалары үшін, отбасының бүтіндігі, елінің амандығы үшін өз басын қандай қиындыққа болса да салып жіберуге бар.

Бұрын орны тек отбасы мен ошақ қасы саналып келген әйелдердің бүгінгі бейнесі әмбебап механизмге құрылған дерлік. Себебі, қазіргі заман әйелі отбасы мен қоғам арасына әдемі байланыс орнатып, бәріннен гармониялық үйлесім тапқысы келеді. Астары айтпай-ақ түсінікті. Біз білетін қазіргі әйел бейнесінің қыры көп. Айталық, әйел – саясаткер, әйел – көлік жүргізуші, әйел – бала тәрбиелеуші, әйел – үй күтуші. Әйел – заңгер, әйел – экономист, әйел... Талантты, білімді әйел ешқандай тосқауылға қарамай, отбасын құрып, жанұя мен қоғамдағы орнын белгілей алады деп ойлаймын. Лауазымы жоғары әйелдер елдің мақтанышы, қоғамның айнасы болуы керек.

Әлеуметтанушылардың әйелдер арасында жүргізген зерттеу нәтижесіне қарасақ, нәзік жанды аруларымыздың 10% саясатта, қоғамдық жұмыстарда бақ сынағысы келетіндерін айтқан. Басым көпшілігі тек отбасының тіршілігімен ғана айналысқанды қалайды екен. Елдегі осындай саяси ахуалды жіті бақылап отырған

Президентіміздің жолдауында да әйелдердің қоғамдағы ролі туралы оңды пікірлері соның айғағы. Осы бағытты ұстанған әйелдердің мәселелерін көтеріп жүрген құзырлы орын, яғни Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Әйел кез-келген уақытта өзінің қоғамдағы орнын жоғалтпаған. Халықаралық аренада әйелдердің саяси көшбасшылығы уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Қоғам мен мемлекет тарапынан да нәзік жандылардың іскерлік белсенділіктері мен саяси көзқарастары жоғары бағаланып келеді.

Бүгінгі әйел билік басында ерлермен иық тірестіріп қызмет атқаруда. Қызметте де басқа қоғамдық істерде де өз орындары бар. Қазір ғылым, білім, техника, ақпарат, сауаттылық заманы. Ерлердің ісі болып есептелетін салада әйелдердің де саны артып келе жатқандығын кімге болса да мәлім. Әйел көлікті де жүргізе алады, ұшақты да басқарады. Саясат пен басқару саласында әйелдердің өз орнын табуына мүмкіншілігі жеткілікті, өйткені саясатта қара күш емес, біліктілік пен қабілеттілік қажет. Дей тұрсақта, әлемдегі озық 50 елдің қатарына кіруіміз, интеллектуалды ұлт болуымыз үшін ақылды да парасатты, қайырымды да қабілетті әйелдің алар орны ерекше. Демек, әйел білімі мен біліктілігіне, қабілетіне қарай қоғамның дамуына, экономиканың алға қарыштауына өз үлесін қосып келеді.


Бала күнімде Ұлы Отан соғысы кезінде Ұлыбританияның премьер-министрі болған Уинстон Черчилль туралы бір әңгіме естіп, таңғалып едім. Ол кісі түнде жатарда екі бірдей төсек салғызады екен. Содан алдымен біреуіне жатып ұйықтап, түннің бір уағы болғанда тұрып, екінші төсекке ауысып жатып, қалған ұйқысын сонда жалғастырады екен. Алпауыт империяны басқарған Черчилльдің осынау әдетінің сырын өзінен басқа ешкім білмеген болса керек.

АРМАН ӘЛМЕНБЕТ

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология, әдебиеттану және әлем тілдері
факультетінің түлегі,
“Қазақ әдебиеті” газетінің тілшісі




Ұлылардың ерекше мінез-құлықтары



Осындай көлденең көзге ерсі көрінгенмен, сол адамның өзіне жараса кететін ерекше мінездер мен қылықтар ақын-жазушыларда, жалпы өнер адамдарында көп кездеседі. Өрі-беріден соң, өзіміздің қазақты айтатын болсақ, ондай әпенді таланттардың басында, басқа емес, Абай тұр. Иә, кәдімгі Құнанбайдың Абайы. Бұл кісі үйіне келген қонақтың сәлемін алмайды екен және бірден шаруасын сұрайтын болыпты-мыс. Келген адам аға сұлтанның ақын баласынан жасқанып, күмілжіп, шаруасын тап сол сәтте айта алмай қалса, одан кейін оны тыңдамай қояды екен. Тағы бір әдеті, кесесіне шайын құйғызып қояды екен де, ішпей отырып алатын көрінеді. Елдің бәрі ішіп болып, дәм қайыратын уақыт болғанда барып, әбден суып қалған шайды жұта салады екен.

Сұлулығымен, сырбаздығымен танылған Сәкен Сейфуллин өзі темекі тартпаса да, үйіндегі жұмыс үстелінің үстінде шетелдік қымбат шылым жатады екен. Онысынан келген қонаққа бір тал ғана беретін әдеті болыпты. Алмаса, ренжиді. Ал егер, келген қонақ пендешілігі ұстап, екіншісін сұраса, тағы ренжіп, бермей қояды.



Бұндай «біртүрлі» мінезден біртуар жазушы Мұхтар Әуезов те құралақан емес. Әсіресе, бұл кісі мылтығын асынып алып, аңға шығуын шықса да, ештеңе атып жарытпайтыны қызық. Бұнысы әпенділік пе, әлде аңды желеу етіп, табиғатты аралап, көңіліне пейзаж тоқып қайтуға деген құштарлық па, онысы бізге беймәлім, әрине. Әйтеуір, бірде қоянға шыққанда жанындағы серіктері күйіп кетіп: «Мұха, неге атпай келе жатсыз?» – депті. Сірә, қоян осы кісіге оңтайлы жерден қашса керек. Сөйтсе, Мұхаң еш саспастан: «Қоян тура алдымнан жүгіріп өтсін де, сол кезде атам ғой», – деген екен.

Мұхаңның бұндай әпенді аңшылығы замандастарына жақсы мәлім болғанға ұқсайды. Сөзді екшеуге де, мылтықты меңзеуге де бірдей шебер жазушы Ғабәң – Ғабит Мүсірепов бірде Мұхаңмен үйрек атуға шыққан екен дейді. Содан көмектесіп жүрген әлдекімдер барып арғы беттен үркіткен кезде көлден бір топ үйрек тұп-тура қос классикке қарай ұшқан. Мұхаң, әдетінше гүрсілдетіп атуға кіріскен, үйректер болса аман-есен ұшып барады... Мұхаң олай атқан, бұлай атқан... Қалың үйрек сол беті көзден таса болған. Осыны көріп Ғабәңнің айтқаны ғой: «Мына шляпаның астында Әуезов отырғанын ақымақ үйректер қайдан білсін», – деп.



Енді тағы бірсыпыра жазушылардың елден ерек қасиеттерін айта кетсек. Естіген құлақта жазық жоқ деген, Бердібек Соқпақбаев бір орында отыра алмайтын, күйгелек адам болыпты. Барған жерінде кіріп-шығып, тыныш таппайды екен. Ал Әбіш Кекілбаевтың жастау кезінде айналасын аузына қаратып қойып, ертеңнен кешке дейін сөйлей беретін әдеті болыпты-мыс. Тыңдағандар «білмейтіні жоқ еді» деседі. Әбіш Кекілбаевтың группаласы Мұхаң – Мұхтар Мағауиннің де қатарластарынан өзгешеліктері жоқ емес. Бұл кісі елден ерек киінеді екен. Әлі ешкім кимей тұрған уақытта шалбарды басқа түсті, костюмді басқа түсті етіп киіпті. Жұрттың бәрі біркелкі киінетін социалистік заманда осылайша киініп, Пролетар көшесін бойлап, аяңдап бара жатқан Мұхаңа көлденең жұрт басқа нәсілдің адамын көргендей таңдана қарағаны анық.



Көзі тірісінде-ақ құрметке бөленген, бүгінде жастар жастанып оқып, аңыз ғып айтатын жазушылардың бірі – Оралхан Бөкей. Аңыз ғып айтатыны, сол әпенділіктері ғой баяғы. Ауылдағы қарындасымен, мүмкіндік бола тұра, телефонмен сөйлеспейді екен. Тек хат жазысады. Сондай-ақ, Алматыда жүрген ауылдас достарымен жиналып, карта ойнайтын әдеті болыпты. Жай ойнамай,



ақшаға ойнайды. Егер Орекен ұтса, ақшасын алмай қоймайды екен. Ұтылғандардың біреуі бермесе, ашуланатын көрінеді. Ал егер өзі ұтылса, ананы-мынаны сылтауратып бермей кетеді екен. Әрине, ақ көңіл жазушының бұл қылығына бола, оған карталас достарының ешбірі кінә қоймаған болса керек. Ағасына еркелеген баланың қылығы іспетті мінезге кім ренжісін.

Түйін:

Әсілінде, әпенділік кен жүректі адамнан шығатын болса керек. Жүрегінде қараулық, көкейінде қулық болған адамнан злымдықтанбасқа не күтуге болады. Бірін-бірі ренжітуінен гөрі, қуантуы көп, өкпелеуінен кешіруі тез жақсылар мен жайсаңдардың ашық – жарқын мінездеріне, аппақ көңілдеріне не жетсін.





Сұмағұл Елубай, жазушы

ЖЫРТҚЫШТАРДЫҢ ЖЫРТҚЫШЫ

Жер бетін жайлаған жыртқыштар аз емес. Азулысы бар, тырнақтысы бар, тұмсықтысы бар. Күн сайын, сағат сайын, әлді әлсізді екі бүктеп бір шайнап жатады. Оған таң қалмайсын. Өйткені солай жаратқан оларды. Бірақ жыртқыш та табиғатына Алла жазған жазмыштан ауытқымайды. Құрып кетпес үшін өз тегін сақтап өзге тектілерді ғана өлтіреді. Мысалы, аң азулысы арыстан арыстанды жемейді. Қасқыр қасқырды қырмайды. Акула акуланы ауламайды. Жер бетінде жүгірген аң, ұшқан қыс, суда жүзгеннің бәрі өз тектестерін сақтау заңының шеңберінен шықпайды. Тек, Адамға ғана заң жоқ. Судағыны сүзіп жеп, аспандағыны атып жеп, жердегіні жеп жүрген Адам ғана. Өзін –өзі қыру тек Адамға тән құбылыс. Адам ғана бірін-бірі қырады. Адам, демек, өзге тұрмақ өзін де аямайтын жыртқыш. Жер бетіндегі тіршіліктің басты жауы.

Бұндай қатыгездік Адам болмысында қалай, қайдан пайда болды? Оны о баста Алла махабатпен жаратпап па еді?! Өз рухынан үрлеп кеудесіне жан салмап па еді?! Адамға Аллаға тән даналықты қоса беріп рух иерархиясында оны періштелерден де жоғары қоймап па еді? Жер бетіне халифа етпеп пе еді? Жер патшасы! Жердегі Алла уәкілі! Ол неге қатыгездікке келгенде жайуаннан асып түсті?!

Егін шықпай қалса да, жаңбыр жаумай қалса да адамдар құрбандыққа Адам шалған. Оның іздері тарихта сайрап жатыр. Америка құрылығындағы осы сорақы салттың куәсі болып салтанатты тас қорғандар қасқайып әлі тұр. Елестетіп көріңізші! Бір пақырды құрбандыққа шалу рәсімін тамашалауға жиналған мыңғырған халық. Ұлы дүрмек мереке. Осы бір шоууды олар мүмкін жыл бойы күткен шығар. Шашыраған Адам қанын көрмей, пышақ ұшында қорылдап өлгенін көрмей бұл ел тарқамақ емес. Өйткені, бұл құрбандық олардың жыл бойы сарыла күткен салтанаты. Яғни, бір нәрсе анық. Бұл қанды шоу халыққа керек болғандықтан өміршең болған. Егер, бұндай қанды шоу қалың бұқараға қажет болмаса онда оның ғұмыры ұзақ болар ма

еді? Әрине, болмас еді. Егер, қалың халық қан көксемесе өркениетті Рим Колизейінде гладиаторлар шайқасы 4 ғасырға созылар ма еді?! Егер гладиатор жеңілген әріптесін өлтіруге қимай сәл кідіретін болса, стадион толы өркениетті халық «Өлтір!» деп шуылдайтын болған. Бұ не? Бұл біздің болмысымызда бұққан қанішерліктің атойлап бетке шығуы емес пе?! Рас, христиандық мемлекет басына келісімен бұл қанды шоу тоқтатылды. Бірақ, басқа қанды шоу - корридо тоқтамады. Ол - тірі қорғансыз бұқа байғұсты қалың көпшілік көз алдында қансыратып қинап өлтіру, еріккендердің ермегі үшін. Ермек үшін Адам баласы өзгенің жанын алғанды жақсы көреді. Сондықтан, аңшылық үшін ешкім-ешкімді сөкпейді. Керісінше, аңшылық адамдарға мақтан, мәртебе, ермек. Сондықтан, «Аңшылық» атты телеарна да күндіз-түні жұмыс істеп тұр. Күн сайын телеэкран алдында отырған мың-миллион көпшілік қарулы аңшы панасыз, қорғансыз аңды қалай қуып жүріп ермек үшін атып өлтіргенін тамашалайды. Содан ішінде жаста бар, жасамыс та бар, көрермен болмаған ләззат алады. Демек, тірі жанды өлтіру аңшы үшін де, көрермен үшін де ермек. Аң деген де, Адам сияқты Алланың өмір үшін жаратқан тірлік иесі екенін біз біржола ұмытқанбыз. Егер, адамдарды да осылай дамыған өзгепланеталықтар келіп осылай аңдай қуып жүріп өлтіре бастаса, сонда ғана біз, тілі жоқ қорғансыз аңдардың қайғы-қасіретін түсінер едік деп ойлаймын. Экран арқылы бүгінде миллиардтаған адамзат сондай-ақ Адамды Адам қалай қырқып атып жатқанын да бейжай тамашалап отырады. Бұрынғының жабайылары жиналып біреуді өлтіруді тамашалайтын болса, бүгінгі өркениеттілері біреудің заманауи қарумен адамдарды топ-тобымен шыбынша қырып жатқанын рахаттанып тамашалайды. Экранға қарап отырсаңыз Адам өлтіру еріккеннің ермегі сияқты. Сонда әлемдік экран жастарды Адамды ермек үшін өлтіруге тәрбиелеп жатыр емес пе?! Террорист қайдан шығады деп несіне таң қаламыз.

Алла Адамды күнә, қылмыстан аулақ болуды үнемі ескертумен болыпты. Жер бетіне ескертуші пайғамбарлар жіберіпті. Және сол пайғамбарлардың тарих сахнасына шығуы Адам қауымындағы қылмыстың шектен шыққан кезіне дәл келеді екен. Оның мысалын киелі кітаптардан кездестіреміз. Жабайылық Ыбырайым пайғамбар тұсында да жаман болды. Сондықтан да Жаратқан Ие Ыбырайымның немере інісі Лұт пайғамбардың қауымын күкіртті таспен қырды. Өйткені оның қауымының еркектері де, әйелдері де бұзылған еді. Еркектері түгел қызтекелікпен айналысты. Әйелдері одан да өтті. Лұттың қыздары әкесін мас қылып қойынына жатты. Адамды Құдай жолына құрбандыққа шалу тоқтату үшін Аллатағала Ыбырайымды сынаққа салды. Кәртайғанда көрген ұлын Құдай жолына құрбандыққа шалуды сұрады. Ыбырайым баласын құрбандыққа шалмақшы болғанда періштелер келіп оның қолын қақты. Пайғамбарды ауыр қылмыстан арашалады. Жаратқан Ие Ыбырайымға көкпен көк қошқар түсірді. Осы мысал арқылы құрбандыққа Адам шалудың ауыр қылмыс екенін дәлелдеді. Таурат, Құран бойынша Перғауын өз қоластындағы Бани-Израйыл халқын қорлауда шектен шығады. Бани-Израйыл балаларын өлтіре бастайды. Осы тұста Бани – Израйыл қауымында жаңа туған нәресте Мұсаға Аллатағала пайғамбарлық түсірді. Құдайдан безген Перғауынға қарсы салды. Алланың қолдауымен Мұса Перғауынды әскерімен суға батырды. Бани-Израйыл халқын құлдықтан азат етті. Алла қашанда жапа шегушілермен бірге. Құдайсыз, озбыршыл, шектен шыққан Рим империясына қарсы тұрар күш жоқ кезде Құдайтағала Иса алейссаламға пайғамбарлық түсірді. Дүниені тітіреткен дүлей күш Рим империясына Иса қарсы тұрды. Империя жеңді. Бірақ, Иса әкелген дін ақыры империяны жеңді.

Жер бетіне ақырғы пайғамбар келер тұста да араб әлемі дүлей қараңғылық құшағында еді. Өз баласын өзі өлтіретін арабтардың жабайылығы Адам тұрмақ Алланы шошытты.

Қараңыз! Күн астында күйіп жатқан қызылқия құм. Сол құм арасына таман сүп-сүйкімді шашы желбіреген қыз баласын көтеріп құдайсыз әке кетіп барады. Үйде аңырап анасы қалды. Бірақ, құдайсыз әкенің құлағы керең. Ана зарын естімейді.

Қаңсыған құм арасындағы зират басына келді. Кішкентай бір жапырақ қыз баласын қолдан түсірді. Нәресте болса әкеден жамандық күтпей жәутең-жәутең қарап қояды. Әке қолына күрек алды. Жерден шұқыр қазды. Топырағын бұрқылдатып жатыр. Үн-түнсіз шапшаң қимылдайды. Қыз бала әлденеге әке қабағынан тіксінеді. Өйткені әке бүгін бұған бір ауыз жылы сөз айтқан емес. Түнерген түрі адам

шошырлық. Сәби жүрегі белгісіз жамандықты сезгендей. Бірақ, әлі де әкеден жамандық күтпей үн-түнсіз монтиып отыр. Әке қабағы әлі қарс жабулы. Бала жүрегі содан секем алады. Кенет, әкенің қарулы шенгелі бұны қарынан қармап көтеріп алды. Нәресте сонда шонып әке көзіне жалт қарады. Бірақ, әке жанарын жасырып бұған тура қарар емес. Сөйткенше, қатыгез әке қолы бұны үңірейген шұқыр ішіне тастап кеп жіберді. Баланың зәр-иманы тас төбесінен шықты. Шырылдап қоя берді. Бақырып-шақырып қолын тарбитып шұқырдан шыққысы келіп сыртқа ұмтылды. Қос қолын тарбитып әкесіне созды. Бірақ әке оның қолынан көтеріп алмады. Адам танымастай өзгерген қатал әке жылап тұрған бұның бетіне күрекпен ауыр топырақ лақтырды. Байғұс сәби басына түскен топырақтан етбеттей құлады. Шыңғырған үнін топырақ өшірді. Желкесіне тағы да ауыр топырақ жауып кетті. Нәресте сонда да жанұшырып тыпырлап жатыр. Қақалып-шашалып. Топырақ үйіле берді. Мола үстін топырақпен үйіп бола беріп қатыгез әке күрегін тастай сала иен даланы бетке алып тұра қашты. Өң жоқ, түс жоқ өлік бейнелі әке далақтап ызғып барады. Әрі-беріден кейін қыпқызыл құмды құшақтай құлады. Құм құшақтап өкіріп кеп жылады әке.

Жербетіне Алланыңәмірімен Жебірейіл түсті. Ауыр қылмысқа батқан араб тайпаларының арасынан пайғамбар таңдады. Мұхаммедті таңдады. Алланың аянын жеткізді оған. Мұхаммед (а.с.) көпір халықты дінисламға шақырды. Көпірлер оған тас жаудырды. Шабуылдады. Мұсылмандар қорғануға мәжбүр болды. Жабайылық пен жарық қан майданда қақтығысты. Жарық қараңғылықты жеңді. Бала өлтіру сап тиылып, арабтар небары 23 жыл ішінде Құдайдан қорқатын иманды халыққа айналды. Алайда, адамзат үшін ақырғы пайғамбар жеткізген ақиқат та аз болғандай. Адамның Адамды қыруы бәрібір тоқтамады. Адамзаттың басым көпшілігі пайғамбарлар нұсқаған Алланың ақ жолын мансұқ етті. «Әр кемелге бір зауал боларын» ұмытты. XX-ғасыр осыны көрсетті.

Құран: «Қиямет сағаты жақын қалды» дейді. (Қамар сүресі)

Уинстон Чечилл: «Человек может истребить род людской и разрушить цивилизацию. На сверкающих крыльях науки может вернуться каменный век. Будьте бдительный! Быть может времени осталось мало.» (Фултонская речь)

Биғаң

(Әңгіме)



әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология, әдебиеттану және әлем тілдері
факультетінің 2 -курс студенті

...Бұ кісі О. Бөкейдің Биғасына ұқсамайды... Жо-жоқ, тек оған ғана емес, бізге де ұқсамайтын. Мұны оқып көзіңізге бір «құбыжықты» елестетіп отырған жоқпысыз, әйтеуір?.. Ол да кәдімгі адам. Біз секілді. Өзгешелігі де бар еді. Көзге ұрып тұратын. Сол өзгешелігін, өзгешелігінің сырын ешкім, тіпті ешкім ұға алған жоқ. Оны түсінбегендердің қатарына жатсам да, көпшілігі кемшілік деп есептегендері маған артықшылық болып көрінетін...

Биғаң... осы атауымды өзі есітер болса, білмеймін тіпті, мәңгілікке құлдық ұрып өтетін шығар. Өйткені, бүкіл ауыл адамдары оны Бектіғали дейтін (Азан шақырылып қойылған есімі сол-ау...). Тек қана Бектіғали. Есімінің соңынан «қайным», «інім», «бауырым», «аға», «көке», «тәте», «жезде» деген сөздер тіркеспейтін. Үлкенге де, кішіге де – Бектіғали. Бітті.

Өзі ұзын бойлы, арықша келген кісі болатын. Қолында таяғы жоқ кезін көрген емеспін. Аяғында еш кемістік жоқ болса да (әлде, біз бейхабар ма екенбіз?) тастамайтын. Қадамы нық. Кеудесін тік көтеріп жүргенде көз алдыға француздың джентельмендері келеді. Тек үстіне ілген жұпыны киімі: тозығы әбден жеткен, түсі оңып, іріп тұрған көйлек, бірнеше жерінен жамалған қырсыз, бұрынғы қара, қазіргі қоңыр шалбары мен сыры түсіп, ұшы кертілген таяғы оның джентельмендерге еш қатысы жоқ екенін айқындағандай. Ал жүзіне қарасаңыз... бетіндегі мәнсіздікті шырадай жанып тұрған от-жанары жойып жібереді.

Бала кезіміз... Ешкімде шаруасы жоқ, өзімен-өзі анда-мұнда жүре беретін Биғаңнан себепсіз қорқушы ек. Ойнап жүргенде алыстан қарасы шалынса қуыс-қуысқа кіріп кететінбіз. Кейде ойын қызығына беріліп, дәл жанымызға келіп қалғанын бір-ақ байқаймыз. Ондайда біріміз икемге келмей сіресіп, біріміз еңіреп жылап, енді бір жылпос, ұшқалақтарымыз шаңдатып зытып бара жатамыз. Ал, ол бізге тіпті де мән бермейді. Таяғын тық-тық еткізіп өтіп кетеді. Бізге тиіспейтініне, зияны жоқтығына талай рет көз жеткізіп, куә болсақ та қорқамыз, сосын тағы қашамыз жан-жаққа бытырай. Әлі тілі шығып үлгермеген баланы жұбату үшін «Бектіғали әкетеді!» десең сап тиялатын...

Ауылдың әдеті ғой – Ол жайлы пайымдаулар да жеткілікті еді. Біреулер айтатын:

«...Бектіғали сабақты өте мықты оқыпты. Мектепті де, жоғарғы оқу орнын да қызыл дипломмен бітіріпті. Бірақ, бір төбелес кезінде басынан қатты соққы тиіп, содан жынды болып қалыпты.»

Енді біреулер айтатын:

«...Иә, керемет оқыған. Тек төбелес кезінде емес, әдейі ұрған екен көре алмағандар!».
Үшіншілер:

«...Жоқ, ұрмаған. Жатақхананың жоғарғы қабатынан құлатып жіберген.» Өзге біреулері былай дейтін:

«...Ол әдейі осылай істейді екен. Ешқандай да жынды емес көрінеді»...

Бұларлардың қайсысының шын, қайсысының өтірік екенін анық білмеймін. Бірақ, бір білерім – оның зейіні керемет, есте сақтау қабілеті тамаша еді.

Шіліңгір шілденің кезі. Ми қайнатар аптапқа қарамастан шаңқай түсте шақырайған күнге күйіп жүгіріп жүрміз. «Күнге қақталмай ұйықтаңдар. Тұрғасын-ақ ойнайсыңдар. Ойын ешқайда қашпайды!» - дейтін әке-шешеміздің өздерін ұйықтатып, терезеден қашып кеткенбіз күндегі әдет бойынша.

Қаладан ағам келген. Өзі қатарлар жиылып, 3-4 адам үлкен қара талдың көлеңкесінде шахмат ойнап отыр. Ағам өте жақсы ойнайды. Бірнеше жарыстарда бақ сынаған. Құрмет грамоталары да жоқ емес. Олардың ойындарына қарайтын біз бе, мына жақта өзіміздің «базарымыз» қызып жатқанда. Кейде добымыз солай қарай ұшып кетеді. Бірінің басына ұрылса да үндеместен қайта өзімізге қайтарады. Ал абайсызда тақтадағы фигураларға тиіп кетсе, ойынымыздың тас-талқанын шығарып, үйді-үйімізге қуып тығады.

Осы қызған шақтың шырқын «Бектіғали келе жатыр!» деген ащы дауыс бұзды. Бірімізді біріміз итеріп, қағып-соғып тығылатын жер іздеп кеттік. Мен жүгіріп келіп, шахмат ойнап отырған ағам арқамды сүйеп отыра қалдым. Бұрындары ешкім таба алмайтын қуысқа тығылсам да, «көріп қояды» деген ойдан арыла алмаушы ем. Бұл жолы



қорғанышым бар дедім бе, тасада отырғаным болмаса бойымда түк қорқыныш жоқ. Қол созым жердегі енді өсіп келе жатқан қоразталдан екі «қоразды» алып алып, «төбелестіріп» отырдым.

- О, Ассалаумағалейкум! – деп, өре түрегелген ағамдар «кімге амандасып жатыр екен?» - деп қарай қалсам... иә, дәл өзі! Сол Бектіғали үнемі жүретін түзу жолынан қиғаштай бұрылып бізге, жоқ, маған қарай келе жатыр! «Мені көріп қойды! Енді ұстап алады!..»

Біз оның адам жейтіні, өлтіретіні, болмаса ұратыны жайлы ештеңе естімегенбіз. Ұстап алған күннің өзінде не істейтінінен бейхабармыз. Әйтеуір бар ойымыз – ұсталмау.

Бейқам отырып қапелімде мұндайды күтпеген мен тіл-ауыздан қалдым. Тұра жүгірейін десем, екі аяғымда жан жоқ секілді. Бірақ, оның менде шаруасы болмады. Сол жердегі үлкендермен қол алысып амандасты да, маған қарап:

- Сұлу қыз, қалайсың? – деді. Болды. Менің өзінен қорқып тұрғанымды да білмейтін сияқты. Бектіғали мен ағам екеуі ойынды бастап кетті.

- Қалай, бұрынғыдан жақсы ойнайсың ба? – дейді ағама!

- Өткенде коллективтің атынан облыстық жарысқа қатысып, 2-орын алдым...

- Әй, жарыстарың бар болсын!.. Жүр одан да...

Біраз уақыт өткенде Ол жеңді де:

- Наша-ар!.. – деп тұрып кетіп қалды.

- Мына қор жүрісін-ай!.. – деді біреу соңынан.

«МЫНА ҚОР ЖҮРІСІН-АЙ!!!»

Содан бастап мен одан қорықпайтын болдым. Жоқ, аздап қорқам. Бірақ өзімді ұстай алам. Ол кезде біз үшін адамдардың екі түрі ғана бар еді ғой: жақсы адам, сосын жаман адам. Мен оның жақсы адам екеніне сендім. Ойымның оқыс әрі түбегейлі өзгеруіне дәл не түрткі болғаны өзіме де беймәлім әлі күнге...

Ойынымыз жалғаса берді. Бектіғали көрінсе қашу да бұрынғыша. Тек, мен қашпаймын. Көз ұшында көрінгеннен таса болғанша қарап, сансыз-сансыз сұрақтар басымды шырмап алатын: «Неге?.. Неге?.. Неге?..». Сол сансыз сұрақтың 1-2-не ғана жауап тапқан шығармын осы кезге дейін. Оның өзі толық емес. Ал, қалғандарына... білмеймін... кім жауап бере алады?..

Достарым аң-таң.

- Асылзат, сен қалай қорықпай тұрдың?

- Шынымен қорықпайсың ба?

- Дәл қасыңа келсе де ме?

- Ұстап алса, қайтесің?

Балалықтың бейкүнә, қулық-сұмдықтан ада, аңғал сұрақтары ғой...

Тағы бір осындай сәтте, Ол бұрылып менің жаныма келіп, маңдайымнан сипады.

- ...Ақылыңнан сенің!.. Ағаң келмеді ме?

Басымды шайқадым. Үндеместен тұрды да

жөнімен кете берді. Қуыс-қуыстағылар топырлап шығып, мені қоршап алды.

- Не айтты?

- Қорқытты ма?

- Ұрысқан жоқ па?

- Жаңа басыңнан ұрды ма?

- Не айтқанын түсіндің бе?

- Жыңдылар да кәдімгі біз сияқты сөйлей ме екен?

- Ол жыңды емес! – дедім.

Енді достарым менен қорқатынды шығарды. Дәл Бектіғалидан қорыққандай қашпайды, әрине. Үйге «Ойнайсың ба?» деп келмейді. Жақсы ойыншы болсам да, «Біздің топқа бол!» деп таласпайтын болды...

Өздері мен жайлы былай айтады екен:

- Бектіғали сиқырлап алған...

- Ол да үлкен болғанда Бектіғали сияқты жыңды болады екен...

Енді ойласам, көбі түсіне бермейтін қиялилық менде сол шақтың өзінде болған екен-ау...

Көктемнің күлімдеген күндерінің бірі болатын. Ыстық күн алаулаған будақ-будақ бұлттардың арасына жасырынып, жер бетін жанға жайлы жұқа көлеңкеге бөлеп тұрған. Мектептен төменгі ауылда тұратын алты қыз келеміз. Алтауымыз бір сыныпта оқимыз. Руымыз да бір. Енді 1-2 аптада оқу жылы аяқталмақ. Қимамаймыз. Мектепті емес, апайымызды. Бастауышпен қоштасамыз. Сосын ұстазымыз зейнетке шықпақ. Әңгімеміз сол жайлы. Біз жаяу жүргіншілер жолы – тротуарда келе жатқанбыз. Оған параллель, 5-6 метр қашықтықта мәшинелер жүретін жол. Сол жолда Бектіғали келеді екен. Байқамаған едік:

- Балапандар! – дегенге жалт қарастық, - сол жерге отыра қалыңдар...

Біз түсінбей бір-бірімізге қараймыз. Сосын тізіліп жол жиегіне тізе бүктік. Ол мәшине жолдың біз жақ шетінде. Жақындасам қорқытып алам деді ме, орнында тұрып, Қазақ, тек жайынан бастап бірталай дүниені ашты. Майда, жеңіл тілмен бізге өте ұғынықты етіп көрсетті. Сонда отырған алтауымыздың бір-бірімізге қаншалықты жақын аталас екенімізді айтты. Сөздері өте сауатты. Жеті атамды білгеніммен, Биғаңнан естіген көп нәрседен бейхабар екем. Таң қалғаным – ол тұрмақ, дені саулардың өзі біздердің кімнің бала-шағасы екенімізді білмейді ғой. Ал, Ол... үлкендерден кейінірек естуім бойынша, бүкіл ауылды солай жатқа айтып бере алатын көрінеді! Ондай шежірешілер тым-тым аз қалды ғой...

Кейін, әйтеуір, бір құдіреттің күшімен, Одан ешкім қорықпайтын болды. Ойымыз бел ортасынан үзілмеді. Келе қалса жамырап амандасамыз. Ол сәлемімізді тек басын изеп қана алып, бізге беймәлім бағытымен кете беретін...

Оның жыңды еместерге қарағанда дені сау екенін білдік. Бәрі білді. Сонда да «жыңды» болып жүре берді... «жыңды» болып өмірден өтті...

ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ

Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, Қазақ және Қырғыз Республикаларының ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, профессор Қабдолов Зейнолла Қабдолұлы 1927 жылы 12 желтоқсанда Атырау облысында дүниеге келген.

З.Қабдоловтың осындай қоғамдық жауапты қызметтер атқара жүріп, қазақ әдебиетін өркендетуге, жас таланттарды тәрбиелеуге қосқан үлесі ұшан теңіз. Жазушының қаламынан туған “Ұшқын”, “Жалын”, “Менің Әуезовім” романдары әдебиетіміздің алтын қорынан орын алған туындылар болды. Республика сахналарында кеңінен қойылған “Сөнбейтін от” драмасы, “Адам”, “Сыр” атты очерктер жинақтары кезінде әдеби сыннан да, қалың жұртшылықтан да жоғары бағасын алды.

Жазушының “Менің Әуезовім” романы 1998 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

З.Қабдолов көркем аударма саласында аса жемісті еңбек етіп, А.Пушкин мен Н.Гогольдің бірсыпыра шығармаларын, Л.Кассиль, В.Добровольский, В.Закруткиннің романдарын, А.Островскийдің “Ұшынған ақша”, М.Горькийдің “Күн перзенттері”, Н.Хикметтің “Елеусіз қалған есіл ер” шығармаларын шеберлікпен тәржімеледі. Өзінің де шығармалары көптеген шет тілдеріне аударылды.

З.Қабдоловтың Отан алдындағы елеулі еңбегі жоғары бағаланып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен, “Құрмет Белгісі”, Халықтар достығы, “Парасат” ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталды. ВЦСПС пен КСРО Жазушылар одағы сыйлықтарының, Ұлттық Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Бірінші дәрежелі сыйлығының, Қазақ ПЕН-клубы сыйлығының лауреаты болды.

Ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаздың “Әдебиет теориясының негіздері” атты монографиялық зерттеуі отыз жылдан астам уақыттан бері сөз өнерінің сыры туралы қолдан түспес оқулыққа айналды. Дуалы ауыз сөз зергері, ел ағасы З.Қабдолов айтқан өнегелі уағыздар ұлтты елдік пен бірлікке үндейді. Қазақ қауымының рухани өмірінде азаматтық пен кісіліктің, кішілік пен зиялылықтың орасан үлгісі бола білген осынау аяулы тұлғаның ардақты бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады.

Зейнолла Қабдолов - сексен жылға жуық ғұмырында тек жақсының жақсылығын асырып, жаманның жамандығын жасырып, жұртқа жылы сөзін ғана арнаумен өткен адам. Сұлу сөзбен сурет салып, саналыға сәуле құйған Зекеңнің бүкіл болмыс-бітімі осы күнделіктен де айқын көрінеді. Қазіргі күні қазақ әдебиет тарихында аттары алтын әріппен жазылған адамдардың осыдан жарты ғасыр бұрынғы бейнелерін көз алдыңызға елестеткіңіз келсе, Зекеңнің 1958 жылы жазылған осы күнделігіне назар салыңыз:

1958 жыл. 13.IV

Ұяттың да неше түрі бар-ау!..

Қызылжардан келетін пойызды күттік: Лекең келуші еді.

Лекеңді шексіз сағынып жүрдім. Кейде жалғыз отырып ойлаймын, жүрегім елжіреп кетеді. Ұлы адам ғой! Бүгінгі Шоқан сол кісі. Осындай бір он қазақ болып, оны да өз орындарында жүрсе, халық ұлылығын танытар еді, өмір рақатқа айналар еді.

Бұл – біреу. Мұның өзі де орнында емес. Аяйсың!..

Вокзалға бара жатқан жолда Әбдіжәміл айтты:

– Лекеңді екеуміз бас салып сүйелік.

Бұл менің арманым еді.

Лекең түсті, балаларын сүйді.

Содан соң маған кездесті. Мен бірден бетіне ұмтылдым. Ол тез сүйді де, ілгері басты. Мен бір сүйдім, оған шөлім қанбағандай және бір-екі жабыстым. Жүрегім дүрсілдеп кетті. Қуанғаным сондай, жылағым келді. Әрең ажырадым...

Әбдіжәміл екеумізден басқа және бір үш кісі бар еді: Бөлебай, Райхан, Қайнекей. Бұлар жай ғана қол алысты. Соңғы кезек Әбдіжәмілдікі еді, бұл да баяу қол беріп, шегініп кетті. Кенет, сезімім су сепкендей басылды. “Әбеңнің уәдесі қайда?” – деп ойладым. Қайнекейдің жүзі мұздай екен: маған “сенікі не жәдігөйлік” деп тұрғандай, көзілдірігінің астын ағараң-ағараң еткізеді. Бетімнен отым шықты. Көңілімде шылау жоқ еді ғой, олла да шыным, бар пейіліммен құлап едім. Соным енді өзіме жат көріне бастады. Жұрттың мысқылына азық болдым ба, қайттім? Не істеп алдым? Не деген ұстамсыздық? Ендігі ұятымда шек жоқ еді...





ТҮРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ



Тұрсынбек Кәкішұлы - 1927 жылы 15 тамызда Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Берлі аулында туған. Әдебиет зерттеуші. Филология ғылымының докторы (1972), профессор (1973), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1979). Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін (1950), Қазақ КСР ҒА Тіл және әдебиет институтының аспирантурасын бітірген (1960). 1944–1945 жылдары Ақмола облыстық Қазақ драма театрының актері,

«Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінде бөлім меңгеруші, 1950 – 1958 жылдары Партия тарихы институтында кіші ғылыми қызметкер, 1960-1968 жылдары Қазақ КСР ҒА-ның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер. 1968 жылдан КазМУ-де аға оқытушы, доцент, профессор, филологияның сырттай (1978-1985), күндізгі (1985-1986) факультеттерінің деканы, көп жыл осы университеттік, филология факультетінде «Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны» кафедрасының меңгерушісі болған. Қазір осы университеттің профессоры.

Қазақ әдеби сынының даму жолдары, жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің, оның көрнекті өкілдерінің шығармашылықтары хақында ғылыми ізденістер жасап, өкімді еңбек етіп келеді. «Қазақ әдебиетінің тарихы» (3-т., 1 – 2-кіт., 1967), «Қазақ совет әдебиетінің тарихы» (1970, Мәскеу, орыс тілінде), т.б. іргелі еңбектерді даярлап, жазысуға қатысты. С. Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізді: «Сәкен Сейфуллин» (1967), «Қызыл сұңқар» (1968), «Сәкен Сейфуллин» (Мәскеу, ЖЗЛ, 1972, орыс тілінде), «Сәкен Сейфуллин» (1976), «Сәкен және Гүлбаһрам» (1994), «Сәкеннің соты» (1994), «Сәкен Сейфуллин» (1997), «Таржол, тайғақ кешудің тағдыры» (К.Ахметовамен бірге, 1997), «Сәкен сүйген сұлулар» (1997), «Маржан-Сәкен» (2000), «Сәкен аялаған арулар» (2003) деген он шақты кітап жазды.

Қазақ әдебиеті сынының тарихын зерттеп, «Сын сапары» (1971), «Оңаша отау» (1982), «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» монографияларын жазды. Соңғы еңбегі жоғары оқу орындарында оқулық ретінде қолданылып келеді. «Үштасқан үш өзенмен» (1978), «Жол үстінде 80 күн» (1983), «Садақ» (1986), «Жасампаз өлке» (1989), «Сандалбай садақ» (2002) сияқты ғылыми-көпшілік кітаптары қазақ халқының әдеби-мәдени мұраларын іздестіру барысында өмірге келді. «Санадағы жаралар» (1992), «Ескірмейді естелік» (1994), «Кер заманның кереғар ойлары» (1995) жинақтары, «Мағжан-Сәкен» ғылыми эссесі (1999), «Сәбең әлемі» (2000), «Сайыс» (2001), «Мерей» (2002) кітаптары жарық көрген. Сәкен шығармаларының көп томдығының құрастырушысы (10 томы шықты).

Қазақстан Жазушылар одағының С.Сейфуллин атындағы сыйлығының иегері. Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының құрметті академигі, Халықаралық Айтматов академиясының академигі. «Парасат» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Мінезді адам

Т.Кәкішұлы МІНЕЗДІ адам. Бұл - «қыныр, кесір» дегенге сыймайды. Мінезді болғандығы сол, 1988 жылы ҰҒА-ның академиктік сайлауына түсерінен үш күн бұрын өзіне жақтап дауыс беретін үш академикке қалалық басшылар мен ғалымдар қатысқан жиналыста қарсы сөйлейді. Өйткені, жиналыста енді ғана ақталып, аттары ауызға ілініп жатқан алашордашылар жайында «әлі де болса оқулықтарға енгізбеу керек, олардың коммунизмге қарсы болғанын ұмытпау керек» дейтін пікірлер айтылыпты. Атағы зор ғалымдардың әлгіндей қателігін дер кезінде түзеткісі келген Кәкішұлы: «Құрметті ғалымдар! Сіздер осы сөздеріңіз арқылы тұтас бір елдің ертеңіне балта шабатындарыңызды білесіздер ме?» - депті. Өздеріне айтылған ауыр сынды көтере алмаған академиктердің үшеуі де сайлау күні Кәкішұлын қолдаудан бас тартқан екен. Бұл - Т.Кәкішұлының мінезінің «шатақтығы» емес, керісінше ұлт ұлағатына қарсы істеліп жатқан кейбір әрекеттерді дер кезінде көре біліп, соған араша түсуі болатын. Әйтпесе, атақ пен билікке құмар Кәкішев болса жұмған аузын ашпас та еді, сөйтіп ертеңінде ҰҒА-ның толыққанды мүшесі болып шыға келер еді.

Нұрбек ТҮСІПХАН

Тұрсынбек Кәкішевтің Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов жайлы естелігі.

-Сәбитке «Ассалаумағалейкум» деп сәлем берсең, сенің жай-күйіңді жарты сағат бойы сұрайды. Содан кейін өзінің не істеп, не жазатынын түгел тізбелеп шығады. Содан, ел оны «жалпақшешей» дейтін. Сәбеңнің мұнысын ақкөңілділігі деп санаймын. Бұл – Сәбиттің халықшылдығы. Сәбиттің осы қасиеті одан адам баласына ешбір жамандық келмейтінін білдіреді. Бүгінде кейбір ақын-жазушылар Сәбиттің аңқылдап, адамды бауыр тарта сөйлейтін жайсаң мінезін жайдақтатып, естелігінде өзін Сәбиттен артығырақ, биігірек қойып сөйлейтін иә болмаса жазатын болыпты. Сәбиттің халықшылдығы жөнінде Ғабит: «Халық пен Сәбиттің арасында саңылау жоқ», - дейтін. Ал, Ғабит өзі, керісінше, кердең. Адамды маңына жақындатпайтын. Жақындатса да, сыр-на әбден қанып алып, «сөйлесуге болады» деп тапса ғана тіл қатысар еді. Ондай мінез Мұқаңда, Мұхтар Әуезовте де болатын.

Мая Бағызбаева



Мая Мұхамед - Әлиқызы Бағызбаева (01.05.1932 Шымкент қаласы – 09.12.2000, Алматы) – халықаралық шығармашылық академиясының академигі, Қазақстан Республикасының Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы (1985) профессор, Мәскеу мемлекеттік университетін үздік бітірген (1954). Еңбек жолын Шымкент педагогика институтында орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы болып бастады. 1961 – 1963 жылдары Мәскеу мемлекеттік университетінің орыс фольклоры кафедрасы бойынша аспирантурада оқып, филология ғылымдарының кандидаты болды (1963). 1963 жылдан өмірінің соңына дейін ҚазМУ-де аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі болып еңбек етті. Бағызбаева орыс халқының сөз өнерін зерттеуге зор үлес қосты. Қазақстандағы орыс фольклорын жинау, жүйелеу және зерттеу тұрғысында 100-ден астам ғылыми еңбек жазып, Қазақстандағы орыс ауыз әдебиеті үлгілерін бірнеше том етіп дайындап, баспадан шығарды, оқулықтар мен оқу құралдарын жазды. 1985 жылы «Қазақстандағы орыс фольклорын зерттеу мәселелері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады, 1990 жылы оның тікелей басқаруымен филология факультетінде фольклортану мәселесі бойынша ғылыми-зерттеу лабораториясы құрылды. Осы лабораториямен қоса орыс және шетел әдебиеті кафедрасын басқара жүріп, ол білікті мамандар тәрбиеледі, 20-ға жуық ғылым кандидаттары мен докторларын дайындады. Сөйтіп, Қазақстан ғылымында өзгеше ғылыми бағыттың негізін салды. Бағызбаева Қазақстан мәдениет қоры төралқасының мүшесі, Жоғары аттестациялық комиссиясының Диссертациялық кеңесінің төрайымы секілді түрлі қоғамдық қызметтер атқарды. Қазақстанға еңбегі сіңген ғылым және техника қайраткері.

Геолог-ғалым, ұлтжанды азамат Молдияр Серікбаев былай дейді: “Мая Михайловнаның шын аты-жөні – Мағрипа Мәмбетәліқызы. Маған оны алғаш рет мұрағаттанушы марқұм Бейсенбай Байғалиев айтты. “Сіздің бір жерлесіңіз жайлы дерек таптым, қажет десеңіз, берейін”, – деді. Мен қуана алып таныссам, Тұрардың досы Мәмбетәлі Бағызбаевтың өмірбаянына қатысты дерек екен. Содан бастап ол кісі туралы құжаттарды іздей бастадым. Сөйтсем, Мәмбетәлі Бағызбаев (1893 – 1937) ірі қоғам қайраткері, Оңтүстікте алғаш рет мақта егу шаруашылығының негізін қалаған, Түркістан мұсылман фракциясының жетекшісі және Шымкент облыстық партия комитеті егін шаруашылығы бөлімінің бастығы болған екен. 1937 жылы “халық жауы” ретінде ұсталып, ату жазасына кесілген. Кейін Ташкент, орталық архивтерден сұрау салып ол туралы көптеген деректер таптым. Әдебиетші-ғалым Мая Михайловна Бағызбаеваның сол кісінің қызы екендігін, оның есімінің Мағрипа екендігін 1993 жылы Түлкібас ауданының Күмісбастау ауылында Мәмбетәлі Бағызбаевтың туғанына 100 жыл толу құрметіне ас берілгенде Өмірбек Жолдасбековке айтқанымда: “Отыз жыл отандасқан жарымның шын аты-жөнін сізден естіп отырмын. Рахмет, сізге!” – деп бауырына қысып, бетімнен сүйіп қатты риза болды. Сол жолы Тұрардың идеялас, мұраттас жансерігі болған Мәмбетәлі Бағызбаевтың есімі өзінің туған ауылындағы Елтай мектебіне және Шымкент қаласындағы бір көшеге берілді”

Бетті дайындаған: Шынар Жеңісқызы

ҚЫЗ БАЛАҒА КЕРЕГІ НӘЗІКТІК ТЕ...



**ОРАЗАХЫНОВА НҮРША
АЛЖАМБАЙҚЫЗЫ**

**Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің про-
фессоры, педагогика
ғылымдарының докторы**

Ұлттық тәрбиенің тамаша үлгісін көрсетіп, оны ғылыми негізде тұжырымдап, көпшілік қауымға ұсынған Қ.Жұбановтың мына пікірі: «...Ананың өмір тәжірибесінен алған білімі. Сонымен бірге сәбидің ішкі жан дүниесін, сезімдерін тәрбиелеуді де еске алып, тәрбие әдістерін «шыр» етіп жерге түскен күннен бастайды. Дүниеге сәби келген күні халықтың қуанып, той тойлап, шілдехана өткізуі – туыстардың көңілін көтеру үшін ғана емес, тәрбиесіне қатысты маңызы да бар шара. Тойға қатысқан елдің қадірлі ақсақалдары азан шақырып, сәбидің атын қояды. Ардақты аналар қолына алып, батасын береді. Бұл ырым да жай емес, атын қойған, бата берген қадірлі үлкендердің жолын берсін дегені. Той тойлаған көпшіліктің: «Өмір жасы ұзақ болсын! Еліңнің елеулісі бол! Халқыңның қалаулысы бол!» – деп бата беруі – сәбидің болашағына жолдама...» сәбиіне жарық дүние сыйлап, оның болашағынан зор үміт күтетін кез келген ананың тілегі.

Жалпы қазақ халқының менталитетінде қыз баладан гөрі ұл баланы жоғары қойып, «шаңырақ иесі» деп бағалайды. Ақын апамыз Фазира Оңғарсынова:

Атам қазақ қашаннан бала сүйген,

Мұрагерім болса деп, мақсат қылып,
Ұл дауысы естілсе, қараша үйден,
Атан сойып, той қылған ат шаптырып,
Сүйеншіге ұл туса бермегі көп,
Азар болса астында аты қалған.
Қыз туғанда қырсықтың келгені деп,
Қырын қарап еркегі жатып алған.
Қайран бабам, өтіпті қайғы-шердің,
Емін іздеп, баладан жаны жалын.
Білсе еді ғой, ел қорғар ер жігітін,
Сол Аруға күні ертең табынарын!

– деп жырлағандай, сол ел қорғар ер жігіттер, жас арудың алдында қашанда дәрменсіз. «Қыз балаға керегі – нәзіктік те, Ер жігітке керегі – тұрақтылық» дегенді де біздің дана халық қана айта алады.

Мен айтар едім, біздің, қазақтың ана тәрбиесін бойына сіңірген, «қызға қырық үйден тыю» дегенді естіп өскен аруларымыз ұлтымыздың мақтанышы, болашағы деп. Себебі, қыз бала, болашақ ана, өмірге сәби әкелуші, өмір сыйлаушы. Алланың берген осындай ауыр да, қасиетті жүгін қазақ қыздары ғана адалдық пен тәрбиелілікті, ізеттілікті, нәзіктікті тал бойына жинап, жүрегі қандай жұмсақ болса, қайраты сондай қайсарлықпен көтеретінін талай аруларымыз дәлелдеп жүр.

Бүгінгі күнде біз өзімізге, қыздарымызға сын айтудан танбаймыз, бұл әрине, дұрыс емес, «Өзінді-өзін жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» дегендей, неге қыздарымыздың жақсылығын айтып, мақтанбасқа.

Өзіміз алдынан тәлім алған, шәкіртке – ұстаз, балаға – ана болған талай қазақ қыздарын білеміз, қадір тұтамыз. Тек бір ғана біздер білім алған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде еңбек еткен ғалым, ұстаз-аналарымызды мақтанышпен айтар едік. Олар: Жұмағазықызы Райхан, Бозжанова Кенжеш, Бейсенбаева Күлтай, Тыныбаева Өжкен, Хасанова Секерхан апайларымыз. Осы ұстаз аналардан алған тәлім-тәрбиеміз, білім-іліміміз, бала тәрбиелеудегі, олардың болашағын болжаудағы апалық ақылдары, отбасындағы жұбайлық мейірімдері – бәрі, бәрі бізге үлгі болатын...

Олар күнделікті сабағында ғалым-оқытушы ретінде білім бер-

се, сабақтан тыс уақыттарда қыз баланың тәрбиесі, қоғамдық ортада өзін-өзі ұстауы, ұстаздық қызметте педагогикалық шеберлікті, ұжымдағы әріптестермен қарым-қатынасты, шәкірттер алдындағы беделді қалай қалыптастыру керектігін, қала берді болашақ жар болудың қыр-сырын әдемі үйлесімділікпен үйретіп, соған баулып отыратын. Сондықтан да болар, бүгінде отбасын құрып, ана атанып, ғылым жолында белгілі бір жетістіктерге жетіп, шәкірт тәрбиелейтін ұстаз санатына көтерілсек, ол сол – ұлағатты да жаны жайсан, айтары, берері мол, рухани дүниелері бай, қазақ халқының жақсы қасиеттерін тал бойларына сіңірген, қазақ еліне танымал, біртуар ұстаз-аналарымыздың арқасы.

Осы ұстаздарымыздан алған жақсы қасиеттерімізді шәкірттеріміздің бойына дарытуға күнделікті оқу үдерісінде жүзеге асыруға жұмыстанамыз. Ол тәрбие мен өнегені жоғарыдағы айтқан ұстаз-аналарымыз сияқты, бізге қалай іс-әрекеттерімен берген болса, біз де сол үрдісті ұстанамыз. Халқымызда «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» деген ғибратты сөз бар. Өз бойымыздан бір кішкене жақсы қасиет байқасақ, ол ұстаздарымыздың жақсылығы деп қабылдаймыз және қайда, қандай ортада жүрсек те, осы аталған ұстаздарымыздың бізге берген үлгі-өнегелерін мақтанышпен, ерекше сезіммен айтып жүреміз. Және осы қасиеттерді өз шәкірттеріміздің бойына дарытуға бар күшімізді саламыз. Кейде сабақ үстінде шәкірттерімізді қарап отырып, бір кездегі өзімізді көргендей боламыз. Ұстазға деген жоғары ілтипатпен, сыйластықпен, сенім арта, жәудірей қарап отырған шәкірттерімізден, бір кездегі өзімізді танимыз. Сол кезде өзіміз шыққан биікке, жеткен жетістігімізге, мамандық таңдауда адаспағандығымызға және сол жолда тамаша ұстаздарға тап болғанымызға мың да бір шүкіршілік етеміз.

Бала тәрбиелеуде де осы ұстаз-аналарымыздан алған үлгі-өнеге көп көмегін тигізгендігін мақтанышпен айта аламыз.

Жүрегі, жаны нәзік, қайраты мол ұстаздарымыздың берген тәлім-тәрбиесі қашанда бізбен бірге!.

Қыз баласы ғылым қуса ұтылмайды



**СӘЛИМА
ӘБДРАМАНҚЫЗЫ
ҚАЛҚАБАЕВА**

**филология ғылымдарының
кандидаты,
қауымдастырылған про-
фессор**

– Сәлима Әбдіраманқызы, қыз баланың бойжеткен шағы өмірінің шешуші кезеңі. Оның алдында, біріншіден, білім алып мамандықты меңгеру; екіншіден, өмірлік серігің боларлық жар таңдау деген сияқты міндеттер тұрады. Қыздар үшін осы екеуінің қайсысы бірінші кезектегі маңызды нәрсе деп ойлайсыз?

– Осының екеуі де маңызды нәрсе. Көңілің қалайтын мамандықтың иесі де бол, еңбекке де аралас; шын өмірлік жан жарың боларлық адамыңды кездестіріп жатсаң тұрмыс та құр. Бұлардың бірі екіншісіне кедергі келтіреді деп ойламаймын. Болашақ жарың жоғары оқу орнында оқып жүргенде тауып, бақытты отбасын құрған ерлі-зайыптылар қаншама? Көзі ашық, оқыған азамат жұбайына оқыма немесе мамандығыңмен жұмыс істеме деп айтпайды деп ойлаймын. Ондай көзқарас қазіргі заман талабына сай келмейді. Қазіргі өмір ағымы әр адамға көптеген талаптар қояды. Қазіргі қазақ қызы білімді де сауатты, икемді де бейімді, мәдениетті де ізетті, көрікті де дені сау болуға тиіс. Оның бәрін бойға дарыту, үйлестіру ақылға, еңбекқорлыққа байланысты. Толыққанды өмір сүру үшін мұның бәрі қажетті.

– **Жоғары білімі бар**

қыздардың оқымаған жігітке тұрмысқа шыққанына қалай қарайсыз?

– Реті келсе әркім өз теңін, өз деңгейіндегі адамын тапса екен деймін. Қарама-қайшылық тартысты тудыратыны белгілі жайт. Ұрыс-керіс, келіспеушілік сияқты келеңсіздіктер қайшылықтан туады. Білім мен ақыл қыздарға ұрпағын тәрбиелейтін ана болу үшін де аса қажетті болса, ер азаматқа отбасының сенімді тірегі болу үшін қажет. Тұрмыс болған соң әртүрлі жағдайлар туындап отырады. Барлық салмақтың тек бір адамға түсуі (материалдық та, моральдық та тұрғыдан) жүйкені тоздырып, қажытады. Сондай сәтте бір-бірінен демеу іздейді. Әсіресе рухани тірек бола білу ерлі-зайыптылар үшін аса қажетті нәрсе деп ойлаймын. Ерлі-зайыптылардың ең басты рухани-адамгершілік моралі деп мыналарды айтар едім: ақылға жүгіну, өзара сыйластық, қамқорлық, бірін-бірі бағалай, аялай, білу, арнамысына тимеу, жауапкершілікті сезіну. Қысқасы, жарасымды, берік шаңырақ көтеру екі жастың үйлесімінен құралады.

– **Карьера қуып, тұрмыс құрмай біраз жасқа келіп «кәрі қыз» атанып жүрген қыздар қаншама. Олардың өмірлік ұстанымдары туралы не айтасыз?**

– Өз басым карьера жасау үшін тұрмыс құрмадым дегенге сенбеймін. Карьераны қолдан жасамайсың, оған көп жылғы еңбектің, ұмтылыстың нәтижесінде жетесің. Өз қалауыңдағы серігің кездестірмеген соң еңбек жолында өсуді мақсат ету де жақсы ұмтылыс. Дегенмен қыздардың дер кезінде тұрмысқа шықпай, өзіне ұнаған жігітке қолы жетпей қалуының себебі аса тәкаппарлық пен өзімшілдік немесе өзін төмен сезіну мен жасықтық, сенімсіздік сияқты қасиеттер деп ойлаймын.

– **Қыздардың болашақ өмірлік серігін дұрыс таңдай білуіне қандай кеңес берер едіңіз?**

– Жар таңдауда ешкім де нақты кеңес бере алмайды. Оны өзін ғана шешесің. Бұл мәселеде жүрек қалауың мен талғамыңа, ақылың

мен ішкі сезіміңе ғана жүгіне аласың. Өз шешіміңнің дұрыс я бұрыс екендігі нағыз сынға түсетін сәт осы. Өз тағдырың өз қолыңда деп бекер айтылмаған.

– **Қыз баласының ғылым жолына түсуі жанұялық тіршілікке кедергі келтірмей ме? Қыздардың ғылыммен айналысуы дұрыс па?**

– Қазіргі заманымызға да, қоғамымызға да білімді, ғылымды игерген жастар керек. Өмір өте қарқынды екпінмен дамып жатыр. Жайбарақат жататын ата-бабаларымыздың дәуірі әлдеқайда кеткен. Жастар тұрмақ белортадан аскандарға да заманға қарай икем-делуге тура келуде. Болашақты ғылым мен білімсіз елестету қиын сияқты. Жастардың оған ден қоюы аса қажет. Ал қыз баласы ғылым қуса ұтылмайды. Абай ақынымыз айтпай ма «дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деп. Ғылым жанұяға табыс әкелмесе зияндық келтірмесі анық.

– **Қазіргі таңдағы қыздардың тәрбиесіне көңіліңіз қаншалықты толады?**

– Өз айналамда күнделікті көріп жүрген қыздарға көңілім толады. Өзім ұстаз болған соң оқып, білім алып, тәрбиеленіп жатқан қыздармен көп қарым-қатынаста боламын. Жалпы қазіргі қыздар білімді, көрікті де сәнқой. Оның үстіне өздерін мәдениетті ұстауға тырысады. Бұлары құптарлық. Ал енді киім кию үлгісіне келетін болсақ, сәнқой қыздарға, теледидардағы клипке түскен әншілердің сәніне еліктейміз деп өзіне үйлеспейтін киімді киіп ерсі көрініп жүретін қыздар да көп. Өмір сахна емес қой. Елден аса ерекшеленіп киінген дұрыс емес. Жүрген ортаң сай киінуге дағдылану керек. Күнделікті баратын оқуыңа, жұмысыңа ашық-шашық, денеге аса жабысып тұратын киім кию ыңғайсыз. Мұның бәрі де түзеуге болатын нәрсе. Тек дер кезінде түсіне білсең. Ең бастысы, мені жоғары білімді қазақ қыздары санының жылдан жылға артып келе жатқаны қуантады.

Сұхбаттасқан:
Нұрғұл Бектұрғанова

Қыздар – болашақ жар, ана, шаңырақтың шырақшылары



**ГУЛМАРИЯ ОСПАНОВА
ТҰРЫСБЕКҚЫЗЫ**

**әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ**

**Филология, әдебиеттану
және әлем тілдері
факультетінің магистранты**

«Ең алдымен, біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Олар – болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары», – деп елбасымыз «2050» бағдарламасында атап өтті. Бұл үндеудің астары тереңде жатыр.

«Отан отбасынан басталады» десек, сол әрбір кіші отанның ұйытқысы, берекесі болатын – әйел адам. Ұлттың адаспай, ұлт болып қалуы, қоғамның ырғақты дамуы, мемлекеттің өркендеуі – соңында келіп әйелге, келешек Ана болар қыздардың қалай тәрбиеленетініне байланысты болмақ.

Қазақ халқы «Қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған. Халқымыздың халық ауыз әдебиетінде көптеген ақындарымыз қызға көптеген керемет суреттемелер берген. Сондай-ақ қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін, сүйкімділігін, жанының нәзіктігін, өнер, білімге бейім тұратынын жоғары бағалап, оның ол қасиеттерін бейнелі сөздер арқылы ерекше көрсеткен. Мысалы: «Қыздың жиған жүгіндей», «Қыздың тіккен кестесіндей», «Қыз – елдің көркі, гүл – жердің көркі», «Жақсы қыз – жағадағы құндыз»,

«Қызы бар үйдің қызығы бар», т.б. Ата-бабаларымыз қызды қонақ деп есептеп, барған жерде бағының ашылуына оң босағада отырғанда қамданған. Яғни, ізетті, сыпайы, мейірімді де ісмер, қылықты да қырмызы болуып өсуін назарда ұстап, бағыт - бағдар беріп отырған. «Қыз – Өріс, ұл – Қоныс» деген қағиданы ұстанған халқым өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көңіл бөлген. «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» дей отырып, «Қызға қырық үйден тиым» жасаған.

Халық арасында бойжеткен қызды ажарына қарай жетіге бөлген: Әдемі қыз - баппен сөйлеп, биязы күліп, жақсы-жаманның жөнін біліп тұратын; Көрікті қыз – істі үйіріп, сөйлесе бұйырып, баурап алатын, бірден көзге түсе қоймайтын; Шырайлы қыз – көз жанары өткір, бет-әлпеті балбұл жанған, тәні шымыр; Сұлу қыз – сөзі өткір, өзі пысық, өрескелдікті сүймейтін, болмашыға пісіп-күймейтін, келбетті; Ару қыз – бет пішіні, дене мүсіні келіскен, сөзі сыпайы, өзі әдепті, сұңғақ бойлы, терең ойлы; Ажарлы қыз – дене бітімі жинақы, тығыршықтай, сөзі салмақты, ісі тиянақты; Әсем қыз – жүзі жылы, өзі ұяң, тәні нәзік.

Қыз баланы кішкентайынан төрге шығарып отырған қазақ оның болашақтағы Ел анасы боларына кәміл сенген.

«Қызым үйде – қылығы түзде» демекші, қыз баланың жүріс-тұрысы мен киім-киісі тәрбиенің негізі болып саналады.

Қызды қашанда жат жұрттық деп, жас күнінен отбасының сенімді серігі, қара қазанның иесі, үйдің ұйытқысы ретінде ұзатқанға дейін тек тәрбие берген. Сол дәстүрдің арқасында Елдің анасы атанған талай әйелдердің есімі бізге жетті. Бұдан екі жарым мың жыл бұрын өмір сүрген ұлы даладан шыққан сақтың батыр қыздары Томирис пен Зарина ерлігі, Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі Гауһардың, ұлт-азаттық көтерілісі кезіндегі Бопайдың, күн кеше Әлия мен Мәншүктің ерлігіне ұласты. Кеңес Үкіметі күйердегі желтоқсанда ерліктің туын жықпаған Лаззат сынды қыздарымыз қаншама. Ал аққан жұлдыздай із қалдырған Шоканның әжесі Айғаным ханымның елді

ақылмен басқарғанын, дәрет алмай баласын емізбеген, данагөй әжеміз ұлы Абайдың тәрбиешісі болған Зере әжемізді қалай ұмытамыз? Бұның бәрі ата салт-дәстүріміздің, тәрбие жолының дұрыстығын көрсетсе керек.

Қыз бала – бойжеткен, келін, ана, Бәрі де дер кезінде дара тұлға.

Ұрпағыңның ойласаң болашағын, Қызды сыйла, жамағат, қызды сыйла! Қыз баланың жақсы болып өсуіне оның өскен ортасының, бірге жүрген құрбы - құрдастарының, дос-жарандарының да әсері күшті. Қазақтың «Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», «Қызға қырық үйден тыйым» деген нақыл сөздері сол өмір тәжірибесінен алынған. Сонымен қазіргі заманғы қыздардың бойынан: ақылдылық, инабаттылық, сымбаттылық, көріктілік және де іскерлік қасиеттері де табылуға тиіс. Халық «Өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без» деген. Ұлы Абай ағамыз «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ананың қызынан қапы қалма» деген екен.

Демек, болашақ жас ұрпақты адамгершілігі мол, иманды, өнегелі, өнерлі етіп тәрбиелеу – қазіргі отбасына үлкен міндет. Сонымен қазақ отбасында тәрбиенің негізі – ұлттық салт-дәстүрлер.

Тәрбие отбасынан басталады. Қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесі оң жолға қойылуы керек. Келешекте ұлттық салт-дәстүрлермен тәрбиеленген қыздар ел қорғайтын ұлтжанды жас ұрпақты тәрбиелей алатынына біз сенімдіміз.

«Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлт тәрбиелейміз», – деп айтқан М.Әуезовтің нақыл сөзі Елбасымыздың үндеуімен ұштасып жатыр.

«Біздің балалар - біздің қарттығымыз. Жаман тәрбие - болашақтағы қайғымыз, бұл - біздің көз жасымыз, бұл - басқалар алдындағы, бүкіл еліміз алдындағы біздің кінәміз», – деп А.С.Макаренко айтқандай, «Ертеңіміз» үшін бүгін қам жасайық! Елбасымыздың үндеуін іске асыруға, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрін сақтауға, «Болашағымыздың жарқын болуы үшін» бір кісідей жұмыла кірісейік.

...«ана» деген атқа қазіргі қыздарды бір түрлі қимайсың



Бексұлтан Нұржесеқұлы, жазушы

- Бексұлтан аға, қазіргі қазақ прозасындағы әйел бейнесі қандай?

- Білмеймін!

- Дегенмен әйел тағдыры, сезімі, жан –дүниесі тақырыбында бірден - бір қалам сермен жүрген жазушылардың бірісіз ғой...

- Жалпы, қазақ әйелді қатты сыйлаған. Өйткені, әйел деген сол халықтың барометрі сияқты. Халық рухани дамыған кезде, өрлеген кезде әйелдің де мінезі, қылығы, мәдениеті өте жоғары болады. Халық ыдырай бастағанда бәрі – әйелден басталады. Мысалы, қазір біздің жағдайымыз, мәдени жағдайымыз, ұлттық тұтастығымызды негізінен бұзып отырған қыз балалар, әйелдер. «Неге?» - дейсіз ғой. Мысалы, біз «ана тілі» дейміз. «Ана тілі» деп ананы құрметтегеннен қоямыз. Ананың сүтін емгенде, оның – тілін, әнін, әуенін, қылығын нәресте бірге жұтады. Ал, қазір біздің қыздардың құрығанда 60% (пайызы) тек орысша сөйлейді. Жеке келе жатып та сөйлейді. Интернеттен де бүкіл мәліметін орысша алады және өзінің баласын орыс балабақшасына апарды, яғни орысша тәрбиелейді. Әлі күнге дейін солай. Міне, бірінші біз әйелдерден осыны байқаймыз. Қазіргі жастарымыз осындай кемшіліктерді түзеуге ұмтылу керек қой. Құдайға шүкір, дербес елміз, тәуелсіздігімізді алдық, енді ана тіліміздің дәуірлейтін мүмкіндігі бар ғой. Ал, біз жиырма бір жыл болды кейін кетіп барамыз. Әрине мен ер адамдардың намыссыздығын, жігерсіздігін, білімсіздігін жоққа шығармаймын, олардың да осындай бір тұрақсыздығының өзіндік ықпалы болып жатқан болар. Бірақ негізінен оларға тұтқа, ұйытқы болып жүрген қыздардың белсеңдегі

бұрынғыдай емес. «Ана» деген атқа лайық болмай қалды. Осындай бір қилы кезеңде, біз қаншама мың өліп, мың тірілген халық болсақ та соның бәрінен аяғымыздан тік тұрғызған ана еді. Өзінің баласын, нәрестесін алып келіп әкесінің, бауырының орынын ер азаматпен толтырған да аналарымыз еді. Ал сол үлкен «ана» деген атқа қазіргі қыздарды бір түрлі қимайсың. Өйткені халқыңның болашағына тырбанып кедергі жасап жатыр. Көрдіңіз бе? Мен осындай ойдамын!

- Қазіргі өмірдегі болып жатқан шындық прозада, көркем әдебиетте көрініп жүр ме?

- Бар.

- Қандай шығармаларды атай аласыз?

- Қазір авторларды ұмытып қалатын болдық қой... Бірақ жақында мен бір кино көрдім, сонда қазақтар орысша - қазақша араластырып сөйлейді. Өздерінше, мына өмірді сол қалпынша береміз дегені шығар. Басынан көре алмадым, ортасынан бастап көрдім. Мен жағамды ұстап таңқалдым. Шынайы өмірді көрсетеміз дегені ғой! Шынында да бізде солай араластырып сөйлейді. Ал, бірақ ол – өнер емес қой!

- Ия, ондай кинолардың бізде бары рас.

- Бұл өнерге жатпайды ғой. Ол - саясатқа жатады. Көрдіңіз бе?... Осында мен бір жиырма үш жастағы жазушының тұсаукесерін жасадым. Қазір ол кітап қолымда болмай отыр. Сонда үлкен бір пьеса жазыпты. Жастар бір – бірімен орысша сөйлеседі. Өте маңызды, жақсы шығарма. Бірақ өмірді көрсетемін деп орысша сөйлестірген. Ол дегенің орыс әдебиеті болуы мүмкін, бірақ қазақ әдебиеті емес!

- Идея, тақырып жағы ғана жақсы ма? Қалай?

- Ия. Бірақ, бұл жақсы беталыс емес. Бұл – осы беталысқа төзу, осыған көну деген сөз. “Осы тіршілікке біз көндік, орысша – қазақша араластырып сөйлей береміз. Қазақшаның бізге қандай керекті болса, орысшаның керекті соншалықты керек дегені.” Былығы! Осы былыққан өмір ұнайды деген сөз. Бұл мені өте қорқытады, түршіктіреді. Бұл жамандыққа адамның бойы үйренді деген сөз. Ал, енді дінге қараңыз? Алдымен «дін – дін» деп кетіп жатқан – қыздарымызды алайық. Бүркеншік тағып алады. Алла Тағала қазақтан араб халқының бүкіл діни, мәдени танымын биік қылып жаратқан емес. Құдай бір халықты жоғары – төмен қылған емес. Дінге бару деген- «арабтану» деген емес. Ол дінді араб таратқанымен, ең алауыз, бір-бірін тыңдамайтын араб халқы қазір. Ал, бұлар «дінді»,

«құранды» араб халқымен шатастырады. Арабша сөйлеуге тырысады. «Алла» деген ата - бабамыздың сөзін, Абай атамыздан бері келе жатқан сөзді «Аллаһ» дейтін болды. Сонда «Аллаһ» десең дінге жақын боласыңда, «Алла» десең алыс болатын сияқты. «Аллаһ» деп ежелден орыстар да айтты, онда бізге қарағанда орыстар жақын деген сөз бе? Бұл осындай шала сауатсыздық, білімсіздік! «Дүмше молда, дін бұзар» деген сөз бар еді қазақта, міне өңкей дүмбілездер. Еш нәрсені жетік білмей бүлдіреді. Қазір, міне біз латыншаға кірдік, біз Европа мәдениетінің шыңына жеттік деп академиктер, тіл ғылымының докторлары айғай салып жатыр. Не деген берекесіздік? Не деген мәдениетсіздік? Ғылым дегенді білмейтін адамдардың істеп отырғандығы. Жүз жылғы жинаған нәрсені бір мезетте лақтырып тастап жатыр. Соған мақтаншы көріп отыр. Бұл білім жоқ деген сөз. Шынайы білім жоқ деген сөз. Шынайы білімі барлар халқының тарихындағы әрбір әрібін қымбаттайды, құрметтейді. Бұл деген – жүз жылғы тарихты босқа шашу деген сөз. Бізге әріпті емес, тіл ғылымының заңын өзгерту керек. Түріктендіру керек, қазақыландыру керек. Оның орнына бұлар әріпті өзгертеміз дейді. Әй, «адам» деп латынша жаз, кириллицамен жаз не өзгереді? Адам сол адам қалпында қалады. Осындай шалалықты көргенде тарихқа, ғылымға нанғым да келмейді. Мәдениетте, тарихта бәрі шала екендігіне көзім жетті. Сондықтан мен қазір сұхбат беру дегендерден безінетін болдым. Теледидар, радиолардан шақырса барғым келмейді. Өйткені өңкей желбуаздар. Көшіріп - лепіріп сөйлейтіндер. Көшіретіндей нәрсе жоқ бізде.

- Біз кейде жастар арасында да «біз неге тек мақтана береміз, өзіміздің әлемдік деңгейде жетіп жатқан ешқандай нәрсеміз жоқ» деген сөздерін естіп қалғанда, шынымен жағанды ұстап, бізде ұлтжанды азаматтар мен азаматшалар азайып бара ма деген ойда қаласың. Сонымен бірге осы топтың адамдары, «Мен атақты «Унесённые ветром» киносын көрдім» деп мақтанып, «Махаббат станциясы» сияқты қазақ киноларын көрмедім деп, қынжылмай айтып жатады. Ия, «Унесённые ветром» бір елдің тарихы бар туынды, ол өз алдына. Ал, біздің «Абай жолы» роман - эпопеямыздың желісімен керемет көп метражды фильм шығарса, біздің әлемдік аренада жақсы жетістікке жетердей мүмкіншілігіміз бар емес пе?! Бізде ата - бабамыздың мұра етіп тастап кеткен еңбектері, көркем шығармалары жетерлік қой.

- Оқымайды ғой!

- Тарихтың тереңіне бойлап, біздің кино саласындағы азаматтарымыз неге жаңа ізденістерге бармайды? Бүгінгі таңда телеарналарда корей, түрік сериалдары қаптап кетті. Неге біз өзіміздің тарихымызды, қазақ әйелдерінің инабаттылығы мен ибалылығын, әсемдігін, қылығын көрсететін көркем фильмдерді молайтпасқа? Бүгінгі ұрпақты тәрбиелеудің бірден бір тура жолы – теледидар ғой...

- Қазіргілердің көбі өз халқының туындыларын

оқымайды. Латын әрібіне көшеміз дегендердің өзі біздің халқымызда әдебиет, мәдениет жасалды дегенге көнбейді, білмейді. Сондықтан оларға лақтыра салу түк емес. Бізде қиналатын түк жоқ, көркем әдебиетте де, прозада да дейді. Бәрін аудар саламыз дейді. Ал, бізде қаншама дүние жасалып жатыр. «Көрмес-түйені де көрмес» дейді ғой. Сондықтан бұған мен тек таң қаламын. Басқа айтатын жоқ. Осы жақында, талай жылдар болды ғой Шыңғысханның түрік екендігін дәлелдеген, оның бірі М.Мағауин роман жазды. Міне олар мойындамайды. Қашан мойындайды дейсіз ғой? Ертең орыстың да, украинның да көзі жетіп мойындаған соң барып мойындай салады. Олар қазірдің өзінде оның түрік екенін мойындап жүр. Өйткені, ол моңғол түріктің сөзімен тарихын жазбайды ғой. Өзінен шыққан адамды мойындамайды. Қазір өте қырсық, өте мақтаншақ, көпірме ұрпақ өсіп келеді. - *Жарайды, ойыңызды түсіндік. Негізгі тақырыпқа көшсек... Көркем әдебиеттегі әйел бейнесі жайлы айттып кетсеңіз.*

- Мысалы, қараңыз Ғабит Мүсірепов бәлен жыл бойы өзінің ойында сақтаған көріністерді көріп, өмірінің аяғында «Ұлпанды» жазды. Асығыс. «Оянған өлкені» бітпей жатып... Неге дейсіз ғой? Өйткені, ол бала кезінен келе жатқан ішіндегі шөмен. Осындай Ұлпан деген біздің жерде адам болды, ол Ақан Серімен де араласқан, ең атақты адамдармен бірге жүрген талай нәрсеге араласқан тұлға. Солай жүріп, Есеней сияқты өзінен жасы үлкен, егде адамға тұрмысқа шықты. Не үшін? Себебі, Есенейдің кісілігін көрді. Ол өзінің жас жағынан тең емес, бірақ оның ірілігін, азаматтығын көрді. Бірақ одан бақыт тапты ма? Тапшады ма?.. Тапқан жоқ! Перзент көрген жоқ. Бүкіл екеуінің кісілігі, азаматтығы жалғассыз қалды, ұрпақсыз қалды деген сөз. Біздің ата-бабамыздан келе жатқан мәдениет те, білім де, ілім де жалғассыз қалған секілді. Осындай секілді. Бұл – түңілу! Мен түңіле бастадым. Жиырма бір жыл болды, осы жылдың ішінде қазақ тілінің орфографиялық заңда заңы бар ғой. Сол заңда былай деп жазған: «орыс тілінен енген сөздер, орыс тілінің заңдылықтарына сақталып, бұзылмай жазылады деген». Жиырма бір жыл болды осы мойнымызда тұрған бодандықты, осы заңдылықты өзгерте алмаған академиктерден не күтуге болады?! Енді латыншаға көштік деп бөркін аспанға лақтырады. Өйткені өзінікі қылмыс. Сол қылмысты жабады ғой. Кез келген орфографиялық заңдылықты қараңыз осылай жазылып тұр. Содан бір - екі пункттен кейін: «араб, моңғол тілінен енген сөздер өзінің қазақ тілі заңдылықтарына бағынып жазылады» - деген.

- *Транслитерацияны айтасыз ғой?*

- Сонда моңғол тілі мен араб тілдері шет тілі болып тұр да, орыс тілі шет тілі болмай тұр ғой. Яғни, біз қазақша сөйлейміз де, бүкіл заңдылығымыз орыстікі. Көрдіңіз бе? Не деген сұмдық!? Осының бәрін жасырып, жапқалы жатыр. Мен қаншама жаздым. Не менімен бетпе - бет келіп сөз таластыр-

майды, не сенікі дұрыс емес демейді. Қазір латынға көштік деп қуанып жатыр, ал отыз жылдан кейін бұның зардабын ұрпақтар тартады. Қазірдің өзінде архивте беті ашылмаған құжаттар толып жатыр, жиырмамыншы жылғы, отызмыншы жылғы ашаршылық, отыз жетінші жылғы біздің қырылу, Ұлы Отан соғысындағы қырылу бәрі жазылып қалған. Сол кирилл әрібімен жазылғанды оқымай жүрген жастар, ертен латынға көшкенде оқиды дейсіз бе? Ешкімде оқымайды. Бізде архив, мұрағат жабылды деген сөз, тарих өлді деген сөз! Бізде байланыс болмайды деген сөз. Бұны, бізді жаулап алған ұлт жасайтын нәрсені біз өзімізге - өзіміз жасап отырмыз. Бұдан мен тек шошымын. Бізде ұлттық мінез әлі қалыптаспаған. Кезінде Байділдаев деген ғалым кісі Ахмет Байтұрсыновпен айтысқан. Ахаң, біз араб әріпіне негізделген төте жазуына көшеміз десе, анау біз латын әріпіне көшсек, европалық мәдениетке тез барамыз деген. Ия, жетті, саған. Латынша қазір оқып жатқан біздің бірде - бір ғалымымыз жоқ, оқымайды да. Ақындарымыздың өлеңдері, еңбектері сол қалпында жатыр. Архивке барып көріңіз нанбасаңыз. Мен соның бәрін өз көзіммен көріп келген адаммын, содан кейін айтып отырмын. Ертен мына жиғанымыз тағы көмбе болып қалады. Оны бірен-саран ғалымдар, тарихшылар барып оқыған болады, оның өзінде қажет етіп тұрса. Кейбіреуі пысықырып та қарамайды. Міне, бұның бізге зияны. Ал, енді он-он бес жылдан кейінгі кезде біздің орыс мектептеріне барып жатқан балалар латынға көшеді дегенге мен нанбаймын. Онда біз неге орыс сыныбын оқыдым дейді ғой. Сөйтіп, жазуы бөлек, тілі бөлек болса, енді жазуы бөлек қазақ балалары келеді. Ортаға жік түсті деген осы. Олар бір - біріне пысықырып та қарамайтын болады. Жік, алауыздық көбейе бастайды. Ұлттың арасына салмақ түсе бастайды. Осындай нәрселерді ойлағанда түршігемін. Содан ана теледидарға, радиоға шақырса бармаймын. Өйткені ұрысып қаламын, алшақ жүремін. Саған қалай уәде бергенімді білмеймін. Мұндай тақырып жөнінде болады деп ойламаған болуым керек.

- Ойыңызды ашық айта беріңіз. Дегенмен қазақ қыздарының тәрбиесі туралы да ойларыңызды сабақтай отырсаңыз...

- Иә, барлық нәрсе әйелге, қыздарға байланысты. Қазақ қызы тәрбиеленбей ұлт ешқашан мықты болмайды. Қазір біздің ұлттық тәрбиемізге құрт түсті. Оны емдей аламыз ба? Емдей алмаймыз ба? Асқындырып аламыз ба? Мен оны білмеймін. Оның барлығы Аллаға аян. Тәрбиесіз ұрпақтардан мен күдіктенем. Өңкей мақтаншақ. Мақтану жаман қылық, ертең мақтанам деп өтірік айтасың. Бізде керемет ғалымдар аз. Негізі таза тарихшы - ғалым деп Әлкей Марғұланды айта аламын. Білімнің артынан шам алып жүрген жастар аз. Сол Әлкей Марғұланның ісін жалғастыруға талпынбайды. Мұхтар Әуезовты оқымайды. Сәбит Мұханов пен Ғабит Мүсіреповты ажырата алмайды. Жетістіктерін де білмейді. «Ойбой, Сәбит пен

Мұхтар араз болыпты ғой» деген қайдағы бір өсектің төңірегінде жүреді. Мәселе пендешілігінде емес, не жазып қалдырғанында. Соған үңіліп отырып, әр сөзін зерделеп отырып, көзінің майын тамызып, содан бір пікір түйсе - оны мен ғалым ұрпақ дер едім. «Азамат ұрпақ» дер едім. Ондай жоқ қой, анау өстіпті, мынау бүйтіпті ғой деген өсек - аяңның артында жүреді. Әлемде сегіз Сері жоқ екен ғой? Жақында естідім. Сегіз Серінің «Гауһартас» әнін, ол кісініңкі емес деп Сегіз Серінің атын алып тастайды екен. Сонда, Сегіз Сері жау болды ма? Кезінде орыстарға қарсы болып еді, енді қазақ өзіне қарсы болып жатыр. Ана «Сырдың қара торғайын» кім шығарды деп, соны халық әні деп жүр. Оны қазір «Ялла» айтып жүр, өзбектер болса да. Ал, ол шындықты Шолпан Жанболатқызы жазып кеткен. Бәрі жазылған, оқымайды ғой. Енді біреулер «Қыз Жібектің» 1500 жылдығын тойлаймыз деп әуре қылды. Сонда бәз біреулер «Ооо, бәрекелді» деп қоштайтындар да шықты. Қалай 1500 жылдығы? Кешегі Аңырақай шайқасына Бекежанның ұрпақтары қатысты. Одан бері 1500 жыл өте қойған жоқ қой. Өңкей мақтаншақтар, өздерінің атын шығару үшін бәрі. Әлгі Райымбек даңғылының бойына Райымбек батырдың ескерткішін қойдық. Сонда 1705 жылы туды деп жазыпты. Он бес жасында батыр атанды дейді. Сонда 1720 жылы кіммен соғысты? Жау жоқ қой. Он жеті жасында батыр атанды дейді. Ол кезде, Ақтабан шұбырынды да, қалмақ та жоқ қой. Өзі қалмақтарға барып соғыспаған шығар. Міне өтірік. Ертең ұрпақ шығады Райымбек деген батыр болмаған деп. Сонда не деп жауап бересіз? Көрдіңіз бе? Өңкей өтіріктер. Райымбек батыр осында жерленген дейді. Райымбекті Аса жайлауында өлген дейді, бұрынғылар. Сонда сол жақтан қалай әкеп жерлеген деймін...

- Өзіңіз бір сұхбатыңыз да Орбұлақ шайқасы жайлы тарихи шындықтар әлі дұрыс ашылмай жатыр депсіз.

- Оны ашып айтқанымен қазақ мойындамай жатыр ғой. Қабдеш шықты ол Албанның жерінде деп, М.Мағауин шықты қырғыздың жерінде деп. Солар білмейді емес, біледі. Ар жағында басқа пиғыл бар, тайпалық па, Рулық па? Сондай бірдеңелер жатады.

- «Екі мінез» деген әңгімеңізде осы Орбұлақ төңірегінде кішкене ой тастап кетіңіз. Мен осы тақырыпты оқығанда әңгіме екі адамның мінезі жайлы екен деп ойлады. Осы сізге тақырып бірінші келе ме, әлде идея ма?

- Екеуі де қатар келеді. Әйтпесе идеясыз шығарма дүниеге келмейді ғой.

- Осы шығармадағы прототип кім? Өзіңіз бе?

- Негізі бір ойға шомып отырып жазған болуым керек. Қазіргі көп адамның екі беті бар. Бірде былай, бірде былай.

- «Бейтаныс әйелдің құпиясы» атты шығармаңызға байланысты талас-тартыстар көп. Бұл әңгіме ме? Әлде баяндама ма? деген сыни

пікірлер айтылып жатады...

- Баяндама емес, ол көркем шығармадағы әңгіме жазудың бір әдісі. Менің тағы бір шығармам бар. Бастан аяқ ешбір қоспасыз диалогтан тұрады. Бұл әдісті, әрине өзім шығарған жоқпын. Кезінде бір американдық жазушыға еліктеп жазғаным болу керек.

- Осы шығарма қалай дүниеге келді?

- Бұл шығарма шынында да сол бейтаныс әйелдің күнделігін тауып алуымда еді. Күнделікті оқыған кезде шынымен таң қалдым. Мысалы жазушылардың шығармаларын оқысаң бұл жерде бір мінез, салмақ бар дейсің. Ал мынау бір танымайтын әйелдің пікірлері қандай?! Өткір. Таңқаласың! Өзінің өміріндегі бар шындықты сол күнделікте жайып салып отыр ғой. Дін жағынан қарасаң ол қылмыскер адам, күйеуінің көзіне шөп салып отыр. Бірақ ол өзінің өтірігін жасырып отырған академиктерімізден алдеқайда жоғары тұр. Себебі өз қылмысын мойындап отыр.

- «Бір ғана махаббат» деген әңгімеңіз де хат жанрында жазылған екен. Бастан –аяқ өмірдегі шындық па?

- Ия, біздің кішкене кезіміздің көркем шығармада толықтай көрінісі – бұл. Ол кезде телефон жоқ. Хат арқылы өз сезімімізді білдіреміз. Оның өзінде ол хатты берудегі қиындықты айтсаңызшы, өз иесіне барам дегенше жұқарып, ескіріп, быт - шыты шығады. Оны қайта көшіресің әдемілеп. Терлеп – тепшіп, әрең деген де жетеді. Қызық еді балалық кез. Ал, қазір сендер бақыттысыңдар. Бірақ сендерде көбі тез, ашық болып жатады. Бізді айтсаңызшы. Қолын ұстау ол бір арман еді ғой біздерге. (күліп) “Кетші ары” десе бітті, жер жарылып, өліп қалғандай боласың. Сезім күшті еді ол кезде. Қазір сезімнің қадірі кеткен сияқты. Бәрі төтеге көшті қазір. Кезінде Маркстік, Лениндік кезде айтатынбыз: «Адам, қоғам қартайды, өседі» деп, қарап отырсам біздің қоғам қартайды ма деп қаламын. Темекі тартатындар да, жабайы құштарлыққа кетіп жатқандар да бар.

- Қазір нағыз қазақы мінезді, ибалы, инабатты, қарапайым қыздар бар ма? Әлде бәрі солай деп ойлайсыз ба?

- Бар ғой. Бірақ аз. Қай заманда да жақсы аз. Қазір тіпті азайды. Мәдениетті, дәстүрді сақтаған, оқыған, инабатты қыздарымыз көп болғанымен “әлгі қыздармен” салыстырғанда аз ғой. Әрине, жоқ деуге болмайды. Ондай адамдардың тұрмысы, тегі, тәрбиесіне қарай болады. Тіпті кейде түңіліп кетесің: «- Ей, мен көрмеген жерде де бір жақсы жүрген шығар» - деп. Себебі, бәрін көру мүмкін емес.

- Жазушы еңбегі деп жатамыз. Шығармашылықпен қай кезде айналысасыз? Бірінің шабыты түнде, бірінің шабыты таңертең келіп жатады. Сіздікі қалай?

- Қыста келеді. Күзден басталады. Жазда көбінесе қыдырып, демалып, ел, жер көргенді ұнатамын. Мен елден гөрі табиғатты аралағанды жақсы көрем.

Ешкім мені мазаламаса деймін. Бірде тауға шығып бара жатып ұл баланы кездестірдім. Содан: «Балам ана жотаның ар жағында не бар?», - деп сұрадым. Ол бала білмеймін деді. Ал мына жотаның ар жағында не бар деп қарсы жотаны көрсеттім. Тағы білмедім деді. Сонда таңқалдым осы жерде тұрып өз жерінің табиғатын білмейді. Кейде алыс жақтағы терекке қарап, сол жерде не бар екен, жақсы нәрсе шығар деп ұмтыласың. Басқа көрмегенді өзің көргің келіп тұрады. Кейде адам баласы сондай. Қасында жүрген жақсыны көрмей қалады.

- Қазақ прозасындағы өзіңіз жақсы көретін әйел бейнесі бар ма?

- Мен өзім жазған, толықтай әйел бейнесі – Шәзия шығар. «Бір өкініш, бір үміттегі». Ең соңында «жақсы көрсең дәл осындай әйелді, қызды жақсы көр» деп аяқтаған едім. Бүкіл ойым сонда ғой.

- Өзіңіздің шығармашылық жолдағы ұстазым деп кімді атай алар едіңіз?

- Менің шығармашылық жолға келуіме, Сәбит Мұқановтың ықпалы көп болған секілді. Өйткені, ол кісінің «Өмір мектебі» деген том кітабын кішкентайымнан жастанып оқыдым. Атам дауыстатып оқытатын. Ой, осы былай болғанда, анау өстіп еді деп өзі де сөйлеп отыратын еді. Мен ежіктеп оқысам да сүйсініп тыңдайтын еді. «Не деген ғұлама бұл», - деп қоятын, басын шайқап. Атам сүйсінген сайын жақсы оқуға тырысатынмын. Одан кейін, «Қазақстан пионерінен» «Әнші азаматты» оқып бердім. Қ.Жармағамбетовтың Әміре Қашаубаевқа арнап жазған “Әнші азаматын” әр саны келген сайын оқушы едім. Атам кейде: «Әлгінің жалғасы келді ме?», - деп отыратын. Ия келді деп жармаса оқимын. Ол кезде бірінші сынып оқимын өзі. Содан алған әсерлерден болуы керек. Себебі, атам сүйсініп отыр ғой. Одан кейін «Мың бір түн» маған жақсы әсер етті. Оны әпкем оқиды, маған бермейді. Қайсыбірін айтасың. Балалық шақ қызық та, бәрі де болатын...

- Бүгін бір ашық әңгіме болды деп ойлаймын. Бүкпесіз ойларыңыз үшін үлкен рахмет, аға!

Сұхбаттасқан: Айжан Ерқасым



БЕЙСЕНОВ БАҒДАТ
 әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
 филос.ғ.д.,
 Дінтану және мәдениеттану
 кафедрасының доценті

ЖАСТАР ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНИ САНА

Тәуелсіздік аясында халқымыз өзінің тарихын, мәдениетін, рухани мұрасын жан-жақты және терең тануға қол жеткізді. Ұлт Көшбасшысы Қазақстан - 2050 стратегиясында елдегі діни жағдайға қатысты өзекті мәселені қозғады. Жастарды ұлттық дәстүрді ардақтауға, Зайырлы мемлекетіміздің, ұлтымыздың болашағы жастарда елдік дәстүр мен ділге сай діни сана қалыптастыру қажеттігін атап көрсетті. Әсіресе, қыздарымыздың өзгенің емес, өз ұлттық болмысына сай киіну және заман талабына сәйкес өмір салтын ұстануға шақырды. Діни сана мен ұстаным діни ілім, мораль, салт дәстүрлер, тыйымдар, ғұрыптар, ұлттық құндылықтарға сүйенеді. Өйткені халқымыздың тарихында айшықталған құндылықтарды және ұлттық дүниетанымымыздың негіздері мен ерекшеліктерін білу ұлттық жаңғыруымыздың негізі болмақ. Қазақ елінің рухани тұғыры ислам мен оның құндылықтарының қайта жаңғыруы халықтың өзінің рухани түп-тамырын толық түсінуге деген ұмтылысын ашып көрсетеді. Ұлттық дүниетаным мен ділдің қалыптасуына ықпал еткен рухани құндылықтарды зерттеу қазіргі қазақ қоғамының рухани түлеуі және діни санамыздың беріктігін нығайту үшін қажет. Осындай зерттеулер қазақ елінің рухани тұғырының бірі ретіндегі ислам құндылықтарының қоғам өміріндегі орны мен рөлін айқындауға мүмкіндік береді. Ұлт руханияты үшін ұлттық тіл, ұлттық діл және дін рухани тұғыр болып табылады. Осы үш діңгек бір-бірімен ажырамас бірлікте болғанда ұлт тұтастығы да берік.

Қазақтың бітім - болмысын және рухани жан дүниесін айшықтайтын ислам дінінің құндылықтары мен мәдениетін жан-жақты зерттеу, қазақ қоғамындағы діни төзімділік пен діни келісім мұраты жолына қызмет етпек. Қазақстандағы қазіргі діни жағдайды және дінаралық қатынасты зерттеуде ислам дінінің қоғамдағы мәдени - діни және рухани негіздерін ғылыми тұрғыдан талдау өзекті.

Еліміздің тәуелсіз ел ретінде әлемдік қауымдастыққа енуі, ұлт руханиятының қайнар

көзі тіл, діл, дінді өркендетуге жол ашты. Халқымыздың рухани құндылықтарының бірі ислам дінінің қайта жаңғыру үдерісі діни сана мен діндарлықтың жандануына ықпал етіп отыр. Соңғы уақытта жаһандану үдерісіне байланысты әрбір халық өзінің төлтума мәдениеті мен құндылықтарына ерекше мән беріп отыр. Сонымен қатар, діни қайта жаңғыру, діни құндылықтар мен дәстүрлерге деген құлшыныс бұл ұлттық руханиятқа деген ынта - жігерді бейнелейді. Еліміздегі діни жаңғыру ең алдымен, халқымыздың дәстүрлі ислам мәдениетіне негізінде үйлесімді үндесуі тиіс. Шеттен келген діни ағымдардан сақтану үшін діни сауаттылық пен орныққан саналы ұстаным қажет. Еліміздегі діни қайта өрлеу рухани мәдениеттің имани нәрі мен өмірлік қуатына деген сенімінен туындап отыр. Қазақ халқының рухани мұрасындағы халық ауыз әдебиеті үлгілер, әдет-ғұрыптарды, сондай-ақ ұлы ойшылдарымыздың мұраларының діни негіздерін танып білу өзіміздің ділімізге негізделген және тарихымызда таңбаланған рухани ұстанымдар мен құндылықтар өмірдің нақты шындығы негізінде туындаған. Сондықтан да, ұлттық өмір салтымызды, әдет-ғұрыптымызды, дәстүрлі діни мәдениетімізді және мұрамызды жүйелі де, толыққанды зерделеу уақыт талабы. Қазақтың далалық өркениетіне негізделген көшпелілер мәдениеті мен дүниетанымына негізделген дәстүрлі ислам құндылықтарымызды пайымдау рухани мүддеміз бен ізгі мақсатымызды айқындайды. Халқымыздың бірлігі мен ынтымағының негіздерінің бірі бұл ұлттық құндылықтар және ұлттық руханиятымыз. Ұлттық салт - дәстүр мен қазақ ойшылдарының діни ізденістері мен рухани мұрасын жастарға таныту жолымен біз келешек ұрпақты өзіндік төлтума дәстүріміз бен құндылықтар негізінде білім беріп, тәрбиелей аламыз.



ҮКІБАЕВА МАРЖАН
Рахматуллақызы
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология, әдебиеттану және
әлем тілдері факультетінің 2 -
курс студенті



Хиджабтан неге үркеміз?

Біз бұл ойымызды өз өмірімізде кездесіп жатқан шындыққа негізделіп жаздық. «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиырының» кебін кигелі отырған жоқпыз. Жалпы әрбір адам қоғамдағы болып жатқан құбылыстарға өз ойын білдіруге құқылы деп ойлаймыз.

Соңғы жылдарда ең өзекті мәселелердің бірі – осы хиджаб мәселесі. Бірақ біздің қоғамда мұны жақтаушыларға қарағанда, даттаушылар көбірек сияқты. Осы көпшіліктің ойы арабтың киімі, арабтың дәстүрі деген негізге саяды. Тіпті арабтар оны ыстықтан қорғану үшін киеді екен деген қаңқу сөздер де ара - тұра кездесіп жатады. Бұл, біздің ойымызша, шындыққа жанасыңқырамайтын пікір.

Бүгінгі күнгі әйел адамдар Еуропа киімдері десе ішкен астарын жерге қояды. Бір - бірімен киіммен жарысқа түсу де бүгінгіге таңсық дүние емес. Түрлі брэнд үлгілеріне сұраныстар күн санап өсуде. Неге екені белгісіз, осыған байланысты ешқандай дау тумайды да, бүкіл қайшылықтар хиджабтың маңына үйіле береді. Біз егер де хиджабқа араб киімі деп қарсы болсақ, бұларға да неге тосқауыл қоймасқа? Бұлар да қазақтың бұрынғы киім үлгісінде кездеспеді ғой. Яғни еш нәрсеге біржақты қарауға болмайтыны сияқты. Егер де салыстырып қарасақ, батыстық үлгідегі қысқа шалбарлар (шорты), юбкаларға қарағанда, ұзын етектегі көйлек пен қызылды - жасылды орамалдар біздің ұлттық киім үлгілерімізге әлдеқайда жақын.



Жалпы хиджабты не үшін киеді? Ол – Алла Тағаланың құлдарына (әйел адамдарға) парыз еткен амады. Әйел адам өз әурет жерлерін өзге ерлерден жасыруы керек.

Қоғамдық орындарда, көшеде, таксиде хиджабтағы қыздарға көзқарас өзгеше. Адамдар арасында “Неге кіндігің ашылып кеткен?” деген сұраққа қарағанда, “Ана қыз неге оранып алған?” деген сауал жиі кездесетін сияқты.

Адамдардың санасында хиджаб дегенде, қара түсті киім елестейді екен. Ол әрине адам санасында үрей туғызады. Ал, негізінен хиджаб деген әйел адамның әуретін жауып тұратын, дене бітімін айқындатып көрсетпейтін және іш көрінерліктей жұқа емес киімдердің жалпы атауы. Бүгінгі таңда ондай киімдердің де неше түрлі үлгілері шықты. Жұмыс істейтін әйелдер жерге сүйретіп киместен, ыңғайлы киімді кісе болады. Жоғарыдағы талаптарға жауап берсе болғаны.

Демократиялық мемлекетте әр адам не киіп, не қоятынын өзі біледі. Біздің мақсатымыз – біреуді түзеу не біреуді мінеу емес. Дін мен заман ағымын дұрыс үйлестіре білсек қана кемел мемлекетке айналуымыз даусыз.



САЛТАНАТ МІНӘЙХАН

әл - Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология, әдебиеттану және әлем
тілдері факультетінің 3-курс студенті

ЗАМАН және ҚЫЗ немесе қазіргі қазақ қыздары

Ел болам десең - бесіңді түзе (М. Әуезов)



Алып отырған тақырыбымыз тұрпайы, ебедейсіз көрінуі мүмкін. «ЗАМАН және ҚЫЗЫ» несі «ЗАМАН және ӘЙЕЛ» деп алмай ма деген ұшты пікір қарсы туары заңды. Ол да дұрыс. Бірақ...

«Бірақ» деген мәселе бар ғой. «ӘЙЕЛ». «АНА». Осы ардақты атқа жету үшін де қазіргі көз алдымызда жүрген қара көз қыздарымызға, әпке-қарындастарымызға үңіліп, азамат ретінде ақыл-кеңесіңді айтып отыру еркек кіндіктіге парыз. Сырт көз сыншы. Біздің көз бөтен көз емес, жанашыр көз. Қандай болса да қазіргі қылықты қыз ертең «АНА» атанады. Қазақ қызын қашанда қырғидай қорыған. Қыз тәрбиесінің жазылмаған заңын қалыптастырған. «Қызға қырық үйден тиым» деп, етек-жеңін тиып ұстаған. Қатаң тәрбиелеген. Қыз намысы – ер намысы, ер намысы – ел намысы. Қыз бен ер азамат – өмір терегінің қос бұтағы, ел ұрпағы. Қызды қаңтарып ұстау; туғаннан қарашығыңнан тайдырмай бой жеткенде сары майдай сақтап майлап-майлап қалаған құда-құдағыыңа бере салатын заман. Ол заманды басымыздан өткізіңкіреп алдық. Көшпелі мәдениеттің дағдарысқа ұшы-рауына байланысты ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында Қазақстанда жаңа қоғамдық қозғалыс пайда болды. Ұлтшыл Алаш қозғалысы Қазақстанның қоғамдық өмірінде өшпестей із қалдырды. 1917 жылы Орынборда өткен Алаш Орда-ның конференциясы әйелдердің қоғамдағы өмірі туралы шешім қабылдап, мынадай тұжырымдарға келді:

- әйелдер мен ерлердің саяси құқықтары тең болуы керек;
- әйелдер өздеріне серігін таңдауға ерікті;
- некеге тұру жасы 16-ға дейін ұзартылуы;
- молданың 16-ға толмаған қыздың, 18-ге толмаған жігіттің некесін қиюға құқығы жоқ;
- неке екі жақтың келісуімен қиылады;
- жесір әйелдерді күйеуінің туысқандарына зорлап қосуға болмайды;
- бірінші әйелі келісім бермесе, екінші әйел алуға болмайды.

Осылай әйелдер үшін жаңа заман орнады.

Осы қағида дамып, өркендеп осы заманға жетті.

Қазіргі заман қай заман? Қызымыз енді ел көзіне түсер сәтте заман талабы деп алысқа көз жұмып аттандырып жібереміз. Оқуға. Тіпті, шет ел асырып жіберетіндеріміз бар. Бір әке айтты дегендей «Қызым осы кеткенің кеткен, затың қонақ. Демалыста келіп-кетіп жүріп, күйеуіне бірақ кетерсің. Тек шымкетке тұрмысқа шықпашы...» деп, қызымыздың өз ақыл-санасына сеніп қала беретін болдық қой. Өзге елде, көз көріп, құлақ естімейді. Не істеп не қойып жүргені белгісіз. «Әй дейтін – әже, Қой дейтін – қожа жоқ».

Қанға сіңген қасиет қала ма? Қазақ қызының қыңыр қылығын, жат әрекетін, мінезін көрсен бармағыңды шайнайсың. Көз алдыңда, көшеде жігіт көрмей жунглиден келгендей жабысып тұратынын қайтесің. Қыздым үйде қылығы түзденің заманы болды. Заманың қалай болса бөркің солай қисаяды.

Заман демекші өткенге бір көз тасатайық, әңгімемізге түздық болсын.

Тарих болып тасқа қашалып жеткен өткен күндерде белгі көп. Сонау сақ заманындағы Зарина мен Томиристен бастап, берідегі шығыстың қос шынары Әлия мен Мәншүкке дейін қаншама арулар атқа қонып ел қорғады. Мысалы, кешегі Қара керей Қабанбай батырдың жары Гаухардың батырлығы, қаруға жақындығы жау сескендірген. Гаухар анамыздан туған Назым қыз небары 16 жасында Түркістан түбіндегі жоңғар-қазақ шайқасында сауыт киіп, қол бастап жауға шапқан.

Өткен күн – өнеге. Болашақ қыздарының, аналарының екі құлағының алтын сырғасы болсын. Тарихты ақтара берсек әр заманның қыздары өздерінше бір-бір төбе.

Бәрін қойып өз төбемізге үңілейік. Қазіргі ХХІ ғасырдың қыз ғұмырына. Кеттік...



Жігіт дәптерінен

(Үлгі)

Биыл төртінші курсымын. Студенттік өмір – жалындаған жалын. Үлкен курсқа аяқ басқанда (3 – 4 курс) жігіт тігер отауын, қыз қонар ұясын қамдай бастаса керек.

Жас отбасы құрылып шаңырақ көтеру көбейді. Қыздарымыз кете бастады. Есі бар қыз ерте кетеді. Көп уақыт өтпей солардың біразы ажырасып кетті. Жігіттерімізді тергей бастадық. Мынадай себеп-сылтауға тап болдым.

Бірінші, «Қыздай алмай, қатын болмайды екен» дейді. Сөзінің жаны бар. Ойланып қалдым.

Екінші, «Не тамақ жасап, не үй сыпырып, басына орамал тағып келін бола алмайтын біреуге тап болыпшы. Анам келініне келін болып кетті. Содан ажырасып құтылдым» деп күлдірді.

Үшінші, «Әйелім үйде отырмай жұмыс істеймін, ақша табамын, бастық боламын деп мансап (карьер)а куды. Сыланып – сыйпанып жүріп көзіме шөп салды. Ажыраспай қайтесің?» - деп салы суға кетті.

Төртінші, «Ата-анама қарсы сөз айтып, бетінен алатынды шығарды. Бара - бара білмеген екем, ішіп-шегетін болып шықты. Сол әуеніне жиі басатын болды. Ата-анам тәрбиелі қыз таппай мынауың не деп өзімді жазғырып ренжіді. Қалай бірге тұрасың, өзім қуып шықтым үйден. Енді міне, азатпын» деп өз аузымды тығындап тастады.

Бесінші, «Балалы бола алмадық. Емханаға барып едік. Әйелім жастайынан араққа салынып, темекі тартып, жеңіл жүріске беріліп өзін құртып қойған қарағым екен» дегенде қалай сай-сүйегің сырқырамайды.

Алтыншы жағдай былай болды. Бір досым айға жетпей ажырасып кетті. Тым тез. Не болды десе «Әйелім адасып бір жаман сектаға кіріп кеткен болып шықты. Иманды қыз жақсы деп қызығып едік. Әулетімізді арбап алмай тұрғанда тез құтылайық дедік» - деп беті бүлк етпей желкесін қасиды. О-о-ой шөп желке. Біздің қазақта дін десе, Құдай десе жиырылып қалатын қасиет жоқ емес. Байқасам қыз жасынан намаз оқыған. Бүгін мен ертеңін білетін пенде, күйеу жағына келгенде кенде болғанын қарамайсың ба? Ай жігітім... Көрмес түйені де көрмес. Ал кеп ашулан әлгі досыма.

Жетінші, «Үйленісімен пәтер жалдап тұрдық. Өмір оңай емес екен. Жақсылап қиналды. Сыналдық. Тұрмыстық жағдай қиын болды. Ақыры өзім қара басым қалдым. Қыздың қырық жаны қазір қалмаған-ау» - деп езуінен күлімсі күлкі көрінді.

Сегізінші, «Қызыммен жүріп жүргенде, оқыс аяғы ауыр болып қалды. Ешкімге айтпай некемізді қидырып, үйленіп кеткенімізді ата-анамыз біліп қойып көретінімізді көріп тындық» - деп арқамнан қағып, қызыңмен абай бол, кейін өкініп қалма дегендей басын шайқай берді.

Осының бәрін естігенде үйленуден қорқып қалады екенсің. Келін болар қыз табу қиын болып етті ғой өзі. Сол үйленгендердің жартысы жақсы өмір сүріп кетті. Жақсы отағасы, жақсы жар дегендей. Қонаққа барсаң қазақы тәліммен жайылып төсек, иіліп жастық болып сыйлап, қонақ етіп шығарып салады. Қазақтың керемет қыздары көп қой, шіркін.

Осындай студенттік керемет күндердің бірінде табақтас досымыз Бауыржан бұлқан-талқан ренжіп, иегі салбырап келді.

- Не болды, - деп бағзы сұрақтың астына алдық.

- Қызбен жүру – мүзбен жүру. Қашан тайып жығыларыңды бір Құдай біледі. Жүріп жүрген қызым мені ермек қылып жүрген болды. Былай... үйленгім келетінін айтып едім. «Ойбай, жоқ! Мен сені жай ұнатам. Уақытша “дружить” етіп жүрміз ғой. Екінші курсың әлі. Әлі талай қыз кездеседі саған, ренжімеші, менің де армандаған жігітім бар. Олармен жүріп көрмесей қайсы жақсы, қайсы жаман екенін білмейсің» - деп бетіме бедірейтіп тұрып айтып салды.

«Ондай қызды біз де көргенбіз, көтер еңсеңді» - деп бәріміз бір ауыздан шу еттік.

Бәрі Құдайдың жазуынан,

Тек бас қосу адамның өзінен. /Лұқпан Хакім/



Қыз дәптерінен

(үзінді)

Әйелдер киімімен бірге өзінің ұятына да көңіл аудартады. /Геродот/

Мен биыл үшінші курспын.

Айналамдағы құрбыларыма таң қаламын. Бүгін анау, ертең мынау. Ертең от басын құрғанда ар алдында өмір бойы өртенем-ау деп ойламай ма екен. Ер азаматтың қалтасына, машинасына қарап етегіне орала кететін бізді не албасты басты. Өз басым жігіт ақылды, иманы толық болса жетеді. Қалған дүние өзі келеді ғой. Кеш болса клуб жағалап, көше аралау қазақтың қызы біздерге барып тұрған оңбағандық деп есептеймін. Жігіттердің ыңдының ыңырсытып қойған өзіміз. Күліп қарасаң болды. «Батырдың ең осал жері – қатып» деп атамнан жиі естушем, рас екен ғой.

Қазіргі түріміз тұра батысқа ұқсап барады. Ашық - шашық киініп, өз тәнін өзі жарнамалаған қандай жиіркенішті десеңші. Мектепте оқып жүргенімде анам бір киімім қисайып, не қысқарып тұрса қатты ұрсып тастаушы еді. Мен алғаш қалаға кеткенде «ел болашағы қазақ қызының құрсағында» деп анам зар қақсап аттандырды. Ұлы сөзде ұяттық жоқ. Жыбыр етіп көрмеппін.

Бой жеткен қыздың түрленуі де,

Кірленуі де демде.

Әйелді бұзатын – тиын, киім, бұйым. /Төрегелді Айтасов/

Жоғарыдағы жыз бен жігіт күнделігінен талай нәрсені аңғаруға болады. Әркімнің өз санасы қалдырды. Бұны біз қыз атаулының бәрі осындай деген жаман ырыммен бермедік. Таяқтың екі ұшы қашанда бар. Қай ұшын суға, қай ұшын уға малу керек деген дүние біздікі. Қазақ қазақ болғалы талай заман өтті. Қыздарымыздың ер азаматпен тең құқылы теңдік алып, білім-ғылымның көзімен инесін сабақтаған осы ғасыр ер мен әйел ғасыры. Қыздарымыз қазіргі қоғамда өте белсенді. Қыз табиғатынан өте нәзік демесең өте еңбекқор, төзімді келеді. Барған сайын қыздың, әйел затының рөлі артып барады. Қазіргі статистикалық көрсеткіш бойынша Қазақстандағы әйелдер саяси биліктегілердің 10,3 пайызын құраса, мемлекеттік қызмет-те-гі-лердің 58 пайызы нәзік жан-ды-лардың үлесінде. Олардың қатарында 2 министр, 5 вице-министр, 4 аудан әкімі бар. Бұл Қазақстан дамуының индикаторы болып саналса керек. Осы көрсеткіш уақыт өтпей қатты көбейетіне бәс тігемін. Себебі мектеп бітіріп жоғарғы оқу орнына түсетіндердің дені қыздар. «Қыз көрейік, қыз көрейік, қыз көрерлік жігітті біз көрейік» демекші ер азаматтарымыз дені салғыттыққа салынып, көше қыдырып, көптеген азарттық ойындарға салынып көлеңкеде қалып келе жатқаны өтірік емес. «Күллі жер бетіндегі жеңіл жүрісті қыздардың тағдырына еркек атауды кінәлі» депті бір данышпан. Балық басынан шіридінің астарын ойлаған жөн. Әркім өз қарындасына ие болса, соның өзі үлкен жетістік болар еді. Қыз мәселесін қозғағанда өзін жеке алып қарастыру әсте қате.

Әйел жерден шыққан жоқ,

О да еркектің баласы.

Ерлер көктен түскен жоқ,

Әйел оның анасы.

Дана қазақтан сөз өткен бе?

Алла ер адамға үстемдік беріп, артық қабілет, береке беріп қойған. Қыз өзінің пысықтығымен, еңбекқорлығымен тырбанып жүріп отырар орынға отырып жатыр. Кей тірліктерді ер адам атқармаса, әйел адам қабілетті, қанша білімді болсын жетіңкіремей жатады. Жоғарыдағы көрсеткіш дәл қазіргі біздің жас буынмен толыққан сәтте әйел қауымының қаншалықты үстем болатынын сонда көреміз әлі. Оның үстіне елімізде қыз саны қатты басым. Ол да өзіндік әсерін тигізіп жатыр. Осы қаптаған қыздарымыз қайда бармақ? Отырған қыз орнын табады деген заман өтті. «Білімді әйел басыңа қарайды, білімсіз әйел жасыңа қарайды» - ның кебін киіп, бас қараймын деп жүріп талай қыздар бел асып кетті.

Алып анадан туады. Біз асыл қыздарымызға тас атудан аулақпыз. Өткен күдегі Заринаның, Томирисің, Домалақ ананың, Бопай ханымның, ақылды Ұлпанның мыңдағаны ортамызда жүргеніне сенуге болады. Оң солын білетін, көзі ашық, көкірегі ояу аналар - аналардың анасы.

**ӘЛИЯ БОСТАНОВА**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология, әдебиеттану және әлем тілдері
факультетінің 3 - курс студенті

**Құлпынай қосылған балмұздақ
немесе
«Сүрініп кетіп, жығылып жүрген тағдыр
иелері»**



Роман жазуға кез келгеннің тәуекел етпесі айтпасақ та, түсінікті жайт. Қазақ әдебиетінде бұл жанр Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік», С.Көбеевтің «Қалың мал», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу», М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» шығармаларынан бастау алды. Кейін М. Әуезов, С.Мұқанов, Ғ. Мүсірепов,

Ғ. Мұстафин, Х. Есенжанов, Ә. Нұрпейісов, І. Есенберлин, Т. Ахтанов,

Ә. Кекілбай, Ә. Әлімжанов, М. Мағауин сынды жазушыларымыз қазақ романын жаңа белестерге көтерді.

Алдыңғы буын ағалар ізімен прозаға Лира Қоныс келді. Прозаға жай келмеді, өзімен «құлпынай қосылған» заманауи романын ала келді.

Роман мистикалық таным желісімен жазылған. Қайнаған қала мен алыстағы ауыл өмірін бүгінгі кейіпкердің көзімен шын-айы бейнелей білген.

«Бұл көктем кезінде көл-көсір мұңы бар сары қыз жайлы шығарма».

Жаны нәзік, көкірегінде көзі бар Лираның роман деп айдар таққан бұл кітабы «Келіншектал», «Алма ағашының құдайы», «Әже», «Құлпынай қосылған балмұздақ», «Жаңбырлы күні», «Ажал екінші рет қашан қайта айналып соғар екен?..», «Қош, Күнекей!», «Құлпынай қосылған балмұздақ 2», «Уақыт», «Уақыт 2», «Су перісінің зираты», «Махаббат туралы роман», «Сәкә, су және Андерсеннің ертегісі», «Отыз үш тал раушан», «Мамыр айының тоғызы» деген бірнеше шағын тақырыптан тұрады. Әрқайсысы жеке-жеке шағын әңгіме, немесе новелланың жүгін көтеріп тұр. Бәлкім біреулер жас қаламгердің осы кітабын роман демей,

әңгімелер жинағы деген жөн дер. Бірақ, бәріне ортақ бір кейіпкер - ол Төле би мен Байзақтың Исасы атындағы көшелер қиылысындағы көп қабатты үйде тұратын сары қыз. Бәріне ортақ желі-автордың келмеске кеткен балалық шағын сағынуы, әсіресе, жаз айларында балмұздақ сатуға ақ «москвичпен» қаладан келіп, жіпсі бастаған балмұздақтарын балаларға кетерде тегін таратып кететін Вера тәтейін аңсауы...

Оның үстіне автор өзінің бұл кітапқа не себепті роман деп айдар таққанын да шығармасының прологында атап көрсетеді. «Басымнан өткергенім ұзақ оқиға еді, бірақ, қарыстай ғана көлемге сыйдырғым келді, күрделі дүниеден түйгенім тигімдей тәмсіл еді, тырнақтай түсініктің түйедей құны бар еді, сондықтан шығармамды роман деп атағым келді».

«Келіншектал» дегенінде шешесінен ерте айырылғаннан кейін, әжесінің қамқорында болған сары қыз: «Бұл қыз ертегіге сенетін, Андерсенмен жиі сырласатын, түсінде самұрық құсқа мініп зеңгір көкте самғайтын, Күнекей қыздың шашын өріп беретін». Әжесі өлгелі ертегіге сенбейтін, «мөлдір шыныдан соққан көрікті әлемі қаусап қалған» сары қыздың жалғыздығы және табиғатпен сырласқаны сипатталады. Бұл жерде автор табиғатты етене сезіне білген.

Алайда, кейбір сөйлемдерді автор құрылысы жағынан дұрыс қолдана алмаған. Мәселен: «Оның көздерінде еркеліктің жарқылы болушы еді, үшқын шашып тұрушы еді, мөлдір әлемі күйрегенде ол-дағы өшіп кетіпті, енді қалғаны-маңайға өкпелі мағынасыз үңілу» (8 бет),

«Басын шайқады. Бетінде бояу ізі жоқ, шашын да қысқартпапты. Мұндай қыз темекі шеге қоймас» (12 бет) Қазақша ойлап, қазақша сөйлейтін қаламгердің сөзінен гөрі, орыс тілінен тікелей аударылған тәржіма сияқты көңілге қонбайды.

«Алма ағашының құдайында» кейіпкер қыз тау ішінде жалғыз шешесімен тұратын, «табиғатқа, әдемілікке және қорғансыз мөлдірлікке ғашық» кісікіік бір жігітпен кездейсоқ танысады. Ол жігіттің есімі Арман еді. Ол алма ағашының кесілген түбірлерін көргенде өксіп, жайқалған бұталарды көргенде айналып ән салған Алмагүл есімді бейтаныс қызға ғашық болады. Ол жігіттің шешесі айтқандай, кісі қолынан өлген қыздың әруағы да емес, көрші бағбанның соқыр қызы да емес, алма ағашының құдайы - Алмагүл екен. Автордың негізгі идеясы- Іле Алатауының баурайынан жоғалған алманың қасиеті, киесі бар дегенге саяды...

Арман есімді жігіт арқылы автор, бұл өмірде әліде болса жақсылықты желкен еткен жандардың аразында бар екендігін көрсеткісі келгендей. Мейлі оны өзге адамдар түсінбесін, көрмесін, бірақ ол табиғатқа, әдемілікке және қорғансыз мөлдірлікке ғашық адам. Өзгелер көре алмаған нәрсені ол көре алады, сезінеді, мұңайады, қуанады. Себебі оның жаны нәзік әрі таза. Оның жүрегінде әдемілікті көре алатын көзі мен ойлы оралымды сөздері бар.

«Әже» деген бөлімінде жасы он беске келген кезінде әжесі қайтыс болған қыздың арада жеті жыл өтсе де оны әлі өлімге қимай күтіп жүргенін, сағынышы

мен аңсауын автор нанымды бере білген. Әкесі мен қызының арасындағы әңгімелесуі барысында әкесінің сары қызды баласынып, әжең төркініне қыдырып кеткен деп алдауы. Он бес жасар қыздың бұл өтірік болса да өзін-өзі алдап, жұбатып, әкемнің айтқанына сенейін, күте берсем бір күні келер, үйін сағынар, мені сағынар, сөйтіп, әйтеуір бір күні төркінінен қайтар...

Содан бері жеті жыл өтті. Ал, әжесі болса әлі жоқ.

Олар әжесінің өлгенін сөз еткен емес, сары қыз ылғи да әжем келеді деп сөйлейді, бірақ, өзі де, әкесі де өлгендердің ешқашан қайта оралмайтынын біледі.

Бірін біріне жалғайды әмән,
арман,
үміт,
сенім деп.
Өзін-өзі алдайды адам,
Айтамыз соны өмір,-

деп Есенғали Раушановтың осы, жыр үзіндісімен тоғысып жатқандай.

«Жаңбырлы күні» деген бөлімінде тартымды кейіпкерлері емес, сары қыздың санаға жарық берер «ақылды сөздері». Әр оқырманның өзі іздеген өмір шындығын бере білген ой оралымдары дер едім. «Махаббатшыңына жету үшін өлімді талап ететін ақиқат, еркіндік-күр ғана жалғыздық, өмірдің тәттілігі-түсінің суықтығында, кербездігі-уақытын бұлдайтынында, опасыздығы-өзімбілемдігінде, санаспайтынында...». «Біздің тағдырымыз-тәңір сызған бір-бір тағдыр желілері еді. Біз сол сызба, шеңберден ары аттап өте алмаймыз. Өйткені, **МАҢДАЙЫМЫЗҒА ЖАЗЫЛҒАН**».

«Ажал екінші рет қашан айналып соғар екен?...» дегенінде осы дүниеде жасаған кез-келген әрекетің үшін, ана өмірде жауап бересің дегенді автор сары қыздың ойы арқылы береді. Автордың негізгі айтпақ ойы «судың да сұрауы бар» дегенге саяды.

«Уақыт және Отыз үш тал раушан» деген бөлімдерде

автордың айтпақ ойы түсініксіз, бұлыңғыр...

«Сәкө, су және Андерсеннің ертегісі» бөлімінде Айсауле атты ару қыздың мектеп бітірген соң ауылда трактор айдауға қалғанын, оның сүйген жары бір кездері суға батып өлген жігіт боп шығып, ақыр соңында жазылмас дертке шалдығуын автор әңгімеге арқау еткен. Автордың мұндағы айтпақ ойы, күллі адамдарша өмір сүргісі келмейтін, өзінше өмір сүргісі келетін адамдарға түсіністікпен қарау керектігі. Олар ақылсыздар емес, олардың өмірге деген көзқарастары басқаша. Біз көре, сезіне алмаған дүниелерді олар өздерінше көре, сезіне алады.

«Махаббат туралы роман» деген бөлімі, роман ішінде не қылған роман дегендей ойға қалдырады. Кітапханада жүрген өлген қыздың әруағының махаббат туралы кітаптарға құмарлығын тілге тиек етеді. Жасандылық бар. Оралымсыз сөздері де жиі кездесіп отырады. Автор осы бөлімде өзінің айтқан ойына екінші ойы қарсы шығып отырады.

- Мен махаббаттан шаршағанмын, жасанды сезімдерді оқуға кеткен уақытыңды аяймын,- дедім.

- Сен менімен бірге жүрсейші,- дедім: Үйде біраз кітаптарым бар және өзім де махаббат туралы әлденелерді шимайлаймын.

Махаббаттан шаршаған, махаббат туралы романдардан жүрегі айнитын адамның, махаббат туралы әлденелерді шимайлағаны несі...?

«Су перісінің зираты» деген бөлімі жаратылыстағы кез-келген тіршілік иесінің өмір сүруге хақысы барын айтқысы келгендей: «Тас-түнек бүркеген даладан ештеме көрмесем де, сол жолы біздің желкемізден сүксұрдай қадалған су перизаттарының қарғысқа толы жанарын жоныммен сезгенмін. Титімдей алақандарын көкке жайып, өздерін түп-тамырымен жойып, тек аңыздарда ғана айтылар кейіпкерлерге айналдырып жіберген адамдарға лағлет

айтып жатқанын түйсігіммен естігенмін».

«Ауылда» деген бөлімде автор өзінің табиғатты етене сезіне білетіндігін қалың оқырманға тағы да дәлелдей түседі. Табиғатпен сырласады. Автордың негізгі айтпақ ойын соңғы сөйлемдерден байқауға болады.

Қай зауалды да көтеруге болады, бірақ, ой ауытқуына шыдай алмаспын, құдайдан санамды сақтай гөр, жынданып кетпейінші деп тіледім.

Өзіне тән философиялық ойлары бар, жұрттар тордың таптаурын болған жолымен жүруден қашып, жаңа формалар іздестіріп жүретін Лира Қоныстың бұл романы, кітапты қолға алғанда тек қана жайдары, өмірге ғашық кейіпкерлерден гөрі, қазіргі заман шындығын реалистік тұрғыдан сезіне білген бақытсыз кейіпкерлері арқылы, мистикалық таным желісімен көрсете білген.

Алайда, заман шындығын бақытсыз кейіпкерлер арқылы ғана көрсетуге болмайды. Бақытсыздық бар жерде бақыт та бары белгілі. Ендеше «сүрініп кетіп, жығылып жүрген тағдыр» иелерімен қоса жайдары, өмірге ғашық кейіпкерлер арқылы да заман шындығын көрсетуге болады. Бұл роман, өмірдің тек қана қара жақтарын көріп, әділдіктің барына сенбейтін оқырман қауымын қалыптастыруы мүмкін. Өзіндік стиль мен өзгеше жанрда жазылған жақсы шығарма екеніне дау жоқ. Алайда, «**ҚҰЛПЫНАЙ ҚОСЫЛҒАН БАЛМҰЗДАҚ** атына заты сай болсын».

Ойды қорытар болсақ, автор талантты әрі оның бұл кітабы жастар арасында сұранысқа ие. Автор өмірден түйгені мен кітаптан үйренгенін бір арнада тоғыстыра білген. Автордың «пессимисттік» ойлармен қатар «оптимисттік» ойларды да қатар алып жүргені жөн.

**БАҚЫТҚОЖА БАЯЗИТОВ**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология, әдебиеттану және әлем
тілдері факультетінің 4 - курс студенті

...Ақынның өлеңі дейміз, Ол оның тағдыры шығар



Жас ақын Олжас Қасымның «Бозбеткей» аталған алғашқы жыр жинағы – «Санадағы ырғақтар» («Санамдағы ырғақтар» кітаптың I бөлімі) мен «Жанардағы жұмбақтарды» (II бөлім) қамтыған, өмір мәнін іздеген дарынды шығармашылық тұлғаның әлемі. Бұл әлемді біреу «ішкі әлем» деп, біреу «өнер әлемі» деп, ішкі әлем мен сыртқы әлем, өнер мен өмір деп бөліп қарастырып жатады. Мұнда да бір шындық бар болар. Ал Олжастың өлеңдерінен сол әлемдерді біртұтас жырлауға деген талпыныс байқалады. Олай болмағанда ақын өмірі үшін өлеңнің мәні де болмас па еді?

«Ақын болып өлу» өлеңінде

...Сол ақындар жазды жазар дүниені,

Ал олардың жазылған жоқ тағдыры. (25-бет) –

дейді. Бір қарағанда жоғарыда «Ол оның тағдыры шығар...» өлеңіндегі ойға қайшылықты жолдар болып көрінгенімен, өзге тілде «бөлшектеуге келмейтін» деген мағынадағы атомның өзінің бөлшектенетініндей деп қабылдасақ, қайшылықты өмірдің ақын өлеңіндегі бір көрінісі деуге де негіз бар.

Ал «Төлеужан бұлағы» өлеңінде

...Төкеңнің өлеңдегі бар ғұмырын,

Тоқтатпай тұрған сынды сол бір бұлақ. (12-бет) –

деген жолдар өнердегі тірілікті сөз етсе, сонымен қатар жас ақынның қалам машығын игерерде ақын тағдыры жайлы ұзақ ізденісте болғандығын да көрсетеді. Ақын жайлы шер толғау, асқақ жырлар мен астам ойлы жырлар да «мен ақынмын» деген әрбір қалам ұстағанның сиясынан төгіліп ақ қағазды былғағаны кім кімге де белгілі. (Әрине, дүние жаратылғалы бұл тақырыпта өлең жазғандардың бәрі емес, көркемдік деңгейінен көріне алмағанын ғана айтамыз). Ал Олжаста олай емес. Өзгеше.


...Саусақ емес, саусағыңмен жазбайсың,

Санаңмен жаза аласың өлеңді. (16-бет) –

деп ой қорытады жас ақын «Айтылмайтын ақиқат» өлеңінде. Сол айтқандай «Санамдағы ырғақтар» деген бірінші бөлімде әр түрлі тақырыптарға қалам тербеген жас ақынның дүниеге көзқарасын, терең пайымын байқап, Олжас ақын санасындағы ырғақтарды дөп бассаңыз ақын әлеміне дендеп еніп, ақынды терең түсінесіз.

...Көздер емес, көзден бұрын ғашықтың,

Кім екенін көкірегі көреді. (16-бет) –



деген Олжас кітабының екінші бөлімін «Жанардағы жұмбақтар» деп атапты. Әрине әр жанарда бір жұмбақ бар десек, сол жұмбақты шешу кім-кімге де бұйыра бермейтін бақ. Үнсіз тілдескен жанарлар ғана ұғысатын сезім жайлы өлеңдер осы бөлімде топтастырылыпты. Олжастың сана елегінен өткізіп жазған дүниелері «жанардағы жұмбақтардың» жауабын табуға жәрдем етер бәлкім. Оқып көрейік.

...Қыз соңынан жүгіртіп қоятұғын,
Өмір өзі қыз қуу ойыны екен. (57-бет)

...Сағатымның «тық» еткен дыбысында,
Жүрегіңнің «лүп» еткен соғысы бар. (58-бет)

Мен сүйген қызды көргенде!
Аруыма сонда аптығып «асық» деп қалсын,
Ауылына жетсең жүрегің басып тоқтарсың.
Өлеңімді оқып өңді қыз өзгеге берші,
Өзіне өзі мың мәрте ғашық боп қалсын!!! (60-бет)

Артында жасырынған шымылдықтың,
Суретшінің кешірек сырын ұқтым.
Келбеттердің кескінін келтірсе де,
Суретін сала алмапты-ау сұлулықтың. (67-бет)

...Сағындырдың да аулыңа кеткен шақтарда,
Сағындырмадың біреуді ауылға кеткен. (72-бет)

...Актердің аузымен айтылған,
Ол менің сөздерім деп білгін. (76-бет)

...«Тұмауратқан» көңілімнің дәрісі,
Өзі екенін біле тұра білмейді. (90-бет)

Осылай оқып отырсыз. Оқисыз да ойға қаласыз. Сезім шырғалаңы, сүйю-күйю, не болмаса жете алмай аптыққан көңіл емес, өзге бояу, өзге сурет. Олжастың өз сөзінде «Әлі де біз көрмеген суреттер мен, әлі де біз көрмеген бояуларға» (68-бет) апарар жол, алғашқы баспадақтар.

Тірі пенденің кемшіліктен арылып болғаны жоқ. Солай десек те, кемшіліктен арылуға талпынып, талпынысы босқа кеткені де, нәтиже бергендер де бар. Олжас сол тылпынысы нәтиже бергендердің қатарынан. Төмендегі екі жолда кездесетін ұйқас үшін алынғандай көрінетін жалғаулардың өз орнында қолданылмауы өлеңнің көркемдігіне кері әсер етіп тұр.

Өзің салған сара жолмен жүргізгіз,
Қайратыңның қаһарынан нұр жүзгіз. (27-бет)

Бұл сөзіме мейді нанбас, нанасың... (24-бет)


Жалғаулар жайлы айтуым болашақта жас ақынның мұндай бірен-саран қателікке де ұрынбасын деген тілек деп білерсіздер.

(Тағалам, өмір бердің мың рахмет! (23-бет)

«Қазақтың монологы» өлеңінің бұл жолындағы «тағалам» сөзі көбіне көп «Алла тағалам» болып сөз тіркесі түрінде қолданылатынын ескерсек, Олжасқа өзге жолын қарастыру дұрыс болар ма еді?)

Ал енді кітаптың алғашқы беттерінде ізіне ерген жасқа сәт-сапар айтқан ақын ағамыз Жәркен Бөдештің Олжас жайлы оңды пікірлеріне келісе отырып, біз де жас ақынға «поэзиядағы өз орнын табуға деген талпынысы жемісті болсын» демекпіз.

(Қасым Олжас. Бозбеткей: өлеңдер – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2012. – 96 б.)



РАЙМА АУЕСХАН
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология, әдебиеттану және
әлем тілдері факультетінің
3-курс студенті



Нұрлан Қами әңгімелерінің көркемдік ерекшеліктері



Белгілі қоғам қайраткері, неміс жазушысы И.Р.Бехер: «Өз басым суреткерлік деген ұғымға бірегей қараймын, ал сол суреткер өмір материалын қай жанрда, қай формада жеткізеді – поэзия ма, проза, ол оның жеке шаруасы», – деген екен. Поэзия мен проза автордың айтқысы келген идеясын жарыққа шығарудың құралы. Проза поэзиядан гөрі жеңілірек деп қалыптасқан атүсті пікірдің көпшілік санасына әбден орнығып алғанына да көп болды. Иә, поэзия күн санап дамып келеді. Қазіргі жастардың жазып жүрген өлеңдері де көкейге қонарлық. Мазмұн мен пішін жағынан да жақсы үйлесім тапқан. Бүгінгі жастар өз дәуірін суреттейтін соны туындылар тудырып жүргені айтуға да мақтауға

тұрарлық. Ал, проза ше? Проза неге кенжелеп қалып барды? Бүгінгі таңдағы прозада көркемдік, әсем айшық, бедерлі тіл жоқ деп, шулап жүрміз. Шындығында, прозаның ұлы көші тоқтаған жоқ. Бүгінде көркемдік дәрежесі биік, өз заманына лайық жақсы әңгіме, повесть, романдар жарық көруде. Бірақ бұлардың арасында да оқырманға өтімсіздері бар. Қазіргі кезде сынның да тоқырауға ұшырап тұрғаны қынжылтады. Эстетикалық талғамы биік, табиғаты көркемдікке құштар, өрелі сыншылар дәл бүгінгі күндері қазақ прозасына ауадай қажет екенін айта жүргеніміз абзал. Қазір жария, жарнаманың заманы десек те, шын талант жарқ етіп, бір шығары анық. Қазіргі прозадан жақсы туындыларды жазушы, аудармашы Нұрлан Қамидың шығармашылығынан кездестіруге болады. Ол асықпай толғап, баппен жазатын қаламгер сияқты. Осы уақытқа дейін «Көк Қақпа», «Кездесу» атты кітаптары жарық көрген. Шыңғыс Айтматовтың «Кассандра Таңбасы», «Шыңғыс ханның ақ бұлты» сынды шығармаларын тәржімалаған. Көптеген әңгіме, аудармалары «Жұлдыз», «Жалын» журналдарында жарияланып жүр. Қалмгердің 2010 жылы «Қазақ тарихы» баспасынан жарық көрген «Көк Қақпа»

кітабына әңгімелері мен хикаяттары топтастырылған. Кітапқа енген хикаяттары: «Шал», «Темірқазық», «Хан Мөде», әңгімелері: «Тау қызы», «Бір түні», «Кездесу», «Степаныч», «Қарт Қожақ», «Қар адамы», «Шизофрения», «Сұрақ», «Көк қақпа» секілді әр алуан тақырыптарды арқау еткен сырлы дүниелер. Жазба әдебиетіміз қалыптаспай тұрғаннан бұрын да халық ішінде әңгіме жанры болған. Қарттарымыз ауызбен небір тамаша, тағылымды оқиғаларды, батырлар ерлігін әңгімелеп отырған. Ежелден әңгімеге елітіп өскен халқымыздың жазба әдебиеті қалыптасқаннан кейін де жұрт жүрегіне ең жақын жанр әңгіме болды. «Әңгіменің жүрегі адам характері ... Тыныс тіршілігі көркемдік тартыс», – дейді белгілі сыншы Асқар Егеубаев. Осынау көлемі шағын жанрдың көтеретін жүгі ауыр. Басты қызметі оқырманын елітіп, көркемдікке жетелеп, өмірдің бір ақиқат сырын көркем образдарымен ашып көрсету. Замандас бейнесін сомдау, сол арқылы дәуір тынысын көрсете білу. Әрі шағын, әрі жазуға оңтайлы көрінгенімен әңгіме жазу қиынның қиыны. Алғашқы әңгімесін алтыншы сыныпта жазып бастаған Нұрлан Қами – әңгіме жазуда өзіндік

машығы қалыптасып қалған, бағыт-бағдары айқын жазушы. Әңгіме жазуда қаламгерге ең бір керек қасиет – жинақылық десек, сол жинақылық Нұрлан Қами әңгімелерінің өн бойында тұнып тұр. Нұрлан Қамидың әңгімелерін жақсы жазылған, соны туындылар деп бағалар едім. Себебі, бас аяғы ықшам әңгімелерінен суреттеліп отырған өмір шындығын анық көруге болады. Бір қызығы автордың идеясы кейде мәлім кейде жұмбақ күйінде қалып қояды. Мысалға «Степаныч» әңгімесін алайық. Бастапқыда әңгімені оқып отырып, жазушының идеясын тап басып таба алмадым. Степаныч әскерге кетерде жолашар кешін өткізіп, арты төбелеске ұласып, масайып қалған көршісімен төбелесте аяғына нән балға – куәл құлап кетіп, кейін аяғы тізесінен шорт кесілген мүгедек адам. Ол күн сайын бір бөтелкесін жата - жастана жүріп, өзін сонау бала кезінен сүйетін Надяны ішіп алса болғаны, таяқтың астына алады. Бірақ өзінің аса бір ерекше қасиеті бар. Ол кітапты өте қадірлейтін адам, бір орында оқып, болғасын өз орнына қоюды әдеп санайды. Тіпті Абайдың да өсиеттерінен хабардар, сонысына қарап өзі білімді адам ба? деп қаласың. Кемтарлығым түбінде бетіме салық болады деп махаббаттан қашқан Степанычты еріксіз аяйсың. Оның аянышты өмірінен бізді Степанычтың үйін жалдап тұрған Нұр есімді жігіт хабардар етіп отырады. Мұнда тұрған не бар? Аяғы кемтар ғаріптің ішімдікке салынуы, рухани күйреуі баяғы тақырып секілденеді. Д.Исабековтың «Пері мен періште» повесімен тақырып жағынан ұқсас келетін тәрізді. Мұндай ұқсастық жазушының тақырып таба алмағандығынан емес, бұлай деп қарау тіпті адами қасиетке сын болар еді.

Керісінше ұқсас идеядан туса керек. Өз өмірінде ертеңі үшін талпынып, жаңалық іздеудің орнына, арақ дейтұғын ащы судың құлы болған Степаныч Глеб атты досына: «Ресейде болып көрдің бе? Болған жоқсың. Болмай-ақ та қой! Неге екенін айтайын ба? Былай! Біз де ішеміз ғой, бірақ ішіп жүрсек те жұмысымызды істей береміз. Өзімді айтып тұрған жоқпын, әрине, мұны түсінетін шығарсың. Ал олар, қолдарына айлық тисе қашан таусылғанға дейін бүкіл түп тұқиянымен жабылып ішеді. Жұмыс қалады жайына! Ал жалқаулығын мен айтпайын, сен сұрама... Оларды көрсен өзіңнің орыс болып туғаныңа ұяласың. Өз тілін ұмытып, орыс болғысы келіп жүрген басқа ұлттар үшін ұяласың!» Степанычтың аузына мұндай сөз салған жазушының идеясы не? (Автор бұл әңгімесін 2003 жылы жазған екен.) Бұл сонау қасиетті Тәуелсіздігімізді алғаннан бергі уақыттағы ең өзекті, ең келелі тіл мәселесі! Ұлттық сана, идеясы астармен өте шебер көрініс тапқан. Өз ана тілін ұмытып, әлі де болса орыстардың ырқынан шыға алмай, орыстанып жүрген қазақтарға, рухани азғындауын дәл сол ұлықтаған орыстардың аузымен айтқызып отырған Нұрлан Қами шынымен де шебер, өзіне тән стилі бар қаламгер. Өзінің қазақ екенін сезінбейтін, ана тілін құрметтемейтін, көкірегінде саңылауы жоқтарға бұдан асқан ауыр сөз, сын жоқ. Қайыр ханды сатқан Қарашоқыны Шыңғыс ханның өлтіргені сияқты орыс деп орыстанып жүргендерге орыстың бұлар үшін ұяла қарауы үлкен сабақ! «Көк қақпа» жинаққа берілген атау. Жалпы осы кітапты жазуда, автордың басынан өткен оқиғасы негіз болған, тақырыпты аша суреттеуде жаңа бағыт байқалады. Бұл


тақырыбы мен идеясы тым ауыр жүк арқалаған маңызды әңгіме. Автор түсіне көк қақпа кіргенін, бір емес біршама уақыт көргенін, әр көрген сайын қақпаны аша алмай, аласұрып, біркүні әйтеуір ашқанын, ашса қақпаның ар жағында, ауаға ілініп қазақтың қара домбырасы тұрғанын, қасиетті домбыра бір күні дыңылдай бастағанын қызықты әңгімелейді. «Бажайлап тыңдасам домбыраның үні, бірақ өзім сүйсіне тыңдайтын, түсіне бермесем де көңіліме жағып, көкірекке шуақ құятын, жылт етпе, жалт етпе ұшқыр сезімдерді тежеп, толғанысқа, тебіреніске шақыратын кәдуілгі үйреншікті қоңыр күмбірге қоса қобыздың зарлы ызыңы мен сыбызғының сәнді шырылы да естілетін сияқты, замана мен уақыттың қатпар қатпар қабаттарын көктей өтіп, талыға да құмыға жеткен, бірақ күш қуатын жоғалтпай, керісінше, толықсып толыға түскен күрделі саз». Әңгіме барысында қақпаның сыры мен жұмбағын шеше алмай, оқырманын өзімен бірге ойландырып, толғандырып оқиғанын шарықтау шегінде көзімізді ащы шындыққа жеткізеді. Кеше қандай жаужүрек, намысшыл, өр ұлт едік, бүгін қандай халықпыз? Санамыз азып, салтымыз тозып әлдекімдердің қолшоқпарына айналып рухани күйзелген сол жылдарға кім кінәлі? Басқалардың қолжаулығына осы айналғанымыз да жетер деп, баскөтеріп тәуелсіздік үшін жан қия күрессек те, бүгін сол күрестің неге ізі де қалмаған? Сондай жанкештілікпен қорғап, жеткен тәуелсіздікті кім қастерлемейді? Кімдер туған тілін менсінбей, өзгелердің ырқынан шыға алмай жүр? Олар – айналып келгенде, тағы да біз! Қандай ауыр да ащы, жан түршігерлік шындық! Автор осыны кеш түсіндім деп ата бабаларымыздан «аманатқа

қиянат еткенім үшін кешір»,- деп өтіне өкіріп жылап жатса, біздер неге ойланбасқа?!

«Қоңыр күйдің сарынымен бірге көкейіме құйылып, көкірегімді толтырған бабамыздың аманаты осы, құрметті оқырман»,- дейді Нұрлан Қами. «Қар адамы» әңгімесіндегі мына суреттеуге назар салайықшы: «Бесінші күн қарлы шаң борап қоя берді. Теріскейден жел тұрыпты. Жылдағыдай ойнақши бұрқырап, екпіндеп соғатын тентек жел емес, өз салмағын өзі көтере алмай тұншыға гуілдеп, ауыр жылжыған сүп - суық ағын. Бозара сазарған аспаннан құмдай ұсақ қар төгіліп тұр, шайқала толқыған қою жел оны жерге тигізбей қақшып алып, әлдеқайда қуалап әкетіп жатыр, бірақ ұнтақ қардың азаятын түрі байқалмайды, аузы-мұрныңды бітеп, тыныс алуға мұрша бермей, көмейіне кептеледі. Аяз бірден-бірге күшейіп барады...». Әңгіме осындай боранды күндері мәушарбақтың (балкон) есігін қағып тұрған, шақырылмаған қонақтың үйге кіріп, өз өмірін түні бойы әңгімелеуімен жалғасады. Ол тарих пәнінің мұғалімі екенін, әйелінің «ақша тап» деп қыңқылдауымен базарға шығып ет сатқанын, орыс кемпірдің үйін жалдап тұрғандары, жығылғанға жұдырық дегендей базар басшылары етін тәркілеп, бар ақшадан құр алақан қалуын, сөйтіп үйсіз-күйсіз жүргенінде әйелінің үй иесі, орыс кемпірді – «өлтірейік» деуімен әңгіме шиеленіседі. Айтқанына көнбегесін әйелі сол орыс кемпірдің ұлына тұрмысқа шығып, әлгі ғаріпті үйден қуып жібереді. Бес күнгі бораннан әйел- бала шағасының қамын ойлап ақ қар - көк мұзға қарамай отын - суын қамдағай келіп, келуін келсе-дағы ұзақ уақыт ішке кіре алмай, ұлып тұрған боранға қарамастан тауға қарай кетіп бара жатқан

оның ендігі халі белгілі. Қарапайым түсінікті тілде жазылғанымен, сөзбен сұлу өрнек сала суреттеп, онан әрі тосын оқиғамен өрбитін бұл әңгіменің де жұртқа айтары көп. Осы әңгімесі арқылы автор адам санасының қаншалықты азғындап бара жатқанын көрсетіп, философиялық ой түйеді. Автор өзінің әңгімелерінде осы заманның сыр - сымбатын ашып көрсетуді мақсат еткен. Әңгіме жанры бүкіл бір қоғамның әлеуметтік-психологиялық сипатын толық көрсете алады. «Шизофрения» (Банкирдің әңгімесі) әңгімесін алып қарасақ, бұл әңгімеден ХХ ғасырдың соңғы ширегімен ХХІ ғасырдың басқы кезіндегі қоғамның бет-бейнесі анық көрініп тұрғандай. Экономист жігіттің әйелі және досымен бірігіп банк ашқанын, онда да ол банкіні қайнағасының таныстары арқылы ашқаны, сонысы кейін өзіне таяқ болып тигені туралы баяндалады. Банк ашып аузым енді аққа жете берді-ау, деп ойлап жүргенінде бар билікті қапыда қайнағасына беріп алып, өзі қолында билігі жоқ қуыршақ бастық болып, екі қолы алдына сыймай қалған бәсекең ақырында әйелін досынан қызғанып, ізін аңдимын деп жүріп мәушарбақтан құлап кетеді. Сөйтіп жүріп аурухананың төрінен бірақ шыққан бәсекеңнің өмірі адамға біртүрлі ой тастамай ма? Әуелгіде сауда саттықпен адал ақша тауып, бас көтермек болған кейіпкер банк ашу үшін бәрібір де қайнағасының таныстарына жүгінуі, оларды қонақ қылып сыйлауы бәрі дерлік бүгінгі заманның бет-бейнесі. Әдебиет сыншысы Белинский шығармашылықтың еркіндігі дегенді оның өз дәуіріне қызмет етуі деп ұққан. «Ол үшін өзі қиялға зорлап, тақырыпқа табындырудың қажеті жоқ; ол үшін тек азамат бола білу керек, өз қоғамының, өз ғасырының ұлы бола білу керек; өз бой-

ына соның мақсатын сіндіріп, өз мүддесін соның мүддесіне білу керек»,- деген екен. Иә, әр қаламгердің басты мақсаты мен асқақ арманы да осы болса керек. Заманына үн қосу, қоғам шындығын бүкпелемей суреттеу. Оқырманның көзін ақиқатқа жеткізіп қана қоймай, эстетикалық ләззат сыйлай білу. Нұрлан Қами сонау 80 жылдарда, алғаш әдебиетке келгенінен бері өзінің жаңашыл, соны туындыларымен қазақ прозасына өз үлесін қосып жүрген қаламгер. Демек, қазақ прозасы бүгінде бір орында тоқтап қалмапты. Қайта, оқырман жұртшылықтың оқуға құлшынысы бәсеңдеп қалған сыңайлы. Бүгінгі таңда проза жоқ деп, барды жоққа шығармай, керісінше жоғалтып алған оқырман қауымды жоқтайық. Олай болса оқырман сіз бен біз, жазушылар, сыншылар болып прозамызды жұмыла дамытайық!





ҚАЙСАР ҚАУЫМБЕК

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология, әдебиеттану және
әлем тілдері факультетінің түлегі,
“Massaget.kz” сайтының тілшісі

ЖҮРЕГІМДІ ЖЫЛАТҚАН СОЛ БІР СӘТТЕР-АЙ...

Бұл өмірде тек ата-ананың перзентіне деген махаббаты ғана ең терең, ең таза, ең асыл махаббат. Өйткені бұл махаббат пендешіліктен мүлде ада. Олардың сенен басқа сүйері жоқ. Олардың сен үшін, сенің олар үшін жас төгуін әлсіздік емес. Махаббат үшін езілмеген жүректен не қайыр?! Махаббат үшін жас төкпеген көзде не қадір болмақ?!

1. Бала күнім. Үйге жаңа теледидар сатып алдық. Мен оны қонақ бөлмесіне қояйық десем, анам «әкең екеуіміздің жатын бөлмемізге қояйық» деп қосылмады. Мен қиғылық салып қоймаған соң, ақыры қонақ бөлмесіне қойды.

Арада бірнеше жыл өткен соң анам бір хатында: «Баяғыда теледидарды әкең екеуіміздің жатын бөлмемізге қояйық дегеніңіз себебі, сені үнемі біздің бөлмеге кіріп тұрар ма екен, бізге көбірек жақын болар ма дегенім еді...» Мұны оқып көзіме жас алдым.

2. Анам қатты қарбалас жұмыстарымен жүретін. Тек кешкісін ғана мені көре алатын. Бірде түн ортасы болғанда достарым телефон шалып, кешкі отырысқа шақырды. Анама білдірмей орнымнан тұрып, есік алдында аяқ киімді ауыстырып жатыр ем, ту сыртымнан анамның дауысы естілді: «Мені де бірге ертіп алсаң болмай ма?...» Мен сол сәтте басымды көтеріп оның бетіне қарай алмадым.

3. Әкем ауруханадағы операция залынан төрт-бес сағаттан соң зорға шықты. Ол өзін осыдан тірі қалмапсын деп ойлады ма, мені көру үшін қатты іздепті. Сөз сөйлеуге шамасы келмегендіктен саусағымен дәрігердің алақанына менің атымды жазыпты. Сосын ғана басқалар әкемнің мені іздегенін біліпті... Сол кезде ойласам әкемді қатты сағынамын.

4. Әкем қатты ауырып жатқан күндерде жарты ай бойы естусіз жатып қалды. Есін жиган күнгі айтқан ең алғашқы сөзі, шешеме қарап: «Баланың мектептен қайтар уақыты болды, сен барып тамақ әзірле...»

5. Нағашы атам өмірден озды. Біз соңғы сапарға шығарып салып, ақиреттік жұмыстарын бітіріп, үйге қайттық. Кешкісін анам маған: «Құлыным, мен әкемнен айрылдым. Анаңның енді әкесі жоқ болды...» деді. Мен анамды құшақтап қосыла жыладым.

6. «Үйде жалғызбын. Әкең де жоқ. Бүгін тамақ жасағым келмеді. Прәндік жеп отырмын. Айтпақшы, сенің әлгі мысығың да қасымда отыр...» Мен иен үйдегі анамның жалғыздығын сезініп, тағы да жылағым келетін.

7. Бала күнімде қатты ауырдым. Неден ауырғаным белгісіз, дәрігерлер де еш амал таппапты. Отбасымыздың да берекесі қашыпты. Ауруханада әкем маған дәрі ішкізіп отырғанда, абайсыз шашалып қалыппын. Анам жүгіріп кіріп, әкеме ұрсып, дәріні өзі ішкізді. Аздан соң әпкемнен әкемді сұрап еді. Әпкем сыртқа жүгіріп шығып, қайта кіріп: «Әкем сыртта жылап тұр екен...» деді...

8. Тәй-тәй басқан күннен бастап әкемнен қалмай ілесіп жүретін едім. Жол жүргенде мен үнемі оның кішкене саусағынан ұстап алатынмын. Және содан ажырамайтын едім. Бұлар ұмыт болғалы қашан?! Қазір әкем қартайды. Бірде әкеммен сейілдей жүріп әңгімелестік. Үнсіз келе жатқан әкемнің саусағына қолым

түсіп кетіп, көзіме жас үйіріле берді. Ол жол жүргенде басқа саусақтарын жұмып, тек кішкене саусағын ғана шығарып жүреді екен.

9. Бірде жұмыс қарбаластығынан ауылға қайта алмадым. Кейін естисем әкем сол күні суық тиіп, ауырып қалыпты. Анамның айтуынша ол сол күні адамы сирек ауылдың көлікбегетінде мені түн ортасына дейін күтіпті. «Ол келмейді, келе алмаймын деп айтқан» деген сөзіне: «Егер ол қалжыңдаған болса ше? Сөйтіп, аяқ астынан бізді қуантайын деген шығар» деп тағы да жолға телміріп тұра беріпті...

10. «Тамақ дайын болды. Бол, тамағыңды ішіп ал». Бұл менің кішкене күнімде анамның ең көп айтатын сөзі еді. «Сендер іше беріңдер, мен жаңа сырттан ішіп алғанмын» деп жауап беретінмін. Қазір жұмыстамын. Тамақ іште мұрса жоқ. Анамның дауысы құлағымның түбінде жаңғырып тұр.

11. Жетімдер үйіне бардық. Бір кішкене баладан «нені жақсы көресің» деп сұрап ем, «ұйықтағанды» деп жауап берді.

- Не үшін?

- Ұйықтасам түс көрем. Түсімде папа-мамамның түрін көргім келеді. Неге мені тастап кетті екен, соны сұрайын деп ем?

- Түсімде көрдің бе оларды?

Ол менің бұл сұрағымға таң қалып, біраз тұрды да «мен оларды танымаймын ғой» деді...

12. Мектеп бітіріп, Алматыға оқуға аттандым. Бала күнімнен бірге өскен көрші қыз мен аттанарда кітап сыйлады. Пойызда отырып әлгі кітапты ашып ем, ішінен майда 2000 теңге ақша саудырап түсті. Және кітаптың алғашқы бетінде «Сен оқуға аттанып барасың, сөзсіз жақсы оқы. Егер қала тұрмысына үйрене алмасаң, мына ақшамен билет алып қайтып кел. Мен сені күтем!» деп жазылыпты. Осы әңгімені кейін келіншегіме айтып беріп ем, ол өзін кінәлі сезінгендей көз жасын бір мөлдіретіп алды...

13. Шетелге оқуға аттанар алдында әуежайда тұр ем. Анам телефон шалды. Кеше ғана қоштасып шыққанмын. Анам: «Бір істі ұмытып кетіпсің. Ұшақта отырғанда төменге қарама, басың айналады. Ұшақтың терезесін ашпа!» деді қайта-қайта тапсырып. Сіз күдерсіз. Ал мен жыладым сол сәтте.

14. Үлкен ағамның келіншегі қайтыс болғанда бес жасар сүйкімді қызы жетім қалды. Біз оны «маман ертең келеді» деп күнде алдайтын едік. Бейшара сәби есік алдында ойнай жүріп, қайта-қайта қара жолға қарағыштап қоятын. «Қашан келеді?» деп жылайтын кейде. Бірде әжем «Құдай-ау, келінімді алғанша, мені алсаң етті» деп кемсеңдеп отыр еді. Кішкене қарындасым «Әже, «келін» ертең келеді» деп бәрімізді жылатты. Әжесін алдаусыратып отырғаны...

15. Университетте оқып жүрген кезімде түнімен қыдырып, түске дейін ұйықтап жатқан бір күнім еді. Телефоным қайта-қайта шырылдап қоя береді. Басып тастаймын. Тағы шырылдайды. Әкем екен. «Түүүү, әке! Ұйқымды бұзып, маза бермедіңдер ғой!!!» Әкем сабырлы қалпын бұзбастан «Қайдан білейің... Айтпақшы, саған ақша салып жіберіп ем... Соны айтайын деп... а, сен ұйықтай бер...» Сол сөзім үшін өзімді әлі кінәлап келем.

16. Шетелдегі оқуымнан қайтып келген күнім. Ас үйде анаммен әңгімелесе жүріп, оған көмектесіп жатырмын. Анам үйде мен жоқ кездегі қызықтарды айтып жатыр. «Бірде үйге қонақтар келіп, бәрі де сені мақтап, «дарынды бала болды» десті. Мұны естіген әкең қуаныштан көзі жасаурап кетіп еді, досы қалжыңдап «мынау ұлын сағыныпты» деді күлдіріп. Әкең есін дереу жинап, «қайдағы, ол тентек үйде болмаса мен тәуір-ақ демалып қалады екенмін» деді қосыла күліп. Аздан соң есік алдына шықсам, әкең темекі тартып, әлсін-әлсін кішкене бала құсап көз жасын сүртіп отыр. Ұят-ай еркек адамға...» деп әкемді мазақтай, өзі де көзіне жас алып күлді анам. Мен бір жағынан жеміс жуып, бір жағынан пысылдап жылап жатырмын.

Мәңгілік үшін күрес



ҚЫМБАТ СЛЯМБЕК

әл - Фараби атындағы ҚазҰУ

Филология, әдебиеттану және әлем тілдері
факультетінің 2 -курс студенті

Баба тарихтың безбеніне бейіл бұрып қарар болсақ, қазақ деген қайсар халықтың өмір бойы, бүгінге дейін күресіп өткенін, тырмысып өткенін байқаймыз. Әу баста жер үшін күрестік дейміз, дұрыс, себебі жер Мөде қаған айтқандай «елдің меншігі, мемлекеттің негізі» еді, «ұлтарақтай жеріміз жаттың табанында тапталмасын» деп тізгінін босатпай, тілерсегін тіздемей күресіп өтті. Бірақ, қараңызшы, текті бабамыз жер үшін ғана емес-ау, бүкіл болмысымен ділін, тілін, дінін сақтап қалу үшін күрескен екен-ау. Жер үшін деу бергі жағы, ал арғы жағы аттай рухани құндылықтарымыз құндақталып жатыр екен ғой. Сарбаз сақтардың тарихтағы болмысын байқасақ, жауынгер халық жауынгерлігімен жерін емес-ау мәдени болмысын қорғанғандай, бұл бабаларымыз жат мәдениеттің ықпалында қалудан қатты сескенген, өз мәдениетін тәрк етіп алмауды ойлаған. Сол түйсігіне басып әлемнің жеті ұлы адамдардың қатарында айбыны асқан ақсақал абыз Анақарысты да жат мәдениеттің, яғни, эллиндік мәдениеттің нәрін татқаны үшін оққа байлады, Анақарыс эллиндік дәстүрді танытамын деп жүріп өзектестерінен өлім құшты. Сол сияқты Анақарыстың жолын қуған Ескіл (Скил) де білімге құмартып ел аралады, ақыры эллиндік мәдениетті қабылдамақ болып, тас мүсінге табынып жатқанда тағы да жантастарынан жантәсілім болды. Орқан бәдізінде де «тілі тәтті» табғаштардың ділінен сақтану тек тасқа қашалып емес-ау, әрбір түріктің жүрегіне түптеп жазылған. Дана Тонькөк те түркі қауымының будда дінінен бас тартуды, ол дінге кірген соң «түркі елім қалың шүршітке сіңіп, елдігіңнен айырыласың» деп өсиет еткен. Бүгінге дейін отаршыл орыс өкіметінің «рухани интервенциясына», яғни, шоқындыру саясатына ұшыраса да, қазақ осы күнге дейін өз дінінен айырылмаған. Демек күресіп өткен!

Бабаларымыз ділі мен діні (жері үшін) қалай күрессе тілі үшін де дәл солай күресті. Сонау Қашқарлық Махмұттан, қас хажиб Жүсіптен басталған тіл тазалығы үшін күрес бүгінге дейін жалғасуда, бүгін де күрес үстінде. Махмұт Қашқаридың «сөздікті» құрастырудағы мақсаты таза түркі тілін ұрпаққа аманаттау үшін еді. Алғашқы тілші ғалым осылайша араб лингвистикасынан тағлым ала отырып таза әдеби тілді

түгендеу үшін еңбек етті (күресті!). Ал қас хажиб Жүсіп бабамыз өзінің «Құтты білік» (бақытты болу жайлы білім) шығармасын түркі тілінде жазу себебін былай тәпсірлейді: «Бүгінге араб, парсы тілінде жазылған бітіктер көп, ал ата тіліміз – төл түркі тілінде жазылған шығарма жоқ. Сондықтан біздің құтымызды, тілімізді ұлықтайтын кітап керек, арабша, тәжікше жазылған кітаптар көп, ал, бұл – біздің тіліміздегі тұңғыш даналық жинағы» (В. Радлов). Және шығармасында дәуірлеп тұрған қараханидтердің «Бір түрк тілінде сөйлеңдер!» деген аманатын негізгі идеал етіп алған. Бұл еңбек өз кезегінде араб тілінің басқыншылығына қарсы түркі тілін түлетті, гүлдендірді, бүкіл әлемге түркі тілін таңытты.

Ал ұлы түрік тектілігіне басып бүкіл күресіне күреудей нүкте қою үшін мәңгілікті мазмұн қылып тас бәдіздерді тарихқа қалдырғандай. Иә, тек өкініштісі, мұны тарихи жәдігер, рухани құндылық деп түсінбеген діни фанатиктер тарихи мұраның тас талқанын шығарды (О.Сүлейменов деректерінен). Сол төл тіліміз үшін ортағасырда өзбекше, тәжікше шүлдірлеген шағатай (ескіөзбек тілі) тіліне қарсы күрес жүргізген дала даналары – жыраулар еді, татар башқұрттардың дүмше тіл оралымына қарсы Абайлар қарсы тұрды. ХХ ғасырдағы орыс тілі мен ноғай-өзбек тілдерінің басқыншылығына қарсы Алаш арыстары антибасқыншылық әрекет жасады.

Қазақ қадым заманнан атам заманға өтіп бүгінгі күнге дейін неге осынау «оспадар» территорияда өзінің бір тілдік, бір діндік өзектестігін өзгертпей сақтап қала білген. Көптеген шағын территориялы тілдердің өздерінде диалектикалық диспропорция (ерекшелік, мысалы, Италияда 78 диалектикалық тіл бар) қазақ тілінде байқалмайды (және де ғалымдар қазақ тілінің бұл ерекшелігін жақсы бағалайды). Және де дінінде де – ислам хақ дінін ұстануда да (Имам Ағзам жолын тұтынуда) өзгешелік жоқ. Себебі бүкіл қазақ халқының түйсігінің түйінділігі, қалың қазақ бір тіл мен бір дін үшін күрескендігінде, мынау мифологиялық алып арыстанның бейнесін синтездейтін алып территория – қазақ бірлігінің, қазақ күресінің айғағы. «Ел тарихы – жер тарихы»...

Сонау сағым тарих сындарынан басталған ұлы күрес, әйтеуір, әлі жалғасуда, тектілігіміз тегімізден айыртпай тырмыстырып тұр. «Орқан» бәдізінде бәйіттелген «Мәңгілік» идеологиясы әлі жалғасуда. Демек, қазіргі ұрпақтың әлі миссиясының аяқталмағанын байқаймыз, біз сол мәңгілік күрестің күре тамырын күрт үзіп алмай жалғастыруымыз қажет, қазірде біздер батыстың мәдениетіне қарсы күресудеміз, иә, күресу керектіз (осыны түсіну керек! Маңдайға жазылғаны сол болар...). Мәңгілікке мотивация – мәңгілік күрек. Иә, даланың жазылмаған дара заңы осылайша даналық таңытады...



Оһо, жалған, ақындықтың мезеті Өтіп кеткен екен ғой...



МҰРАТ ШАЙМАРАН

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика
факультетінің аға оқытушысы.
Ақын. “Түнгі сарын”, “Еркін аспан өлеңі”
атты жыр жинақтары жарық көрген

Алматы

Жалаңаш жалаулар, ұрда-жық ұрандар,
Және де тұмаңдар,
Тұмаңдар – Күмәндар.
Шаң басқан балағын шәкене Қазақтар,
Ғаламның сиқырын білетін Сығандар.

Кірлеген кіндіктер, ісінген Кеуделер,
Лыпасыз әсемдік көшеде сенделер.
Қиқуы ғаламның, тойымсыз құшақтың,
Рахатын мастана жырлайтын Теңгелер.

Қол жайған Бөбектер, иесіз Төбеттер,
Жарқын күн! Бір саған апарар жоқ өткел.
Атақты ақынның көшесі бойында,
Бір тілім нан үшін өртенген Өзектер.
Қатыгез қарлы шың, тасбауыр белестер,
Кемеңгер Ойлар мен кемелі жоқ Естер.
Кеңсайда айқайлап жататын Әруақтар,
Кештерде әйнекті қағатын Елестер.

Қаңғырған Бұлақтар, қартайған Емендер,
Еменге асылып өлетін Өлеңдер.
Қайғынын шарасын шайқаған Шайырлар,
Шайырлар–Жүректер,
Жүректер – Шемендер...

Жазылмас жараңның тапсам деп бір емін,
Мойныма бүршақ сап Алладан тіледім.
Булыққан төсімде бүлк етіп жатырсың,
Алматы – О менің жаралы жүрегім.

Аңсау

Өрте мені түннің қызыл кірпігі,
Жанып-сөніп күл боп тынам бір күні.
Заты бөлек безбүйрек бұл заманда,
Ақын болып өмір сүру күлкілі.

Жүрегімнің іші – заһар,
Басында – у,
Аласұру,
Адасу һәм тасыну.
Мені өзіне баурайды да тұрады,
Қожа – Хафиз ғасыры.

Ағыл-тегілсөз емшегін идіріп,
Аспан ойды алты жолға сыйдырып,
Сол шалыңмен шарап ішіп отырсам,
Сахи досқа құйдырып.

Мәйхананың мысын басып дүбірім,
Жыр оқысам бар дауыспен бір ұлы.
Көшпендінің шайырына көз сүзсе,
Парсылардың пәранжалы сұлуы.

Тереңдігім теңізбен тек өлшенсе,
Бір хикмет боларына ел сенсе.
Аты аңыздай Хафизіңнің өзі де,
Қызғаныштан өртенсе.

Кемерім кең,
Төгілмеспін шайқалсам,
Мен құсап айт!
Арманыңды айта алсаң.
Айбатына сенген Ақсақ-Темірің,
Ат басындай алтын беріп қайтарса.

...Байлық-даңқ ете алмайды мені елең,
(Сені ғана қайтам алып, о, Өлең!)
Ат басындай алтыннан бар аруға,
Сыңғырлатып сырға жасап берер ем...

Қайың бүрлеп,
Түзегенмен шетен бой,
Гүлдің реңі,
Нілдің өңі бөтен ғой.
Оһо, жалған, ақындықтың мезеті
Өтіп кеткен екен ғой...

Ли Бай кесенесі басында

Көтер басыңды, Балқаштың ұланы!
Серт еткен жұлдыз бен күмбезді күн атын,
Сен туған өлкеден жусанды-жуалы,
Келіп тұр бір ақын.

Сен менің шығысқа шашылған қанымсың,
Үйсіннің немесе жауынгер Сақтардың.
Тағдырын ойнатқан тәкаппар тағысың,
Ұшында шоқпардың.

Санаңда Сарыарқа сағымын бұлғаған,
Ақырған қымызға кепті ме кенезең?!
Шөліңді баспайды Шыңжияң да тулаған,
Баспайды Сарыөзен.

Пифаның әуезі,
Қып-қызыл шырақтар,
Мәйхана төрінде масаңдау шерменді ер.
Жырыңда кісінеп жүреді пырақтар,
Аңқиды ермендер...

Аңсары жеті қат аспанман өлшенген,
Талпынған шалғайға Шайырдың жаны – құс.
“Шараптан өлді!” деп айтады,
мен сенбен,
Өлтірген – сағыныш!

Дақпыртыңа елтіп, даңқыңды жырлаймын,
Патша да қасыңда өртенген намыстан.
Құшам деп сәулесін батыста нұрлы айдың,
Мерт болған Арыстан!

Мен енді кетемін,
Шақырған жолдарым,
Бостандық аңсаған арғымақ арманым.
Мені ұстап қала алмас Қытайдың қорғаны,
(Орыстың орманы).

Алқынған ағыспын,
Шу асау өлеңмін,
Өзгенің қолыңда қалдырма, Тіршілік!
Егер де мен өлсем,
өлермін –
Балқашқа түншығып.
Қош бол, Мұңлық...

Апама

Әр күніңе таң болып күле кірем,
Гүлің болам, бағыңа мың егілем.
Саған алқа сыйлар ем, қалтам тесік,
Мөп-мөддір ғып мойныңа жүрек ілем.

Тыныштығын жанымның түнге ұрлатып,
Жыр жазамын, бұл – азап, бұл бір бақыт!
Қиялымның шетінен қиып алып,
Сырға тағып беремін сыңғырлатып.

Олқы соғар бір саған бұ да, сірә,
(Сыйлық күтпес ұлынан кім асыға).
Жүзіңдегі жылдардың дағын анау,
Жуып берем ойымның тұмасына.

Шырқасам деп халқымның аяулы әнін,
Сағат сайын, сәт сайын ояу жаным.
Самайыңның ағына берем жағып,
Қара түннің түп-тұнық бояуларын.

Сырқатыңның жараса бір еміне,
Сөзім менің, басқаша тілегім не.
Нұры тайған көзіңе сәуле беріп,
Мақтанышпен қаратам жыр еліне.

Одан өзге қолдан жоқ түк келері,
(Байтағынан байлықтың күтпе мені!)
Қазірше мен ел кезген диуанамын,
Адастырған өлеңнің нүктелері...

Тарқамаған бойынан далам шері,
Жұмақ күнге жетелеп барам соны!
Қартайсам да, қайрыла, бір еркелеп,
Алу үшін, жан Апа, табам сені!





БЕКЗАТ СМАДИЯР
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология, әдебиеттану және
әлем тілдері факультетінің 3-
курс студенті

Май тамады қылыштан, Қан тамғаны жөн еді...

Есінеген тарихтың ұйқылы-ою көшінде
О, жауынгер сұлулар омырауы кесілген!
Домбыраның шанағы, қыл Қобыздың көнегі
Май тамады қылыштан,
Қан тамғаны жөн еді...
Сексен шалдың сақалын салалаған назды жел
Сүлей Қорқыт мұңына арқау болған сазды бер?!
Қырық кәнизәк қанына шомылатын ханшалар
Менің бабам құшағын аңсайды екен соншама.
Табынғанда ең ұлы шайырлары парсының
Миығымен қарайтын көшпенді қыз бәлсініп –
Кешегі Түн маған кеп халін айтты шідерлі
Мен – еңіреп жібердім!
Балбалы өлген Тас ғасыр тебіренбеді бүлінген
Жыр оқыды ол маған бедізшінің тілінде.
Перісің бе?
Кімсің сен – көріктім-ау, көріктім
Қарт Бейбарыс сен үшін оралыпты соны ұқтым.
Төбе төсін ыңырантып, аңқам кеуе сүйістім
Мен татпаған жұпар бұл,
Мен татпаған иіс бұл!
Кісінескен ғазалға елтіп барам көне бір
... шүберексіз неге жүр...
Тоба, тоба сирағын кезек-кезек жалайды
Анадайдан Ақ Қасқыр мұңлы көзбен қарайды.
Е-е, дариға!
Дариға!!
Домбыраның шанағы, қыл Қобыздың көнегі
Май тамады қылыштан,
Қан тамғаны жөн еді...

ШӨЛ

Әріби-Әрібибек Дауылға

Құлпы көмбе құдірет-
Кілті менде!
Үшқыр -үшқыр сақалы кірпіден де
Жыраулардың ырымға мұрты менде.
Төбе құмдар сүйсініп қалады екен
Сұңғақ Алтай иығын сілкігенде.
Сенің Алтай қаратты сыртың елге;
Менің Шөлім баратты түркіменде -
Сардар болсақ қайтеді -ей бір түменге!
Қайтушы едік күң ертіп, құл түгендеп.
Еркектікті танытсақ дүркін еңбек
Аңыз қылсын сексен қыз үркіген деп.
Сен қайтарсың сонан соң шіркін, Өрге!
Мен қайтармын жаңбырсыз кір- кір Өңге!
Мен марқайып қарармын шіркін, Өрге!
Сен мүсіркеп қарарсың кір -кір Өңге!
Туған жердің самалы бүркігенде
Сен кетіп қал "Тасбауыр" тұлғаңменен
Мен қалайын Даланың тұрпымен де.

.....
О –оо, шерімді Шөлім ұқ, Жұртым емде?

Келгеніңде Жайықтың тасырымен
Сейхун болып толып ем...
Тасынып ем.
Анамның сәукелесі күтті сені
Әжемнің әжіміндей асылым ең.

Тең жазалы болдық па тең бәлелі
Сағыныштың сіңіпті жанға лебі.
Жабуға бөзорамал кестелеген
Әз жеңгем о, не деген аңғал еді.

Табыстырған Алматы бөлектеді
Қыз ренжулі бұл күнде ер өкпелі.
Осы жырды жазуға беу, қарғам-ау
Екеумізге қосылмау керек пе еді?!

«Уақыт емші» демейме мына халық!
Енді мен де жасайын бір ағалық.
Анам да енді төрткүлдеп ошақ қазып
Әжем де енді жүгірмес құрақ алып.

Көндігерсің сен де енді жылап алып;
Көндігермін мен де енді сыбап алып;
...Бір ескерткіш орнатар мұңлықтарға
Қаз қайтқанда сыңситын мұнара қып.
Алатаудың құлар деп тасы кілең
Жайығым-ай сағанды жасырып ем.
..Айға қолды созғанмен жетпейді екен
Әжемнің әжіміндей асылым ең...
Жайық қызы...



Алматы енді маған ұнамайды...

АСЫЛАН ТІЛЕГЕНОВ
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология, әдебиеттану және
әлем тілдері факультетінің
2-курс студенті

Осы қала...

Бақыттың келгені осы бір айналып,
Көңілдің кезі кеткен көші дара.
Алматы –
екеуімізге ұнайды анық,
Біздерді кездестірген осы қала.

Көздегі мұңымызды жуа салар,
Келбеті келтіретін әнді бұла.
Қаланың көшелері куәсі олар,
Біздегі махаббаттың барлығына.

Шаттықтың шәрбатынан талмай іштік,
Көп көздер қызыға кеп қарайтын-ды.
Балконы жатақтың да сондай ыстық,
Біздерді сырластырған талай түнгі.

Құлырып кететін кез қала кеште,
Сағынтып жыр жаздырад маған әлі.
Сол күнді...
көрген сайын салады еске
Есентай-Ерғалидің жағалауы.

Бұл жүрек сені бекер кінәлайды,
Назыңды ала алмаған тосып ала.
...Алматы енді маған ұнамайды,
Біздерді қоштастырған осы қала...

Алматыдан Оралға...

Орай да борай қар жауса,
Боранда қалар мекенім.
Сабылған сенбей сөзге онша,
Сағына сосын жетемін.

Қоштаса жырлап жат елді,
Алдыға шырқап бар әнді,
Сағынып күткен әкемді,
Сарғая күткен анамды.

Сорлаган көздің жасындай,
Бетінде қалың мұз кепкен.
Ақ Жайық тулар тас ұрмай,
Мұңдана қарсы ап бізді етпен.

Сағына жетсе сүйікті ер,
Сарқытшыл ұлың болармын.
Алатаудайын биіктер,
Аласа тауы Оралдың...

Толқыта тербеп бір күйді,
Асыға күтіп тұр мені.
...Алдыға жүрек жылжиды,
Пойыздан жүрдек ілгері.

Махаббаттың айтылмайды ізгі әні,
Баяғыша ұмытамыз біз бәрін.
Маған ұқсас жігіттерді аяймын,
Саған ұқсас сүйіп қалған қыздарын.

Сені сүйгем әр күні,
Махаббаттың кешкенде күн тағдыры.
Кездесуден басталады екен ғой,
Қоштасудың барлығы...

Шын ғашықтың ерлігі –
Махаббатта бола алмайды енді ұлы.
Бақыт құшып өмір сүру – зор күнә,
Бақытты боп жарытпасыз ендігі.

Ел айтатын сөзге құлақ түріп көр,
Бақыттырақ бұрымды ару, бүлікті ер –
Саған мүлде ұқсамайтын қыздар мен
Маған мүлде ұқсамайтын жігіттер...

Дүниенің айтылатын бұла әні –
Ұнату мен Жек көруден тұрады.

...Бірімізді жек көреміз дәл солай,
Бірімізден іздегесін кінәні.

Сосын Өмір боп шыққасын кінәлі –
Кездесу мен Қоштасудан тұрады.

...Кешегі бал «махаббатын» еске алып,
Бүгін тағы сағынышым жылады.

Сол Өмірдің сөнбегесін шырағы –
Ұмыту мен Сағынудан тұрады,
Махаббаттың өлмегені бұл әлі...



ҚАРАШАДА СҮЙІЛМЕГЕН ЕРІНДІ...

ТЕМІРҒАЛИ ҚАРЛЫҒА
 әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
 журналистика факультетінің
 1-курс студенті.

18 жас немесе Анаға хат

Бала дәурен тұрмайды екен баста көп,
 Аңса, сағын, өлең де жаз... бәрібір.
 Сен өмірден орын тапқан жасқа кеп,
 Ессіз қызың елеске еріп әлі жүр.

Алатауда арман биік. Бағым ба?
 Неге айтпадың, өмір сұм деп ертерек?
 Сен келін боп, ене көрген шағыңда,
 Мен өзіңе жүрмін тағы еркелеп.

Ақ көңілің тағдыр тілеп бір асқақ,
 Мол сеніммен қалып едің, Шырайлым.
 Сен өмірге мені әкеліп, қуансаң,
 Мен өмірге жыр әкеліп мұңайдым.

Көңілімнің күйін шертер шақтер кем,
 Ақылым да аспаған соң кемерден.
 Ана, сенің үмітіңді ақтар ма ем,
 Ақын болмай, Адам болсам егер мен?!

Өмір маған ертегі боп көрінді,
 Кейіпкері тым-тым адал алғашқы.
 Қарашада Сіз сүймеген ерінді,
 Енді ешкімге сүйгізе де алмаспын.

Ай да орнында, Күн де орнында
 ғұмырлы,
 Жұлдыздары Түн сырқатын емдейді.
 Қарашада ұсталмаған бұрымды,
 Енді ешкімге иіскеткім келмейді.

Біз ғасырға көрсетпедік бір үлгі,
 Екеумізсіз Есінде де аздай мұң.
 Қарашада Сізге ашпаған сырымды,
 Өлеңге де жазбаймын.

Кездеспеуге себеп тағы табармын.
 Естеліктер мұңайтпасын Күзімді.
 Үнсіз ғана үздіккен қос жанардың,
 Үміттері үзіді.

ШИЕ ШЫРЫН ІШКЕН КҮН

Шулы кафе.
 Сіз екеуміз оңаша.
 Даңғыр әуен...
 Маңызды емес ол аса.
 Қайтер екем көздеріміз түйісіп,
 Жасырынған іңкәр сырды тонаса.

Қазір сезім жайлы айтсаңыз, не етем...
 Сіз,
 Жайбырақат отырсыз ғой, секемсіз.
 Бірде маған, бірде шие шырынға,
 Қарап қойып не ойлады екенсіз?

Астанада қар жауып тұр Күзді алдап...
 Өзімді алдап...
 Ой ойладым,
 Сезім қанша сызданбақ?
 Иә, айтпақшы, бүгін туған күніңіз,
 Тост айтсам ба Сізге арнап?

Жоқ! Болмайды!
 Сізге бақыт тілер ем,
 Бөлісесіз оны өзге біреумен.
 Шабыт десем...
 Ол онсыз да бар Сізде.
 Е, не деймін?
 Тағы іштей түнерем.

Сөз бастайсыз өлең жайлы, мен жайлы...
 Тағы үнсіздік.
 Бізді айналды ен қайғы.
 Түк таппаған адамдарша отырмыз,
 Терезеден тамашалап енді Айды.

Сосын менің ақ көйлегім сөз болды.
 Сосын өлең оқығаным сөз болды.
 Жас баладай сонша қиналғаныңыз,
 Қызық екен...
 Алдымдағы Сіз емес,
 Жан секілді Сіз өңді.

Кенет... кенет...
 Ғайыптан тыс күшке ендің.
 Күшке ендің де сүйіп алдың... түс пе,
 ей, бұл?
 Мен ұялып, шиедей боп қызардым.
 Солай аяқталып па еді, шие шырын
 ішкен күн?

Есімде жоқ!



МӨЛДІР ҚЫДЫРБАЙ
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология, әдебиеттану және
әлем тілдері факультетінің
3-курс студенті

«Парасат майданын» оқығаннан кейінгі ой

Зымыраған уақыт... Қарбалас тіршілік... Өне – міне дегенше төрт – ақ жылдың тасасына тығылған студенттік шағымыздың бел ортасына да келіп жетіппіз – ау. Сол қызығы мен шыжығы мол студенттік шақтарда алтын уақытымызды құр жібермеу, әр сағаттың әрбір секунтын қадірлеу – біз үшін үлкен жетістік. Сондықтан да сабақ барысында оқуға берілген кітаптарды оқып, ойымызға түю үшін, біз алтын уақытымызды кітапханада өткіземіз. Күндегі әдетімше бүгін де кітапханаға қарай жол тарттым. Бүгінгі қолыма түскен кітап – атақты жазушы Т. Әбдіқовтың «Парасат майданы» атты повесті болды. Бұл – мен оқыған кітаптардың ішіндегі ең әсерлісі. Туындыны оқып шықтым. Оқып таңмын. Өкінішім жоқ. Қуанышым көп...

Повестің басы Роберт Пенн Уореннің мына керемет сөзінен бастау алады екен: «Сен жақсылықты жамандықтан жасауың керек. Өйткені оны жасайтын басқа ештеңе жоқ...»

Иә, керемет айтылған. Басқаға күмән болар, бірақ бұл даусыз нәрсе. Уореннің осы екі ауыз сөзі туындының бүкіл болмысын ашып тұрғандай. Повестің кейіпкерлері - екі жан. Өмірге деген көзқарастары мүлде бөлек жандар. Біреуі – жамандықтан, қатігездіктен, мейірімсіздіктен,

зұлымдықтан жиеркенеді, жақсылық пен жамандықты бір – біріне қарсы қояды. Ал екінші кейіпкер бұған керісінше, қатігездік пен зұлымдықтың, мейірімсіздіктің бастауы ізгі амалдар мен түзу жолдардан басталатынын құптайды. Ол жақсылық пен жамандықты бір - біріне қарсы қоядан аулақ. «Жамандық пен жақсылықты жеке – жеке бұлғақтап, екі жаққа бөліп қоя алмайсың», - дейді. Көшеден кез келген бір адамды ұстап алып, оның жақсы – жаманын айыру мүмкін емес. Өйткені ол біреуге - жақсы болса, біреуге - жаман; жауларына – жексұрын, жарына – аяулы, достарына – сүйкімді. Адамның жақсы көру, жек көру сезімдері де әлгі екі ұғымға тікелей қатысты емес. Яғни адам үнемі жақсыны ұнаттып, жаманды жек көре бермейді. Жақсы мен жаманның достығы немесе жақсының екінші жақсыны жек көруі өмірде аз ба? Сондықтан өмір - ізгілік пен зұлымдықтың, жақсылық пен жамандықтың қақтығысы ғана емес, ізгілік пен ізгіліктің де, жамандық пен жамандықтың да қақтығысы...

Барлап қарасақ, расымен де, көңілге үлкен ой саларлық сөздер. Пендеміз гоі, періште көкте ғана. Біреуді жек көрсек, оны жақсылықтан, ізгіліктен, қайырымдылықтан мүлде жұрдай жан деп білеміз. Жер

бетінде ол адамнан зұлым, ол адамнан қатігез, ол адамнан мейірімсіз ешкім жоқ тәрізді. Ол аузынан от шашқан, бүкіл жұртты жалмаған айдаһар тәрізді елестейді көзімізге. Сол айдаһар бүкіл әлемді тұқыртып, еңсесін көтертпей, көзін аштырмай, күнді көлегейлеп, қанға бөктіріп, дауыл тұрғызып, жер сілкіндіріп, ауру таратып, өзіне керек құрбандығын алып отырғанға ұқсайды. Неге? Өйткені біз бір жақты ғана ойлаймыз. Біздің көзіміз тек бізге жамандық жасаған жанның жаман қасиеттерін ғана анық көре алады. Ал, сол жаман адамның жоғарыда айтылып өткендей: «жарына аяулы, достарына сүйкімді жан екенін» неге ойламаймыз? Неге сол ең жаман деген адамның бір жақсы жағы да болатынын көзімізге ілгіміз келмейді?

Осы тұста екінші кейіпкердің мысал қылып келтірген қытай философиясындағы қайырымды күш «Янь» мен өзіне қарама – қарсы қайырымсыз күш «Инь» - мен алмасу заңын да айта кеткен жөн. Ол былай дейді: «Жер бетіндегі тіршілік ымырашыл екі күштің – «Инь» мен «Яньнің» тепе – теңдігінің тұрақтылығына байланысты. «Инь» белгілі бір уақытта бірте – бірте «Янь» - га айналса, енді бір мезгілде «Янь» өзінің шырқау шегіне жетіп, «Инь» күшіне алма-

сады». Бұл философияны өмірлік фактілерге әкеліп, былай деп топшылайды: «Өзен суы – тіршілік көзі. Бақша өсіріп, жайылым жасап, егістікті суару үшін адамдар тоған жасап, бөгет тұрғызып су жинайды. Игілікке жұмсалатын бұл су – ырыс немесе қайырымды күш – «Янь». Бірақ осы су көктемде өзен қатты тасығанда үйлерді ағызып, тоғандар мен бөгеттерді бұзып, өзінің шырқау шыңынан асып кетіп, апатқа – қайырымсыз күш «Инь»-ге ауысады. Одан кейін бірте – бірте сабасына түсіп, қайтадан адам игілігіне қызмет ететін қайырымды күшке алмасады. Бірақ оның да өмірі ұзақ емес. Келесі көктемде қайырымды «Янь» тағы да қайырымсыз «Инь» - ге ауысады»...

Бұдан туатын қорытынды – біздің жақсы, жаман деп жүргеніміз әр түрлі жағдайда әр түрлі сипатқа ие бола алатын бір - ақ құбылыс. Ендеше, ізгілік пен қиянатты осынша алалап, бір – бірінен бөрудің қажеті болар ма екен? Осыны бір ойланып көрген жөн сияқты.

Туындыны оқи отырып бір байқағаным – біз шын мәнінде өмірге тым атүсті қарайды екенбіз. Атүсті қарайтынымыз сонша, тіпті қасымызда жүрген адамдардың кім екенін де біле бермейміз. Бір топта, бір университетте оқитын, күнде көрісетін адамдарға онша мән бермей жүрген кезімде олардың бір – бірінен айырмашылығы шамалы болып көрінетін. Сөйтсем, олар бір – біріне мүлде ұқсамайтын жандар екен.

Сыртынан қарағанда сөзге сараң, сабырлы көрінетін ақсары жігіт нағыз аузымен орақ оратын қу тілдінің өзі болып шықты. Тобымыздағы қолаң шашты, қой көзді, көптен онша араласа бермейтін қиғаш қас арудың бойындағы талантының зор екендігіне енді ғана көзім жеткендей. Тағы бір мысал: Жақында достарымызбен бір қуанышта бас қостық. Көріспегелі көп айдың жүзі болған асыл до-

стар – бір – бірімізді қатты сағынып қалыппыз. Арада өткен күндер мен айлардан кейін құрбыларымының, достарымының бойынан үлкен өзгерістерді байқадым. Бұл жоғарыда айтылып өткендей, достарымың ашылмай жүрген, мен көрмеген қыр – сырлары емес. Керісінше, өз жүрген ортасына бейімделіп, бұрынғы қалпынан алыстап, мүлде бөлек жанға айналуы. Мысалы, кезінде нағыз тынымсыздың өзі болған, бүкіл бұзақылықтардың басында жүретін жігіт – бүгін сабырлы, нағыз иманды бойына серік еткен жан. Ал, кешегі тәрбиелі, инабатты аруымыз – бүгін аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығатын, темекінің көк түтініне мастанған жиіркенішті адамға айналыпты. Бұл тұста да көретініміз – «Ян» - ның «Инь» - ге, «Инь» - нің «Янь» - га алмасуы. Бұл алмасу өмірде болатын заңды құбылыс. Ол туындыда былай деп түсіндіріледі: « Психика патологиясында тұлғаның екіге жарылуы деген түсінік бар. Яғни бір адам бойында екінші тұлғаның пайда болуы. Мәселен, біреу жақсы отағасы, ұқыпты қызметкер, ал түнгі сағат 12 – ден әрі қауіпті қылмыскер: әйел зорлап, кісі өлтіруі мүмкін ». Мұндай мысалдар аз емес. Яғни, адам ішінде мінезі бөлек, дүниеге деген көзқарасы бөлек екінші тұлғаның пайда болуы - бұл адам психикасындағы патология.

Повестегі екінші кейіпкер - адам бойындағы осы екінші тұлға жағымсыз, мейірімсіз болса да, жиіркенбеу керек дейді. «Дәрігерге аурудан жиіркенуге болмайтыны секілді, өзін ізгілік жағындамын дейтіндер рухани жиіркенішін көрсетуге тиісті емес», - дейді.

Алайда, «Күнәһармен емес, күнәнің өзімен күресу керек», - деп әулие М.Ганди айтпақшы, күнәдан жиіркенбейтіндер, күнәмен ешқашан да күреспейді... жиіркеніш сезіміңді жұртқа сездіру, сездірмеу – этика мәселесі, бірақ оның дәрігердің де, дәрігер еместің де бойында бар екені да-

усыз. Ар мен ұяттың тазалығы барда, дүниедегі лас нәрселерден жиіркенбеу мүмкін емес... Бұл – «Жиіркеніш сезіміне берілмеңіз!» деген екінші кейіпкерге бірінші кейіпкердің берген жауабы.

Адами өмірдің заңын адам жасайды. Ол заңның іске асуы өзіміздің құлқымызға байланысты. Рас, табиғаттың ірге тасында біздің қасиетті сезімдерімізді қорлайтын қатал заңдар көп. Бірақ, табиғаттың ол заңдарымен өмір сүретіндей, оны өзімізге тіршілік шарты етіп алатындай, біз хайуан емеспіз ғой. Айталық, тәңірі үшін, махаббат үшін, ұлы мақсат – мұрат үшін өзін өзі құрбандыққа шалу немесе өмірдің рахат – қызығынан өз еркімен бас тарту, қасіретпен тазару, тағы сол сияқты әулие қасиеттер табиғат заңында (дәлірек айтсақ, хайуанат заңында) бар ма? Жоқ. Әулиелікке адамнан басқа жан иесі түспейді. Олай болса, хайуандар әлемінің заңдарын табиғат заңдары деп желеу етіп, өз күнәмызды ақтау үшін санамызды сарсаңға салып, не бір қисынды қиыннан қиыстырып, Құдай берген қабілетімізді босқа сарыққанша, кісілік парасатқа лайықты шарттармен өмір сүргеніміз дұрыс емес пе? Ал оған шамамыз жетпесе, мейлі жетпесін, бірақ алған бетімізден неге қайтамыз? Алған беттен қайттық екен, онда бойымыздағы парасат сезімдері желге ұшып, оның орнына хайуани сезімдер бас көтереді. Өзіміздің хайуан сезімімізді сезген сәтте – ақ бүкіл адами міндеттерді жеңілдетіп, күнә мен қылмыстарымызды ақтап, өзімізді емес, ар мен ұяттың қағидаларын «жөндеуге» кірісеміз. Бұрыстың бәрін дұрыс қылып, заңдастыру әрекетін бастаймыз. Яғни, кісі өлтірсек те, «бұл табиғатта бар нәрсе, солай болған, болып келеді, бола бермек».

Осыдан кейін, бостандық. Не істеймін десең де өз еркін. Күнаға бат, арыңды сат, жарыңды сат, алда – арба...

Өйткені адам мақсатты түрде күнәһар болып жаратылған. Табиғат заңы осындай. Қандай рахат! Бостандыққа шыққан бас кесердей ойыңа не келсе, соны істейсің. Жоқ, бұлай болмайды, бұл ойдың жетегімен кете берсек, біздің кім болғанымыз? Екінші кейіпкер айтқандай, «өмір деген ұлы ойынның ережесі баяғыда жасалған». Сондықтан да, ұлы ойынның ережесін төменгі дәрежелі ойыншылардың жиі бұзатынын естен шығармағанымыз дұрыс.

Бірінші кейіпкер бейтаныс құрбысының бойынан террористік қасиетті байқайтынын айтады. Ол былай дейді: «Менің бейтаныс құрбым адам баласының гасырлар бойы ақыл – парасаты мен жігерін жұмсап тұрғызған рухани ғимаратын тас – талқан етіп жарғысы келеді де тұрады. Егер ол пиғыл орындалса, адамзаттың сан мың жылдық еңбегінің зая кеткені. Бұдан кейін қаласаң да, қаламасаң да хайуанаттар әлеміне қайтып баруға тура келеді». Расымен де, рухани терроризмге қарсы күрес те керек сияқты бір жағынан. Екі пікірмен де келісуге болатын сияқты. Өйткені екеуінің айттып отырғандарының барлығы да шындық, барлығы да біздің бойымыздан табылатын қасиеттер. Бұл қоғамда сәл – пәл арамдық араласқан адалдық, сәл – пәл әділетсіздік араласқан әділдік, сәл – пәл алаяқтау махаббаттар толып жатыр. Сондықтан да, ешбір

нәрсе тек қана жақсылықтардан құралмайды, оны құрауға арамдық пен әділетсіздіктер де ат салысады. Бұл бірінші кейіпкер айтқандай не бар, не жоқ қасиеттер емес, бұлар екеуі де қоса қабат жүретін қасиеттер. Осыдан келіп адамның ар – ұятына байланысты ұғымдарға да туындайды. Жамандық атаулымен күресуші кейіпкер былай дейді: «Ұрлық жасау барлық елдің ұғымында масқара болып есептеледі. Бірақ, ұрлықтан дәм татып дәнiккен адамға ол ешқандай да масқара емес. Ерінің көзіне шөп салып үйренген әйелге зинақорлық ұят емес, қолға түсу ғана ұят. Күнәһарлық ғимаратына бір кірген соң, саған тиым салатын ешқандай ереже жоқ. Яғни, белгілі бір табалдырықтан аттағаннан кейін, саған әлдебір хайуани бостандық келеді. Ар табалдырығынан аттағаннан кейін – ақ жамандыққа бой үйренеді. Табалдырықтың ар жағында тұрған адамға ештеңе де ұят емес. Ештеңеден де қысылмайды. Өйткені, басқатерриторияда тұр». Бұдан шығатын қорытынды, табалдырықтан аттау – аттамағаннан жүз есе жеңіл. Аттау үшін үлкен күш жұмсаудың қажеті жоқ. Ішкі жеңілтек сезімдеріңе ерік берсең болғаны. Ал аттамау үшін үлкен қайрат керек. Маскүнемнің арақты, нашақордың есірткіні қою үшін жұмсайтын жігеріндей жігер керек. Ондай жігерің болмаса, «табалдырықтан ат-

тай салғанда тұрған ештеңе жоқ», - деп өзіңді – өзің алдап, жұбатқаннан басқаға шамаң келмейді.

Жалпы, осы мәселенің әлеуметтік астары тым тереңде болуы мүмкін. Өзінің табиғатына, мінез - құлқына жат әрекет жасап, қателескен адам «мені шайтан түртті» немесе «шайтан азғырды», «қара басты» деп өкінер еді, ал бұл шын мәнінде адам бойындағы екінші қосарлас тұлғаның билікті сенен уақытша тартып алуы. Қосарлас тұлғаның қолындағы осы билікті қайтадан өзіңе қайтару, оның билікті тартып алуына жол бермеу – әр адамның өзіне байланысты. Таразының екі басындағы «Янь» мен «Инь» - нің қақтығысында «Янь» -нің басым түсуі аса маңызды. Сондықтан да, «өмір» атты ұлы ойыннан тек әлсіз ойыншылар ғана жеңіліс табатынын естен шығармалық достар!

«ӘЛІ КҮНГЕ «МАХАББАТ ЛИРИГІ» АТАНЫП ЖҮРУГЕ ҰЯЛАР ЕДІМ»



Батырболат АЙТБОЛАТУЛЫ
Ақын, әдебиетші, филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

– Батырболат аға, сіздің бір өлеңіңіз «Ауыл мені «ақын бала» деп кетті» деп басталады. Сұхбатымызды балалық шағыңыздан бастасақ. Ауыл сізді қалай «ақын бала» деп кетіп еді?

– Біздің балалық шағымыз «тоқырау жылдары» деп аталған кезеңмен тұстас келді ғой. Бұл – кейін берілген баға. Ал ол жылдары өмір сүрген жұрт тоқырауды бастан кешіп жатырмыз-ау деп ойлаған жоқ. Бірақ, сол уақытта халықтың сауаттылығы жоғары болғанын ескерсек, қоғам дамуында кінәрат көп екенін аңғарған іштей наразы жандар аз болмағанын болжауға болады. Қадыр ағамыз отыншы жылдардағы зұлмат туралы айта келіп, «Біле білгенге сол кездің ауасымен тыныстаудың өзі оңай емес екен» дегені бар еді, сол айтқандай, бәлкім балалық шағымыз өткен кезең бізге білінбей ойымыз бен бойымызда өз таңбасын қалдырған болар...

Бір артықшылығы – біздің бала кезіміз жұрт жаппай кітап оқыған кез болды. Қойшының жапандағы жалғыз үйіне сол кезгі «Социалистік Қазақстаннан» бастап «Қазақ әдебиеті», «Білім және еңбек» сияқты салалық интеллектуалдық газет-журналдарға дейін үзілмей келіп жататын. Әсіресе, қырға автодүкеннің келуі біз үшін үлкен қуаныш болғаны әлі есімде, қандай жаңа кітап келер екен деп тағат таппай күтіп жүретінбіз. Өзім «Абай жолы», «Өмір мектебі», «Махаббат, қызық мол жылдар», «Ұлан», басқа да көбі кірпіштей-кірпіштей мелжемді романдарды төртінші сыныптағы кезімде оқып тастағанымды қазір сәл таңырқай еске алам. Ал екі әжеме, үлкендерге кітап оқып беру – мектепті екі үйдің арасында жүріп оқыған, екі үйге тел өскен мен үшін үлкен ләззатты іс болатын. «Батырлар жырынан» үзінділерді түйдек-түйдегімен жатқа соғатынбыз. Өлең-жырға ерте әуес болуым сондай кітапқұмарлықтың әсері шығар. Бірақ кейін нағыз поэзияны ден қойып оқығанда «ешкімді оқымай-ақ ақын болу» ақымақтық екенін аңғарып, жазу ата-

улыны біразға дейін мүлде қойғаным бар. Ауылдастарды тезіс мойындадтым деп өтірік айтпайын, тас жарғандай талабымды көріп кейбір үлкендердің қолпақтап айтып жүргені ғой «ақын бала» деп...

– Жаңағы өлеңіңіздің екінші жолы: «...Алматы астым бітірген соң мектепті» деп жалғасады. Алматы сізді қалай қарсы алды?

– Қазақ үшін Алматы – әдебиет пен өнердің алтын қазық мекені екені өтірік емес. Бальзактың «Ақындар провинцияда туып, Парижде өледі» деген әйгілі сөзі бір кезде қазақи қайырыммен Алматыға қатыстырылып айтылатын. Ол негізсіз емес еді. Елге танылғысы келген адам алдымен Алматыны мойындатуы шарт сияқты кездер болды бір кезде шынында. Алдымыздағы талай аға-апалардай біз де кітаптан оқу, ауыздан есту арқылы ойқиялымызда қалыптасқан арман қала – Алматыға барып оқуды мақсат еттік. Ақыры, қайта-қайта «құлағанымызға» қарамай, «жығылған күреске тоймайды» демекші, қоймай жүріп атақты ҚазГУ-дің студенті болдық. Арғы жағы белгілі ғой, бас қаладағы шат-шадыман студенттік шақтың қызығына күмі бердік.

Бірақ, біз оқуға түскен соң бір жыл өтпей Кеңес Одағының күлі көкке ұшты да, қияметтей қиын күндер басталды. Сол қожырау кездеріндегі, тәуелсіздіктің бастапқы жылдарындағы заңды қиындықтардан бізді тек жастықтың жігер-жалыны, өмірге шексіз құштарлығы алып өтті деуге болады. Ешкімге керексіз болып қалған әдебиет пен өлеңге деген махаббатымыз, риясыз адалдығымыз бізді жасып, жүнжіп кетуден құтқарып қалған сияқты. Кейін байыптасақ, көшеден кетіп бара жатқан көлденең кісіні тоқтатып алып, өлең оқып беріп жүрген албырт та аңғырт сол кездер біздің нағыз ақын кездеріміз екен. Мен Алматыда ақын ретінде танылдым, жастық шағым өтті, сондықтан Алматының орны бөлек біз үшін.

– 2008 жылы Темірхан Медетбек ағамыз тәуелсіздіктің бас кезінде келіп қосылған бір буын ақындарға «алтынкөпірліктер» деп ат қойып, мақала жазған болатын. Сол мақалада сіз жайында: «Өзінің ішкі әлемінде болып жатқан сан сапырылыстар мен сан қапылыстарды, беріш боп қатқан мұңы мен шемен боп жатқан

шерін ақтарып сөйлей алатын Батырболат бәрібір ең алдымен лирик. Лирик болғанда да, төгіліп тұрған лирик. Махаббат лиригі», - деген болатын. Темірхан ағаның осы пікіріне қазіргі кезде қаншалықты «адал» болып жүрсіз?

– Жаныма лириканың жақын екені рас, болашақта өлеңді жазармын-жазбасын – болмысымда лирик болып қала беретін болармын. Ал махаббат лирикасы дегенде, әр нәрсенің өз уақыты бар. Мысалы, мені бір кезде керемет танымал еткен «Мен гашық қыз» деген әйгілі өлеңім туғанда жиырмадан жаңа асқан шағым еді. Нақты айтқанда жиырма екіге енді шыққанмын, максималист кезіміз ғой, ол сол жасымызға жарасып тұрды. Ал қазір, Мұқағали ағамыз айтқандай, «Енді маған қырықтың қылығын бер, ақылын бер, арын, ая, Құдай» дейтін жасқа жетіп қалыпты. Дулат Исабековтың «Қарғының» кейіпкері Жасынның «Шампанды сондай жек көрем, кәрі ақынның махаббат жайлы лирикасы сияқты жүрегіңді қыжылдатады» деген жолдары менің есімде қалып қойды. Кәрі болмасақ та, әлі күнгі «махаббат лиригі» атанып жүруге мен, шыны керек, ұялар едім. Талант пен талап болса, тақырып деген тапшылық көретін нәрсе деп ойламаймын.

Осы арада ойыма түсіп отырған бір нәрсе – кешегі кеңестік кезеңде ер мен әйел заты арасындағы махаббат сезімі біздің қоғамда шамадан тыс идеализацияланған сияқты көрінеді маған. Ата сақалы аузына жеткенше аһ ұрып, қыз-қырқын туралы үздіккен жыр жазатын әбес үрдіс бізге сол кезеңде сіңген салтсымақ-ау деп ойлаймын. Шүкір, қазір ар-ұят пен әдеп-ибаны ту еткен иманды, діни әдебиетке жол ашық. Бұл да тәуелсіздік алып келген жақсылық. Әрине, дін тақырыбына қалам тартып жүргендердің оны игеруі, өре-деңгейі бөлек әңгіменің еншісі болуға лайық.

– Астанадағы әдеби орта қалай? Сіз үшін Алматыдан алыстау – өлеңнен алыстауға айналып кетпеді ме?

– Сөзіңнің астарын түсініп отырмын. Шынында да Астанаға келгелі өндіріп жаздым деп айта алмаймын. Бірақ бұл бас қалаға қоныс аударуыма байланысты емес. Жалпы, өзім бұрыннан сирек жазатын «сорттанмын». Өлеңнен алыстауыма Алматыдан алыстауым себеп болды десем, Астанама обал болар. Жұмысбастылықпен өзім араласа алмай жүргенім болмаса, елордада жап-жақсы әдеби орта қалыптасты дей алам. Ал қаламы жүрмей, өлең келмей қоятын кездер кез келген ақынның басында болып тұратын болса керек. Менікі тым ұзаққа созылып кеткенін өзім де байқаймын. Кейінгі жылдары жылына бір өлең жазсам, қуанатын болдым. Ақындық мені тастап кеткен шығар, өзімнің кінәм болар деп те ойлап қоям... «Өлең жазу қиын да, қызық та емес, жас отыздан асқан соң» деп Есенғали ағам айтпақшы, соны қатты қайғы еткім де келмейді бір жағы. Кезінде өлеңсіз өмірімді елестете алмаушы едім, сірә, сондай кезде ғана адам нағыз ақын болатын болса керек. Осы күні маған поэзия жастыққа тән

жанр сияқты көрінеді бәрібір. Балкім, есейіп, баяғы алып-ұшына сезімдер байырқа тауып, байсал тартқан шығармыз. Келісемін, менің өлеңдерімнің негізгі тіні махаббат лирикасы екенін айтқандар көп. Бірақ лирика тек жалғыз махаббатпен шектеледі деп кім айтты?! Демек, гәп басқада болса керек. Алдағыны өмір көрсетер.

– Ақын, әдебиет сыншысы Әмірхан Балқыбектің «Қасқыр құдай болған кез» кітабында Пушкиннің «Я помню чудное мгновенье» деп басталатын өлеңін сіздің аудармаңызда сәтті шыққаны айтылыпты. Аудармаға қалай келдіңіз? Соңғы кезде аударма саласының кенжелеп қалғаны жиі айтылып жүр...

– Шынымды айтсам, ол менің алғашқы және бүгінге дейінгі жалғыз аудармам әзірге. Сондықтан мен аудармамен шұғылдандым деп те айта алмаймын. Ол студенттік шақта бір қайталап оқығанымда Пушкиннің әйгілі өлеңінің ғаламат әсерінен біразға дейін айыға алмай жүрген кезде жасалып қалған дүние еді. Айналырған бірер сағатта көкейде тербеліп жүріп-жүріп, туа қалды. Суыған соң қайта оралып, өлеңнің өзімен салғастырып, шұқшия тексеріп, қырнай-жондым. Әрине, аударманың аты аударма, басыбүтін тек сенің меншігің болмағасын тізгініңді қалағаныңша босатып жібере алмайсың. Түпнұсқадан алыстап кетпеу үшін бәрібір шеңберге сыюға тура келеді. Дегенмен, көкейдегі көркем әсерімді мүмкіндігінше қазақы етіп беруге, соған байланысты еркінірек аударуға тырыстым. Тым шығандап ауытқып кетпеу жағын да ескердім. Нәтижесі жаман болмаған сияқты. Әркімдерден бұған дейін де жылы пікірлер естігем. Әмірхан жақсы баға берген болса, шынында жаман шықпаған болар онда...

Бір қызығы, «Я помню чудное мгновеньенің» сиқырына арбалған қазақ ақындары аз емес, мен оның көпшілігін кейіннен білдім. Өзімнің білуімше, маған дейін Ғали Орманов, Қуандық Шаңғытбаев, Жарасқан Әбдірашұлы, Байбота Серікбаев, Абзал Бөкеновтер аударыпты. Қысқасы, мені қосқанда ең кемі 7 ақын қазақшалапты. Бұл – тек менің білетінім ғана. Ақын атаулының шабыт үрлеген орыстың ұлы шайырының жауһар туындысының шын кереметтігі шығар ол да.

Ал, жалпы, аударма саласының қазіргі ахуалы туралы өзім қадағалап, зерттеп жүрмегендіктен кесіп-пішіп пәлендей ештеңе айта алмаймын. Бір білетінім, Кеңес Юсупов ағамыздың басшылығымен «Әлем әдебиеті» атты журнал шығып жатқанына 6-7 жылдан асты-ау деймін. «Аударма» баспасы тағы бар. Сондықтан кейбір объективті себептерге байланысты соншалық гүрілдеп кете қоймаса да, аударма қазір ықыласты қолға алынған сыңайлы қайта. Тек соған қамқорлық жағы әлі де жетісіңкіремей жатқан болар-ау...

– Сіздерден кейін әдебиетке тағы бір буын келіп үлгерді. Жас ақындарды оқисыз ба? Қазіргі қазақ әдебиетінің халі жайында айтыңызшы...

– Жас ақындарды жібермей қадағалап жүрем деп айта

алмаймын, дегенмен оқып тұрам. Шынымда айтайын, бірден баурап алатын, жүрек қылын қозғайтын нағыз өлеңді сирек кездестірем. Сірескен жасандылық, арзан нәрсені әлдеқандай етіп, алып-ұшқан балаңқылық, әдемі мұңнан гөрі езіліңкі жылаңқылық басым жастарда. Менің ешкімді оқымай тұрып ақын болғым келген төртінші сыныптағы күлкілі әрекетім сияқты көбінің деңгейі қарын аштырады. Көпшілігіне ортақол мақалаға лайық жайттарды өлеңге өзек ету, күңгірттік, әлдебір түсініксіз абстракция тән. Енді жалпылама кемшіліктер қашанда, қай буында да кездесетін болса керек. Ал бес қаруы бойында, өз стиль-үндері қалыптасып қалған дарынды ақын інілер мен қарындастар қатарында Ерлан Жүніс, Құралай Омар, Бауыржан Қарағызұлы, Ұларбек Дәлейұлы сияқты біраз жастарды атай алам. Сонымен қатар, Рахат Әбдірахманов, Қалқаман Сарин, Мирас Асан, Олжас Қасым, Бауыржан Әліқожа деген жігіттердің жап-жақсы, жылы лирикасы бар, тек барды місе тұтып тоқмейілси ме, әрнәрсенің басын бір ұстай ма екен, ізденістері аз, ешкіммен шатастырмайтын өзіндік қолтаңба-стильдері жоққа тән біразында. Оңайға үйірсек. Өлеңнің тұтас идея-сарынына жиендік жасау, бір-бірін қайталау ұшырасады. Бауыржан Берікұлы деген тәуір сынышын ініміз Алмас Темірбай мен Асылзат Арыстанбектің сондай бір-бірінен айырғысыз өлеңі туралы арнайы жазды да. Өзіне ұнағанды сол қалпы аты-жөні жоқ меншіктеп ала салу кездесіп қалатыны рас. Мысалы, менің «Аздап Абайша» деген өлеңімдегі «Кеуде тұстағы кесек ет» деген тіркес Олжастың бірнеше рет жарияланған бір өлеңінде сол қалпы жүр. Бұл енді сөз арасында айтып жатқаным.

Сосын жұрт көп мақтаған Ақберен Елгезек пен Азамат Тасқараның шынында да мықты ақын болуы мүмкін, бірақ әйтеуір «менің ақыным емес». Бәрі дұрыс сияқты, бірақ өлең оқығандай емес, интеллектуалдық кроссворд шешкендей болам. Жасанды, жансыз, жалынсыз, жалықтырады. Оларға қарағанда, Динара Мәлікова деген қарындасымыз ақынырақ сияқты мен үшін. Тақырыбында шаруам шамалы. Бірақ сезім шынайылығы мен батылдығы, баршаға таныс жайтты тосын әрі біршама шебер айта білетін қабілеті бар. Қолтаңбасы әлі толық қалыптаспаса да, шынышылдығы баурайды. Бірақ сентиментализммен ғана өнер деңгейіне жеткен өлең тудыру әрдайым мүмкін бола бермейтінін ескерсе деймін ол да. Меніңше, жаны ақын, шынайылыққа жақын қыз-жігіттерге Ерлан, Ақберен, Азаматтардың көп оқып-ізденетіні, табандылығы, белсенділігінен үйренуі керек бәрібір.

– Сонда кейінгі буынға сіздің көңіліңіз толыққырамайды ғой?

– Бәріне емес, бірақ көбісіне. Шынымды айтсам, бәрібір Есенғали, Тыныштықбек, Гүлнәр сияқты өзіміздің алдымыздағы аты затына айналған мықты ақындарды қайталап оқығандай рухани ләззат ала алмаймын жастардан. Мен әсіресе жаным ерекше жақын Есен-ағамның өлеңінен «кайф» алам. Өзіммен

қатарлас шыққандардың ішінен бүгінде қолтығы сөгіліп, бабында жүрген Дәурен Берікқажыұлына разы болам және қызығам.

Әрине, бейтаныс есімді жолықтырып, жаңа дүниеден ләззат алғанға не жетсін, бірақ ондай айтарлықтай әсерлі дүние көп ұшыраса бермейді. Сондықтан шимай-шатпағын өзім оқып қалатын көп жазарманның аты-жөні есімде қалмайды. Озып шықты дегендерінің деңгейі Есенғалидың олы-солпы нашарлау эпигоны, Тыныштықбектің бір сәт тыныс алған төбесінің маңы сияқты көріне береді. «Мәссағанның» бетінде бір-бірін жатып келіп мақтайтын белгілі бір топ бар. Пікірлеріне қарап отырсаң, кейде күлкің келеді. Поэзияны қайдам, әйтеуір орынды-орынсыз құр көбік мақтаудың алаңы сол ара. Әдеби сын өз миссиясын уақтылы орындап жатпаған соң бос қуыс жаңағыдай арзан мақтанға толғаны үшін жастарды кінәлауға да болмас. Дегенмен, «Байғұсты бәрекелді өлтіреді» демекші, жастарды ол өсіреді дей алмаймын, сын түзелмей мін түзелмейді ғой. Кейде мен өзімнің тым қатал талабым мен кінәз талғамым үшін қысылатыным бар. Сондықтан пікір айта бермеймін. Өзгені жоғарыдан сынап-мінейтін керемет деңгейге жеткен классикіні дегенім емес, адам бойынан асып секіре алмайды, өзімнің де жаза алмай кеткенім талғамым тұсағаннан шығар деп ойлаймын. Сосын бәлкім кейде жақсы дүниелерді көрмей қалатын шығармын ол үшін гафу өтінем. Бірақ, жалпы әдебиетімізде әлдебір тоқырау бар деуге болады...

– Қазір сізді басқа қандай мәселелер мазалап жүр?

– Түкке тұрмайтын татымсыз, өңезе дүниелер мен шын шедеврге берілуі тиіс нақтылы бағаның абстракцияға айналып кеткені қынжылтады. Соның кесірінен қазіргі оқырманның талғамы мен танымы дүбәраланып, қисық қалыптасып жатқандай көрінеді. Қазақтың тілін меңгермей-ақ қазақ жазушысы атану қалыпты жағдай болып кетті ғой қазір. Атын атап, түсін түстегенмен пайда жоқ, ондайлар соншалық өлермен және ешкімнің сөзіне пысқырайтын деп жүрген жоқ. Сырым бабамызды «күнде жеңетін» бәдіктер әдебиетке билік айтар жағдайға жетіп қалды. Осы түңілмеді мені кейде.

Сосын тұтқалы орындардың денін тек аты-жөні қазақ, ой-санасы орыстанған қаратаяқтар жайлап алғаны және олардың қазақ мүддесін арсыздықпен ашық та, арамзалықпен астыртын да аяқтан шалып, ұлтқа қарсы әрекет жасайтыны қатты қапаландырады. Бірақ тек бір Құдайға сенем, қазағымның «мың өліп, мың тірілген» рухы мықтылығына үміт артам. Әйтпесе, алаңдайтын, мазаңды алатын мәселе аз емес қой. Түптеп келгенде, тәуелсіздігіміз тұрлаулы бола ма, жоқ па – соны уайым етем. Біз, қазақ, даму жағынан халық ретінде көп нәрседі әлі де кенжелік, осалдық танытып отырғанымыз, мойындау керек, шындық. Құдай салмасын, қолымен төсін тоқпақтағанда бос-қуыс кеудеміз қаңғыр-күңгір ететін орынды-орынсыз мақтанқұмарлығымыз қалмайды. «Мықтымыз»

деп айғайлауға құмармыз, ал бірақ сол «мықты» халықты неге шет елдерде ешкім білмейтініне ой жүгірткіміз келмейді. Жастар қазақтың шынында мықты екенін мойындатса деп армандаймын. Біз секілденіп, абайша, «қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп опынып отырмаса деймін. Соның бір себебі, байыптап қарасақ, таланттар көп те, кәсіпқойлар аз екенінде жатыр-ау деп ойлаймын бірауық...

Өзім жаманды-жақсылы әдебиетші болғасын осы саланы ғана айтайын. Мысалы, қазақ әдебиетінде ақырына дейін өзін «сығып алып жұмыс істеген», өмірлік мұратына басыбүтін арнаған, басқаға селт етіп алаңдамаған, саясатта, басқада таласым бар-ау деп рәсуа болмаған марқұм кешегі Қадыр Мырза Әли, көзі тірі Мұхтар Мағауин, Әбдіжәмил Нұрпейісов сияқты санаулы кәсіпқой адамдарды айтуға болады. Ал «таланттылар» тым көп-ақ. Анау да, мынау

да, мен де, сен де – бәріміз «таланттымыз», айналып келгенде – нәтиже мардымсыз. Толстой ақсақал айтты дейтін, «Мен етікші болсам да, жаман етікші болмас едім» дегендей айқын мақсат, нақты нәтижелі іс керек-ақ әркімге. Қырыққа келсем де, кейде әлі өз орнымды таппағандай сезінетін маған да сол жетіспейді.

Әрине, айтуға бәрі оңай, әртүрлі объективті-субъективті жағдайлар бар, бірақ саналы қазақтың әрқайсысы шамасы келгенше өз саласында майталман маман болуға тырмысса, дүниеде діңгегі мықты елдің біріне айналар едік-ау деп қиялдаймын жаман ақылыммен. Ең болмаса төрт баламды өзім сондай етіп өсіріп-тәрбиелеп кете алсам, өмірде бір оңды іс тындырдым деп айтар едім деймін.

– Дегеніңізге жетіңіз, аға, әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан: Шерхан ТАЛАП



БАҒАШАР ТҮРСЫНБАЙҰЛЫ
 әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
 Филология, әдебиеттану және әлем тілдері
 факультетінің түлегі, “Жас қазақ” газетінің тілшісі

Сатира



Есепшімді көрсеңіз...

Жалақымды алғанда, құдай салмасын, жалпақ жұртқа жария етіп, өзім жұмыс істейтін газетімді мақтап жүремін. Енді ше? Еліміздің бас экономикалық газетінде жұмыс істеу анау-мынауыңызға бұйырмаған бақ. Осы ретте, өзімнің де осал емес екенімді теріскен шыққыр тіліме тиек ете кетпесем болмас. Алда-жалда, құдай сақтасын, жұмыс ауыстырып жатсам, өзіме жасаған аз-маз жарнамам ғой. Жоқ, жарнамасы жоқ екен деп қалмаңыз. Біздің ауыздан шыққан бір-екі ағам бар еді. Ар жағы енді белгілі ғой... аха!

Қолыма қалам алған соң, әйтеуір жұрт жазбай кетті демесін деп, үйімнің айналасындағы оқиғалардың бәрін тізіп, жиырма шақты әңгіме жазып қойғанмын. Тіпті, біреуі үшін, мүйізімен аспанды тіреп тұрғандай орнынан әрең қозғалатын жазушы ағаларым қатысқан додада топ жарып, жүлдегер атандым. Әй, өзім де осал емеспін. Соным жақында ғана баппадан жуан кітап болып шықты. Енді, өткен-кеткенді еске түсіріп, тағы бір кітап жазып тастап, Мемлекеттік сыйлық алуым керек. Оған шамам жетеді. Қазақ прозасына әкелген жаңалығымды да жазушы қауым түгел мойындап қойды. Мен мақтап жүрген газет қай газет деп сұрап отырсыз ба? Қане, өзіңіз тауып көріңізші қай газет екенін? Біз – екі газет, бір журнал «Қыл қалам» деген бірлестікке қараймыз. Жалақымыз, құдайға шүкір деп сөйлейін, қазіргі нарық заманында алғы қатардағы соммаға жатады. Елу мың! Тіпті, бухгалтерияға барып, жалақы қағазыңды тексерсең, жүз мыңнан асып шығып жатады. Өзіміз елу мың аламыз. Қалған елу мыңын елу елдің қатарына қосылып алайық деп сұрамаймыз. Газетте елу адам істейміз. Жалақымыз да уақытында түсіп тұрады. Уақыты да өзімізге белгілі. Бізде бәрі елумен байланысты болғаннан кейін, басқа жұрттар отыз күнде айлықтарын шайлық етіп отырғанда, біз елу күн дегенде аламыз. Онда да, әрине, есепшілеріміздің қолы тисе. Олар – ұжымымызға өте сыйлы адамдар. Жұмыстары өте көп және ауыр болғаннан кейін жиі мазалағымыз келмейді. Кейде, екі айдың жалақысын алмай, үшінші айда бастығымызды жіберіп, сұратып аламыз. Бұл қорыққандығымыздан емес, сыйлағанымыздан. «Үлкен» адамдарға үлкен адамдар кіру керек емес пе?! Біздің мекемеде ақша аз. Бірақ соны көптей ғып, берекелі етіп ұстап отырған осы есепшілеріміз. Сондықтан көп мазаламаймыз. Басқалар неге қайта-қайта сұмдап, есеп-қисап бөліміне кіре береді. Таңқаламын! Олардың мазасын алады ғой. Жоқ, оларды ерігіп отыр дей ме екен. Қап, ашуымды келтіріп отырғандарын қарашы! Біз әуелі қаламақымызды сұрауға ұяламыз. Жазда демалыс алып, демалысымыздың ақшасын сұраймын деп ұятқа қалдым. Енді, есепшілерді ашуландырмай-ақ елге қарызға онсыз да баттым ғой, тағы қарыз алып жүре беру керек еді, мазалап қойдым, соныма әлі күнге дейін ұяламын. Көрген кезімде, қайта-қайта кешірім сұраймын. Менікі әбестік болды. Алдында қаламақымызды сұрап, тағы жер шұқыдым. Оны алғаным көп болмаған. Осыдан екі жыл бұрын ғана алғам. Жалақымызды алып жатып, сұрап қалып едім, аса мәртебелі бас есепшім, қабағын да шытпай:

– Осыған да рахмет айтпайсың ба? – деді. Қара жер ашылмады. Мен бірақ, ұяттан нарттай жандым. Орнымнан тұрып, далаға шығып кеттім. Сол жалақыма әлі рахмет айта алмай жүрмін. Сіз көрсеңіз, мен үшін айта салыңызшы. Рахмет!